

378

0-78
к

АРХИВТІК
ҚОР

ОСПАНОВ Е.Т.



Оқу құралы

**АКАДЕМИЯЛЫҚ
ЖАЗЫЛЫМ**

578,095.81



ОСПАНОВ Еділбай Төлеубайұлы

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ

*(Жоғары оқу орындарының студенттеріне
арнаған оқу құралы)*



Алматы, 2018

УДК 378
ББК 74.58
О 78

*«Нархоз» университеті АҚ Ғылыми Кеңесі 29 мамыр 2018 ж.
№10 хаттамасымен оқу құралын басылымға ұсынады.*

Пікір жазғандар:

Оразбаева Ф.Ш – ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, п.ғ.д.,
Алғаш атындағы ҚазҰПУ профессоры;

Алибекова Г.Ж. – Тұран университеті Халықаралық
кошбасшылық институтының директоры, PhD;

Ноғайбаева Ж.Ә. – «Нархоз» университеті Лингвистикалық орталығының доценті, п.ғ.к.

О 78 Оспанов Е.Т.

Академиялық жазылым / (Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы): Алматы, 2018, 120 бет.

ISBN 978-601-329-074-4

Оқу құралының мақсаты – академиялық мәтіндердің білім мазмұнын нақтылай отырып, олардың ерекшеліктерін, құрамын талдап көрсету; нысаналы ғылым саласына сәйкес мәтіннің құрылымын игерту және қолданылатын зерттеу әдістерін айқындау; академиялық бағытта жазылатын мәтіндердің түрлерін ажырата білу арқылы мән-мағынасы айқын, ақпарат-мәліметі түсінікті, тілі жатық, өз бетінше әзірленетін шығармашылық жұмыс жазуға үйрету.

Оқу құралында берілген он төрт тармақтан тұратын ғылыми еңбектің құрылым үлгісі студент пен оқырманға аса қажет баптарды қамтиды. Бұл құрылым ғылыми мәтіннің жүйелі әрі түсінікті болуына ықпал етеді.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-329-074-4

© Оспанов Е.Т., 2018

© «Экономика» баспасы, ЖШС, 2018

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
Академиялық жазылым және оның ерекшелігі	8
Академиялық оқылым әрекеті	16
Тақырып таңдау	24
Ақпарат іздеу	31
Жазылым үдерісі	36
Сыни ойлау	47
Плагиаттық және одан сақтану жолдары	53
Зерттеу әдісі	61
Гипотеза және оны құру	72
Мәліметтерге талдау жасау	76
Кіріспені жазу	82
Параграф және оның құрылымы	87
Негізгі бөлімді жазу	92
Қорытынды бөлімді жазу	99
Түйіндеме және оны жазудың жолдары	102
Қосымшалар	110

**МӘДЕНИЕТТАНЫМ НЕГІЗІ -
АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ**
(Алғысөз орнына)

**Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатын кітап.
Ахмет Байтұрсынұлы**

Ұлы Дала Елінің қазіргі білім беру жүйесінде алда тұрған басты мақсат – ұлттық рухани тамырымызды бойына сіңірген, әлемдік өркениеттің озық үлгілерін меңгерген, дүниедегі бәсекелестікке қабілетті білімді, білікті, сауатты интеллектуал тұлға тәрбиелеу.

Әлемдік бәсекелестікте өз ойын еркін, сауатты, түсінікті жеткізе білу кез келген адамның сөйлеу дағдысы мен жазылым әрекетінің дұрыс бағытта дамуына байланысты.

Жазылым – дара тұлғаның танымдық көрсеткіші, адамның дүниені, қоршаған ортаны, жинаған білімі мен білігін ой – санасынан өткізіп, жазу арқылы бейнелеуі. Жазылым үдерісі жазудың жүйесі мен жазбаша коммуникацияның ұғынықты үлгісімен жүзеге асатын күрделі процесс. Ол – ұлт мәдениетінің, елдің өркениет өрісінің көрінісі әрі сапасы.

Әр елдің жазу мәдениеті, ақпараттық байланысы, жалпы коммуникативтік актының көрінісі берілген мәтіннің мақсатынан, оның мазмұндық жүйесінен, ішкі құрылымынан, жазылым процесі барысында автордың қолданған әдіс-тәсілдерінен көрінеді. Ғылыми мәлімет беруге бағытталған, нақты дерекке сүйенген, тұжырымы дәйектелген академиялық мәтін мазмұны оны оқыған адамға түсінікті бола келіп, оқырманға жаңа ой туғызуы қажет. Ол үшін жазылым мәтнінде айтылған ой жүйелі, пайдаланылған сөз мағыналы, сөйлем құрылысы дұрыс болуы шарт. Сондықтан академиялық жазылымның түрлерін жетік меңгеру үшін оны іске асырудың басты талаптары мен белгілерін, ерекшеліктерін білу арнайы білімді қажет етеді.

Оспанов Еділбай Төлеубайұлының жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Академиялық жазылым» оқу құралы осы бағыттағы жұмыстардың мазмұны мен құрылымын, талаптары мен ұстанымдарын, тиімді амал-тәсілдерін ғылыми – практикалық жағынан зерттеп – зерделейді. Еңбек жоғары оқу орындарының

студенттеріне академиялық бағытта жазылатын жұмыс түрлерін меңгертуге арналған.

Оқу құралының мақсаты - академиялық мәтіндердің білім мазмұнын нақтылай отырып, олардың ерекшеліктерін, құрамын талдап көрсету; нысаналы ғылым саласына сәйкес мәтіннің құрылымын игерту және қолданылатын зерттеу әдістерін айқындау; академиялық бағытта жазылатын мәтіндердің түрлерін ажырата білу арқылы мән-мағынасы айқын, ақпарат-мәліметі түсінікті, тілі жатық, өз бетінше әзірленетін шығармашылық жұмыс жазуға үйрету.

Филология ғылымдарының кандидаты Еділбай Оспанов жоғары оқу орындарында «Академиялық жазылым» пәнін оқыта жүріп, ғылыми жұмысты жазуға қажет талаптарды жан-жақты баяндайды. Көп жылғы ізденіс пен жинақталған тәжірибені тиімді пайдаланған тілші-ғалым мәтіндегі айтылар ой мен стиль түрлерінің оқырманға түсінікті болуына ерекше мән береді. Ғалым өз ойын жалпы көпшілік қауымға ұғынықты, нақты, шағын сөйлемдер арқылы дәлелді, дәйекті жеткізе отырып, теориялық және практикалық материалдарды қамтыған академиялық модельдің үлгісін көрсетеді. Автор шығармашылық-академиялық жазылымның құрылымдық заңдылықтарын айта келіп, ғылыми мәтіннің жазылу үлгілерін қатар ұсынады. Автор көрсеткен модельді оқып-түсінген кез келген студент академиялық жазылым процесін тәжірибе жүзінде жете меңгеруге бағыт-бағдар алады.

Еңбектің авторы Еділбай Оспанов белгілі бір тақырыпты ашуға арналған, ғылыми мәлімет беруге бағытталған академиялық жазылымның түрлері мен ерекшеліктерін баяндай келіп, оқу құралында мынадай мәселелерді талдап сипаттайды: «Академиялық оқылым әрекеті», «Тақырып таңдау», «Ақпарат іздеу», «Жазылым үдерісі», «Сыни ойлау», «Плагиаттық»; «Зерттеу әдісі»; «Гипотеза және оны құру»; «Мәліметтерге талдау жасау»; «Кіріспені жазу»; «Параграф және оның құрылымы»; «Негізгі бөлімді жазу»; «Қорытынды бөлімді жазу»; «Түйіндеме және оны жазудың жолдары».

Оқу құралында академиялық жазылымның түрлері мен ерекшеліктері күрделі, формалды, нақты, объективті, шектеулі, жауапкершілікті деп жіктеле келіп, олардың әрқайсысына түсініктеме берілген. Со-

нымен қатар олардың әрқайсысына мысалдар келтіріліп, жұмыстың жазылу стилі баяндалған.

Оспанов Еділбай академиялық жұмыстың талаптарына айырықша мән бере келіп, ғылыми мәтін мына ерекшеліктерді қамтуы қажет дейді: ғылыми жұмыс объективті түрде болуы тиіс; ғылыми стильде жазылуы керек; мәтіннің жүйелі құрылымынан тұратындығын ескеру қажет; ғылыми жұмыс жазу барысында сілтемелерді жиі және дұрыс қолдану шарт.

Автор осы мәселелердің арасында ғылыми стильге арнайы тоқталып, ғылыми стильдің түрлерін, ерекшеліктерін жан-жақты талдау арқылы жоғары оқу орындарының студенттерін дәйекті пікір айтуға баулиды. Сөйтіп, олардың өзіндік дербес көзқарастарын қалыптастырады.

Еліміздегі интеллектуал дара тұлға тәрбиелеу бағытында ғылымды көркейте отырып, сөз байлығын, тіл мәдениетін сақтаудың маңызы күннен-күнге арта түсуде. Ғылым тілі мен ана тілінің әлеуметтік қызметі жөнінде айтылған академик Рәбиға Сыздықтың мына пікірін әрқашан жадымызда ұстау арқылы біз академиялық мәтіннің мәнін терең ұғамыз: «Бүгінгі таңдағы ана тіліміз үшін күрес екі майданда жүргізілуі керек, бірі - қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясын кеңейту, оны, әсіресе, кеңсе іс-қағаздарының да, ғылымның да, заң-сот істерінің де тіліне айналдыру болса, екіншісі – одан кем түспейтін, тіл мәдениетін көтеру, тілімізді тек дұрыс қана емес, әсерлі, әдемі етіп жұмсау үшін күрес болуға тиіс».

Оқу құралында берілген он төрт тармақтан тұратын ғылыми еңбектің құрылым үлгісі студент пен оқырманға аса қажет баптарды қамтиды. Бұл құрылым ғылыми мәтіннің жүйелі әрі түсінікті болуына ықпал етеді.

Кітапта ұсынылған академиялық жазылымның негізгі белгілері мен ұстанымдары ізденушілердің жазу дағдысын жетілдіреді, білімін жинақтайды, ең өзекті мәселені сараптап тануға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған параграфтардың барлығы тақырыпқа сай нақты проблемаларды қамти отырып, академиялық жазылым процесін жетік меңгеруге жетелейді. Тармақшалар соңында берілген тақырыпқа қатысты сұрақтар, өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар, қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер ғылыми жұмыстың нәтижелерін белгілейді, студенттің мәдени - танымын кеңейтіп, бекітеді.

Академиялық жазылым дара тұлғаның білімді, білікті болып қалыптасуына, өзіндік пікір-көзқарасын жазбаша сауатты жеткізе білуіне игі ықпал ете келіп, оқылым, айтылым, тілдесім әрекеттерімен де тығыз байланысты. Студент жинақтаған, жазған ғылыми білімін екінші адамға және топқа т. б. түсінікті жеткізу арқылы өзінің білігі мен танымын байқатады, ойлау өрісін кеңейтеді. Ол үшін студентке оқылым үдерісінің басты белгілерін, қажет тұстарын білу міндет.

Осы тұрғыдан келгенде, оқу құралы академиялық оқылым әрекетінің ерекшеліктері мен түрлерін; мазмұндық, тақырыптық, ақпараттық мәліметтерді игерудің жолдарын жан-жақты қамтиды. Бұл тұжырымдар студентті сыни тұрғыдан ойлай білуге, оқыған материалды талдап, анализ жасауға үйретеді.

Автор академиялық мәтіннің ішкі мазмұнымен қатар оның құрылымын айқындап: кіріспе, негізгі бөлім, параграфтар, қорытынды, түйіндеме сияқты тармақшаларды нақты сипаттап көрсетеді. Мұндай құрылымдық бағыт ізденушіге жұмысты жүйелі орындауға көмектеседі.

Оқу құралы академиялық мәтінді дайындауға, жазуға, игеруге қатысты ғылыми –практикалық мәселелерді толық қамти келіп, қазіргі білім беру жүйесінде сауаттылықты арттыруға, жоғары оқу орындары студенттерінің жазу мәдениеті мен білімін кеңейтуге игі ықпал етеді.

Оспанов Еділбай Төлеубайұлының жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Академиялық жазылым» атты еңбегі аса қажет оқу құралы ретінде бүгінгі оқу процесіндегі олқылықты толтыруға әсер етері сөзсіз. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында осы пәннің толыққанды жүргізілуін қамтамасыз еткен жөн.

Оразбаева Фаузия Шамсиқызы
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кез келген оқырман қалауына қарай түрлі жанрдағы мәтіндерді оқиды. Ал, мәтіндердің түрлерін шартты түрде академиялық және академиялық емес деп екіге бөлуге болады. Бірінші түріне рефераттар, баяндамалар, ғылыми мақалалар, оқулықтар, ғылыми пікірлер, авторефераттар, диссертациялар, ғылыми жобалар және т.б. жатқызуға болады. Осы бағытта жазылған жұмыстардың өз мақсатына және зерттеу әдісіне қарай құрылымдары мен жазылу жүйесі әр түрлі болады.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын әрбір пәннің ғылыми бағытына қарай өзіндік зерттеу әдісі мен тілдік ерекшеліктері бар. Мәселен, физика немесе химия саласы бойынша жазылатын ғылыми мәтіндер тақырыптарына байланысты термин сөздер мен күрделі формулаларды қолдану арқылы түрлі тәжірибелік сынақтарды түсіндіру немесе талдау бағытында жазылады, ал әлеуметтік сала бағытында жазылатын жұмыстар түрлі әлеуметтік саяси құбылыстарды түсіндіру бағытында жүргізіледі. Мұндай мәтіндер көбінесе осы саланың арнайы мамандарына ғана түсінікті болуы мүмкін. Дегенмен, ғылыми бағытта жазылатын жұмыстың барлығының бір ғана мақсаты бар. Ол зерттеу жұмысымен және оның нәтижесімен басқа адамдарды таныстыру, сол себепті академиялық мәтін түсінікті тілде, жүйелі құрылымда жазылуы қажет. Мәселен, экономикалық бағытта жазылатын оқу құралын алатын болсақ, оның негізгі мақсаты оқу үдерісіндегі жаңа терминдер мен ғылыми жайттарды мысалдар арқылы оқырмандарға түсіндіру. Сондықтан, академиялық мәтін ғылыми мәтінің негізгі талаптарын сақтай отырып, оқырманға түсінікті тілді таңдайды.

Академиялық мәтін белгілі бір тақырыпты түсіндіруге бағытталған күрделі құрылымда жазылады. Академиялық бағытта жазылатын жұмыс ғылыми мәлімет беруге бағытталады. Сол себепті, академиялық бағытта жазба жұмысын жазу барысында ақпарат түсінікті және мағыналы болуы үшін белгілі бір құрылымды сақтаған жөн. Әдетте, академиялық бағытта жазылған мәтіннің

мынадай негізгі ерекшеліктері болады: *күрделі, формалды, нақты, объективті, шектеулі және жауапкершілікті*. Бірақ, мәтіннің жазылуының басты талабы - анық және түсінікті тілмен жазылуы.

Күрделі. Жазба тілі ауызекі тілге карағанда біршама күрделі. Жазба тілінде күрделі сөйлемдер мен сөз тіркестері және лексикалық мағынасы терең сөздер кеңінен қолданылады.

Формалды. Академиялық жазылым барысында әр түрлі қысқарған сөздер мен диалект, жаргон және т.б. сияқты ауызекі сөйлеу барысында кездесетін сөздерді қолдануға болмайды.

Нақты. Академиялық жазылымда ақпаратты қолдану барысында нақты мәлімет беруге тырысыңыз. Мысалы, «көптеген адамдар» деген мәліметті қолданбай, оның орнына «50 мың адам» деп нақты санын көрсету қажет.

Объективті. Академиялық бағытта жазылатын жұмыс субъективті пікір ұстанбауы тиіс. Яғни, біржақты немесе қандайда бір ұстанымды насихаттауға бағытталмауы тиіс. Жұмыстың мақсаты тек ғылыми негіздерге ғана сүйену арқылы тұжырым жасау болып табылады. Сонымен қатар, академиялық мәтінді оқу барысында оқырманды автордың не жасағаны емес, жұмыс бойынша не жасалғаны қызықтырады. Сол себепті, *«менің ойымша»* немесе *«мен сенемін»* деген сөздер мен сөз тіркестері қолданылмағаны абзал. Сонымен қатар, жазба жұмысында мынадай сөздерді қолданбау қажет: *«Мен», «Менің», «Менікі»*. Оқырман әдетте сілтеме жасалмаған ойды автордың пікірі ретінде қабылдап, бағалайды. Бірақ, оны мәтінде ерекшелеп көрсетудің қажеті жоқ. Мысалы: *«Менің ойымша, бұл жақсы жазылған зерттеу жұмысы»* деп көрсету қажет емес. Оның орнына, *«Жақсы жазылған зерттеу жұмысы»* деп жазған дұрыс. Оқырманға *«Сіз»* немесе *«сен»* деген сілтеу есімдіктерін қолданбаған дұрыс. Мысалы: *«Сіз 1990 жылдардың басында ҚР экономикасының қиын кезеңді бастан кешіргенін білесіз»* дегеннің орнына *«1990 жылдарының басында ҚР экономикасы қиын кезеңді бастан кешірді»* деп қолданған жөн.

Шектеулі. Академиялық мәтін тақырыпқа байланысты мәселені ғана қамтуы тиіс. Тақырыптан ауытқу немесе зерттеу сұрағынан тыс ақпараттарды беру немесе жазу оқырман қы-

зығушылығының жоғалуы мен жұмыс сапасының төмендеуіне алып келеді. Сондықтан, ЖОО-дарында жазба жұмысы ретінде тапсырма берілгенде жұмыс тақырыбы мен қамтылатын зерттеу нысанына қарай оқытушы тарапынан көлемі белгіленіп беріледі. Белгіленген көлем студент үшін тақырып жөніндегі оның толық мәлімет беріп, артық ақпарат жазбауына мүмкіндік береді.

Жауапкершілік. Автор қашанда өз жұмысы үшін жауапты. Яғни, мәтіндегі түрлі қателіктер мен келтірілген тұжырымдар үшін студенттің өзі ғана жауап бере алады. Сонымен қатар, мәтінді жазу барысында плагиаттық жасамау қажет. Біреудің пікіріне немесе сөзіне сілтеме жасамай қолданғаны үшін жауапкершілікке тартылатынын естен шығармау керек.

Сонымен, академиялық жазылымның ерекшелігі:

- **Объективті түрде жазылады;**
- **Ғылыми стильде жазылады;**
- **Жүйелі құрылыммен жазылады;**
- **Сілтемелерді жиі қолданады.**

Академиялық мәтін ешқашан субъективті болмауы тиіс. Мысалы: *«Менің ойымша, академиялық жазылымның басқа жазылымдарға қарағанда үлкен төрт айырмашылығын көре аламын»* деген сөйлемді объективті түрде былай беруге болады: *«Жалпы алғанда, академиялық жазылымның басқа жазылымдардан төрт түрлі ерекше айырмашылығын байқауға болады».*

Жалпы студенттер өздерінің субъективті ой-пікірін дәріс барысында, оқылым арқылы қандайда бір ойды тұжырымдауда, практикалық сабақтардағы талқылауда қолдануға болады және оны білдірудің маңызы зор.

Академиялық жазылым барысындағы сөйлесімнің құрылымы да ерекше болады. Бұл бағыттағы жазылым ғылыми стильге тән ерекшеліктерді басшылыққа алады. Ал, әдеби жанрда және публицистикалық бағытта, тіпті қарапайым хатта кез келген формадағы сөйлем түрін қолдануға болады. Мәселен, *Түн. Айнала тастай қараңғы.* Мұдай сөйлемдер оқырманға эмоциялық тұрғыдан әсер беріп, көркемдік қызмет атқарады. Ал, академиялық бағыттағы сөйлемдер толық грамматикалық құрылымда беріліп, нақты ақла-

рат беруді көздейді. Сондықтан, академиялық құрылыммен жазылатын сөлемдердің негізгі мақсаты берілетін ақпаратты түсінікті дәлелді етіп анық жеткізу. Бұл ғылыми стильге тән ерекшелік болып табылады.

Академиялық жазылым және ғылыми стиль

Академиялық жазылым – арнайы мамандықтарға байланысты студенттердің оқуға міндетті немесе таңдап алған пәндері бойынша белгілі бір тақырып төңірегінде түсініктер мен пікірталастар баяндалған әдебиеттерді оқып, оған талдау жасауы және оларды қолдану арқылы жазбаша түрде өз пікірін білдіруі. Бұл жазба жұмысы студенттерді өз бетінше зерттеу жұмысын жүргізуге, жобалық жазба жұмыстарын жазуға машықтандырады.

Тілдік қарым-қатынас өзара байланыс жасау мақсатында құрылатыны белгілі. Осы орайда қарым-қатынасқа түсуші өз мақсаты мен міндетіне қарай байланыс құралының стилін таңдайды. Тіл білімінде стильдің бес түрі (ауызекі, публицистикалық, әдеби, ғылыми, ресми іс-қағаздар) бар. Осы стильдердің ішіндегі академиялық жазылымға тән стиль - ғылыми стиль болып табылады. Түрлі салаларға байланысты жазылған ғылыми еңбектердің барлығы ғылыми тілмен жазылады. Негізінен ғылыми стильге қойылатын басты талаптың бірі логикалық жүйелі ой түрінде жазылуы тиіс, бұл ғылыми стильдің ерекшелігі. Сонымен қатар, ғылыми стильдің өзіне тән түрлері де болады, олар:

- 1) *таза ғылыми стиль;*
- 2) *ғылыми-оқулық стилі;*
- 3) *ғылыми көпшілік стиль.*

Академиялық бағыттағы жазба жұмысының тілі көпшілікке, мәселен белгілі бір ғылыми сала жөнінде терең білмейтін қарапайым оқырманға түсінікті болуы тиіс. Яғни, студенттің эссесі экономикалық бағытта жазылғанымен, оны арнайы экономикалық мамандығы жоқ оқырман еркін түсіне алуы тиіс. Сонымен, академиялық жазылым ғылыми көпшілік стилінде жазылады. Ал, таза ғылыми стиль немесе ғылыми-оқулық стилі нақты бір ғылым саласына бағыттатып, тек қана осы саланың маманына ғана түсінікті тілде жазылуы мүмкін.

Ғылыми стильдің жүйесі, ондағы сөйлем құрылымы, баяндама сипаты әдетте, күрделі болып беріледі. Мұндағы негізгі ерекшелік анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде.

Академиялық жазылымның мақсаты ғылыми тұрғыда жазылым әрекетіне дағдаландыру, демек ғылыми мақала, зерттеу жұмыстарын және тағы басқа ғылыми бағытта жазылатын еңбектерді жазуға үйретеді. Сонымен ғалыми стиль, *біріншіден, жазба стилінің бір түрі, екіншіден, логикалық оймен жазылуы тиіс, үшіншіден терминдер қолданылады.*

Ғылыми стильдің басқа стильдерге карағанда өзіндік ерекшелігі бар. Оның өзге стильдерден ерекшелейтін қасиеттері: **нақтылық; объективтілік; қисындылық.**

Ғылыми бағытта жазылған жұмыста зат немесе құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелденуі талап етіледі. Ғылыми стиль бағытанда жұмыс жазу басқа стильдерге карағанда қалыптасқан құрылымды талап етеді. Шартты түрде академиялық бағытта ғылыми тұрғыда жазылған жұмыстардың құрылым үлгісі мандай болып келеді:

- Титул бет
- Мазмұн бет
- Кестелер тізімі (міндетті емес)
- Алғыс (міндетті емес)
- Түйіндеме
- Кіріспе
- Әдебиеттерге шолу
- Зерттеу әдісі
- Нәтижелер/талдау
- Қорытынды
- Ұсыныстар(міндетті емес)
- Алдағы зерттеулер
- Қолданылған әдебиеттер
- Қосымшалар

Дегенмен, академиялық жазылым мәтінін жазуда мыналарды ескерген жөн:

- Нақты түрде арнайы бекітілген мәтін құрылымы жоқ;

- Кез келген автор өзіне қолайлы жазылым құрылымын таңдай алады;

- Кез келген салаға байланысты терминдерді орынды қолдана білу қажет.

Бұл аталған ерекшеліктермен қоса жауапкершілік ұстанымын қашанда естен шығармау керек. Академиялық жазылымда автор мәтінде қолданылған өзге авторлардың пікірлеріне сілтеме жасауға жауапты, бұл ғылыми бағытта жазылатын жұмыстарға тән негізгі талаптарының бірі. Ғылыми жұмыста автор өз тұжырымына мысалдар келтіруге, дәлелдемелер беруге, пікір білдіруге міндетті. Оны сілтеме беру талаптарын сақтай отырып, парафраз және қорытынды жасау арқылы қолдануға болады.

Қорытындылай келгенде, академиялық жазылым пәнінің негізгі мақсаты - жалпы академиялық жазылым талаптарына сәйкес студенттердің ғылыми стиль бағытындағы жазылым деңгейін көтеру. Осы мақсатта студенттер үшін академиялық жазылым төмендегідей дағдыларды қалыптастырады:

- 1) Ақпаратты беруде лексикалық бірліктердің орынды қолданылуы;

- 2) Мәтін жүйесінің логикалық мәнде болуы;

- 3) Тақырыптың тұтастығы;

- 4) Ғылыми стиль талаптарын сақтауы.

Ал, академиялық жазылымның негізгі талаптары:

- Зерттеу тақырыбының болуы;

- Зерттеу сұрағының болуы;

- Плагиат ережесін сақтауы;

- Ғылыми мәліметтерді қолдануы;

- Кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімдерінің болуы;

- Түйіндеменің болуы (шағын эсселерге бұл міндетті емес).

Бұл талаптар мен құрылымдар бағытында жұмыс жазу «Академиялық жазылым» пәнінің негізгі талабының бірі болып табылады. Академиялық мәтінді оқу арқылы студенттер тілді, ондағы тілдік бірліктерді қолданудың жолдарын меңгереді, зерттеу жұмысын жүргізудің кейбір қағидаларымен танысады, мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін, нәтижелерді баяндау жолдарын, ғылыми еңбектерді оқу мен оларға конспект жасау ережелерін

(тұтас мәтінді көшіру орынына қажетті ақпаратты жазып алу) қолдана білуге дағдыланады. Сонымен қатар, пәнді оқу арқылы өзін-өзі басқару (мақалаларды оқу мен жазу үшін өз уақытын тиімді пайдалану мен жоспарлау), жазба жұмысының жоспарын алдын ала жаза білу, соңғы мәтін нұсқасын тексеру мен түзету сияқты дағдыларды қалыптастыруға болады.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. «Ғылым» дегенімізді қалай түсінесіздер?
2. «Зерттеу» дегеніміз не?
3. «Академиялық мәтін» дегеніміз қандай мәтін?
4. Өз мамандығыңыз бойынша жазылған қандай ғылыми еңбектерді білесіздер?

5. «Жазылым» деген сөзді қалай түсінесіздер?

6. «Оқылым» дегенімізді қалай түсінесіздер?

7. Тілдік қатынас дегенімізді қалай түсінесіздер?

8. Тілдік қатынастың қандай түрлері бар?

9. «Академиялық жазылым» пәнінің мақсаты қандай?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Академиялық жазылымда қолданылатын және қолданбайтын амалдарды табыңыз:

Амалдар	Қолданылады/ қолданылмайды
Өзіңіз білмейтін қиын, әрі күрделі сөздер	
Қолдана алмайтын күрделі грамматикалық құрылымдар	
Өзіңіз түсіндіріп бере алмайтын мәселе жөніндегі нақты пікір	
Жазылып отырған жұмыс тақырыбына сай терминдер	
Диалект сөздер	

2. Академиялық жазылымның ерекшелігін табыңыз:

Ерекшеліктер	Дұрыс/бұрыс
Объективті түрде жазылады	
Ғылыми стильде жазылады	
Жүйелі құрылыммен жазылмайды	
Сілтемелер мүлдем қолданылмайды	

3. «Менің ойымша, зерттегім кеп» сөздері қай стильде қолданылуы мүмкін?

- 1) көркем әдебиет
- 2) ауызекі сөйлер стилі
- 3) стилі публицистикалық стиль
- 4) ресми іс-қағаздар стилі
- 5) ғылыми стиль

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Оразбаева Фаузия Шамсиевна. *Тіл әлемі [Текст]: мақалалар, зерттеулер.* - Алматы: Ан-Арыс, [278 б] 2009.- 368 б. Электрондық дереккөзі:

2. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе.* 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.

3. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks.* Michigan ELT, 2012

4. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition.* Routledge, 2015.

5. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов.* - М.: Юрайт, 2015. - 295с.

6. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study.* Garnet, 2012

7. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students.* Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.

8. Sword H. *Stylish academic writing.* Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012

9. Jordan R. *Academic writing course.* Harlow: Longman, 2010.

10. Johnson A. *Academic Writing.* Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ОҚЫЛЫМ ӨРЕКЕТІ

Кез келген оқырманның өз оқу стилі болады. Барлық әріп таңитын адам күнделікті қажетіне байланысты түрлі материалдарды оқуына тура келеді және олардың өзіне тән қалыптастырып алған оқу стилі бар. Қарапайым оқылым стиліне әрбір сөзіне мұқият қаралып, оны басынан аяғына дейін түсінуге тырысып оқитын көркем шығарманы оқу стилін жатқызуға болады. Мәселен, егер студенттің қолына «Аңыз адам» журналы түсетін болса, ол журналдың бетін парақтап өзін қызықтырған мақаланы ғана оқып шығуы мүмкін. Ал, оның қолында телефон номерлерінің тізімі жазылған анықтамалық болса, ол өзіне керекті адамның есімін ғана іздеуі мүмкін. Міне осылайша, оқырманның мақсатына байланысты оқылым үдерісі түрліше орын алады.

Негізінен білім алу үшін мектеп және ЖОО қабырғасындағы оқылым әрекеті тапсырма талабына сәйкес, жоғарыда аталған оқылым түрлеріне ұқсайды. Дегенмен, мектеп қабырғасында білім алу мен ЖОО қабырғасындағы оқудың өзіндік ерекшеліктері өте көп. ЖОО-дарындағы оқылым мен мектептегі оқылымның айырмашылығын былайша салыстырып көрсетуге болады:

Мектептегі оқылым	Университет қабырғасындағы оқылым
Оқылатын мәліметтер мұғалім тарапынан беріліп, қадағаланады.	Оқитын материалды студенттің өзі таңдауы қажет.
Барлық оқушылар бірдей материалдар оқиды.	Студенттің оқитын материалдары таңдаған тақырыптарына байланысты болады, сондықтан олардың қолданатын әдебиеттері әр түрлі болады.
Оқушы мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, одан түсінгенін мазмұндап беруі тиіс.	Студент мәтіндегі ақпаратты түсініп, ақпараттың қаншалықты маңыздылығын айқындауы қажет, сонымен қатар өзге де пікірлермен салыстырып, байланыстыруы қажет.

Академиялық тұрғыда жазба жұмысына қатысты материалдарды қолдану және оларды іздестіру мен табылған материалдарды дұрыс қолдана білуге байланысты. Мысал ретінде мұны

қарапайым тұрғын үй салумен салыстыруға болады. Мәселен, үй салу үшін құрылыс материалдарын іздестіреміз, ал үйдің сапалы соғылуы осы табылған материалдарға тікелей байланысты. Сонымен қатар, оларды орынды қолдана біліп, кірпіштерін дұрыс қалай білсек, үй сәнді болып тұрғызылады. Міне, академиялық бағыттағы жазба жұмысы да осы сияқты.

Академиялық бағытта оқылым әрекетін жүзеге асыру үшін мынадай қарапайым сатыларды орындаған абзал:

1. Жазба жұмысының тақырыбын толық түсіну;
2. Материалдардың тақырыпқа дұрыс сәйкес келетінін анықтау;
3. Материалды оқып, түсіну;
4. Мәтіндегі автордың айтақ ойын түсіну, осы тақырыпқа байланысты өзге авторлардың ойын білу;
5. Жазба жұмысында автордың пікірін қалай қолданаты жайында ойлану;
6. Оқыған мәтіннен түсінгенді қолдану және жазба жұмысының тақырыбына жауап беру үшін өз пікірін беру;
7. Оқырманды жазба жұмысында оқыған материалдардан алынған мәліметтерді дәлел ретінде қолдана отырып, зерттеу сұрағының жауабына сендіру.

Қазіргі уақытта оқитын материалдардың түрлері ғана емес, олардың көлемі де өте көп. Сондықтан уақытты тиімді пайдалану үшін әрібір студент оқылым әрекетінің тиімділігін арттыруы қажет. Академиялық бағыттағы мәтінді тиімді оқу үшін мәтіннің мақсатын, жазылу стратегиясын және мазмұнын өзара тығыз байланыста қарастыру керек. Әдетте, мәтін түрлері мынадай болып келеді:

- оқулық;
- газет мақаласы;
- журнал мақаласы;
- баяндама;
- онлайн құжат;
- кесте, сурет, сызбалар.

Мәтін құрылымы оның жанрына тікелей байланысты. Бір жанрдағы материалдардың құрылымы ұқсас болады. Мәтіннің



жанрын білу қажетті ақпаратты тез оқып, материалды жылдам табуға көмектеседі. Студент ең алдымен университетте оқитын материалдардың түрлерін және оларда болатын ақпараттарды тез анықтап алудың жолын меңгеруі қажет.

Уақытты үнемдеу мен тиімділікті арттыру үшін кез келген студент өзінің оқылым стратегиясын қалыптастыруы шарт. Оқылым стратегиясын арттыратын амалдарға мыналарды жатқызуға болады:

- *Оқу жылдамдығы;*
- *Негізгі сөздер мен тіркестерге шолу жасау;*
- *Параграфтарға шолу жасау.*

Студент өзіне ыңғайлы стратегияны таңдаумен қатар, жақсы оқылым әдісін меңгергені де дұрыс. Әдетте, олар мынадай оқылым әдістерін қолдануына тура келеді:

Зерттеу - Мәтінді оқымас бұрын тақырыбын, тақырыпшаларын, мәтіндегі сурет, сызба, кесте астындағы сөздерді, мәтіннің кіріспесі мен қорытындысын және оның түйіндемесін мұқият оқып, зерттеп алу керек.

Сұрақ қою - Тақырыпты сауалға айналдыруға тырысу керек. Егер оқулық болса, бөлім соңындағы сұрақтарды оқыған дұрыс. «*Мен бұл тақырып туралы осы кезге дейін не білемін?*» және «*Бұл тақырып туралы дәрісте не айтылды?*» деген сұрақтарды үнемі өз-өзінен сұрап отыру керек.

Оқу – Оқылым әрекетін бастаған кезде асты сызылған, қарамен жазылған немесе курсивпен жазылған сөздерге мән беру қажет. Себебі, автор негізгі ойлары мен қажетті ақпараттарды ерекшелеп беруге тырысады. Мәтіннің қиын бөліктерін ақырын оқыған жөн (тек үнемі ақырын оқу дұрыс емес). Түсініксіз сөздерді түсіну үшін түсіндірме сөздіктерді қолдануға болады, тек ӘР БІР СӨЗДІ тексеру қажет емес. Жалпы мағынасын контексте арқылы түсінуге тырысқан жөн. Басты мақсат зерттеу сауалының жауабын іздеу екенін ұмытпау керек.

Дауыстап оқу - Әрбір бөлімнен соң ДАУЫСТАП қазір ғана не оқығаныңызды өз-өзіңізден дауыстап сұрау керек. Әрбір бөлімге бір сөйлеммен қорытынды жазуға тырысу қажет. Қажетті деген сөздердің астын сызып және оларға түртпе жасаған (немесе

басқа қағазға толық сілтемесін көсете отырып жазып алу) жақсы көмектеседі.

Қайталау - Оқығынды қайталау үшін мынадай амалдарды орындау қажет. Бірінші, мақаланы немесе бөлімді толық оқып болған соң қысқаша қорытынды жазу керек. Бұл қорытындыны мәтінмен бірге сақтап, мақаланы оқуды ешқашан ауызша және жазбаша қысқаша түсінгенін қайталамайынша аяқтамау керек. Емтиханға дайындалу барысында, оқулықтарды қайта оқып шығуға тура келеді.

Мәтін параграфтардан тұратыны белгілі, ал параграф белгілі бір ойды баяндау үшін құрылады. Мұндағы ойды жылдам, әрі тез түсіну үшін параграф арқылы оқу амалын қолдануға болады және оларға негізгі сөздерді оқу, бірінші бөлімін толық оқып шығу, әрбір бөлімдегі негізгі пікірлерді табу, әрбір параграфтың бірінші сөйлемін оқу сияқты тәсілдер жатады.

Қорығындалай келе, оқылым әрекетін тиімді жүзеге асыру үшін мына кеңестерді есте сақтау қажет:

- Мәтінді жылдам және түсініп оқу жанрына байланысты екенін ұмытпау;
- Оқылым стратегиясын жетілдіру;
- Әрбір сөзді басынан бастап қайталап оқудың тиімсіз екенін ескеру;
- Тақырыпты оқып, ол туралы осыған дейін білетін ақпараттар туралы ойлану;
- Алдымен мәтінге көз жүгіртпін шығу;
- Кіріспесі мен қорытындысын оқып шығу.

Академиялық материалдар

Барлық кітаптар мен мақалалар жақсы жазылған ба? Олар қаншалықты сенімді? Бұл сұрақтардың жауабын студенттің өзі ғана білуі тиіс. Яғни, ЖОО қабырғасында оқып жүрген студент өзі оқитын материалдың сенімділігін тексеруге өзі ғана жауапты. Студент оқыған материалының сенімділігіне шүбә келтімес үшін мынадай жайттарды білгені жөн:

- Студент мәтінді кімнің жазғанын білуі қажет және оның авторы осы тақырып бойынша білетін адам болуы тиіс. Авторы белгісіз материалдардың сапасы төмен және оларда дұрыс емес ақпараттар берілуі мүмкін;

- Материал ескі емес пе? Кейде ескі мәтіндерді оқуға тура келеді, дегенмен жаңа мәліметтер сенімдірек болады;

- Біржақты пікірді ұстанудан сақтану. Біржақты пікірлер негізінен БАҚ жиі кездеседі;

- Материалдың негізгі дереккөзін табуға тырысу. Материалдар өзге авторлардың сілтемелерінен табылса, ол материалдардың дәлелді екеніне сенімді болу үшін осы материалдың дереккөзін тауып, қолдану қажет.

Академиялық тұрғыда сенімді жазылған материалдарды қалай анықтауға болады? Кейбір материалдар академиялық тұрғыдан сенімді мәліметтерді қолданбайды. Көптеген жазба жұмысында сенімді және академиялық бағыттағы мәтіндерді қолдануға тура келеді. Бұл дегеніміз материалдар басылмас бұрын баспа тарапынан осы тақырып бойынша білімді, тәжірибелі мамандарға тексертілген кітаптар немесе мақалалар. Мәселен, кітап басылмас бұрын осы саланың білікті маманынан пікір алады, ал ғылыми журналдарға жарияланатын мақалалар арнайы редакциялық алқадан тексеруден өтеді. Мұндай әдебиеттер академиялық тұрғыдан сенімді материалдар болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген кітаптар немесе журналдар онлайн түрінде де кездеседі. Олардың басылған және электрондық нұсқаларының арасында айырмашылық болмайды.

Академиялық тұрғыдан сенімсіз материалдарға мыналарды жатқызуға болады:

- Газеттер (тіпті көлемді мақалалар жариялайтын «Егемен Қазақстан», «Жас алаш» және т.б.);

- Журналдар («Жалын», «Парасат» және т.б.);

- Компаниялар мен кәсіпорындардың вебсайттары;

- Қоғамдық мекемелер мен қайырымдылық қорларының сайттары;

- Студенттердің эсселері мен жазба жұмыстары;

- Уикипедия және т.б.

Академиялық бағытта жұмыс жазу барысында сенімсіз материалдарды қолданбау және сенімді материалдарды таба білу студенттің жеке жауапкершілігі. Ал, дұрыс академиялық бағыттағы материал табу жұмыстың сенімді әрі нақты болып жазылуына толық мүмкіндік береді.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. «Оқылым» әрекеті дегеніміз не?
2. «Жазылым» әрекеті қандай әрекет?
3. Мектеп қабырғасы мен ЖОО-да оқылым әрекетінің айырмашылығы бар ма? Болса, қандай?
4. Неліктен академиялық бағытта жазылатын жұмыстарда сенімді ақпараттарды қолдануға тура келеді?
5. Академиялық бағытта сенімсіз ақпараттарға қандай материалдарды жатқызуға болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Мына мәтіндердің ішінде қай мәтінді эссе жазу барысында қолдануға болады? Дұрыс жауабын белгілеңіз.

1. Онлайн энциклопедия
2. Оқулық
3. Газет мақаласы
4. Дәріс конспекттері
5. Ғылыми журнал мақалалары
6. Онлайн дәрістер

2. Оқу стиліңіз қандай? Топқа бөлініп өз оқылым қабілеттеріңіз туралы пікір алмасыңыздар.

- «Жақсы оқырман» дегеніміз қандай?
- Сіз жақсы оқырмансыз ба?
- Оқу барысында қандай қиындықтар болады?
- Оқудың қандай стратегияларын білесіздер?
- Қандай кітаптарды көп оқисыз? Неліктен?

- Кітапты немесе мәтінді оқуға сізді не қызықтыруы мүмкін (беті, кәлемі, суреттері т.б.)?
- Қандай жағдайда сіз жақсы оқи аласыз?
- Кітап оқығанда үнемі бір орынды қолданасыз ба?
- Кітап оқығанда Сіздің оңаша болғыңыз келе ме?
- Күніге бір уақытта оқисыз ба?
- 3. Мына сұрақтардың *рас* немесе *жалған* екенін белгілеңіздер.
 1. Мен ешқашан құмарлықпен оқымаймын.
 - Рас Жалған
 2. Мен оқуға мәжбүр болған соң ғана оқимын.
 - Рас Жалған
 3. Академиялық мәтінді оқудың ең тиімді жолы оның түйіндемесін немесе қорытындысын оқып, өзінді толық оқыдым деп есептеу.
 - Рас Жалған
 4. Қиын сөздердің мағынасын түсіну үшін сөздіктерді қолдану қажет.
 - Рас Жалған
 5. Егер мен жылдам оқысам «жақсы оқырман» боламын.
 - Рас Жалған
 6. Оқуға берілген барлық материалдарды оқи алмайтынымды білемін, сондықтан мен оларды оқуға тырыспаймын.
 - Рас Жалған
 7. Осы кезге дейін қолданатын өзім жетілдірген оқу стратегиям бар.
 - Рас Жалған
 8. Егер мәтіннің түсінбеген бөлігін өз топтасыммен ақылдасам, түсінуіме көмектеседі.
 - Рас Жалған
 9. Мен оқығанда ешқашан қажет жерін жазып алмаймын. Ақпаратты ойда сақтаймын.
 - Рас Жалған
 10. Мәтін оқығанда үнемі белгілеп отыру үшін қалам қолданамын.
 - Рас Жалған

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Оразбаева Фаузия Шамсиевна. *Тіл әлемі [Текст]: мақалалар, зерттеулер.* - Алматы: Ан-Арыс, [278 б] 2009.- 368 б. Электрондық дереккөзі:
2. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе.* 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.
3. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks.* Michigan ELT, 2012
4. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition.* Routledge, 2015.
5. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов.* - М.: Юрайт, 2015. - 295с.
6. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study.* Garnet, 2012
7. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students.* Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
8. Sword H. *Stylish academic writing.* Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
9. Jordan R. *Academic writing course.* Harlow: Longman, 2010.
10. Johnson A. *Academic Writing.* Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ТАҚЫРЫП ТАҢДАУ

Тақырып таңдау жазба жұмысын жазу үдерісінің ең маңызды кезеңі болып табылады. Мәселен, эссе тақырыбын таңдау, әдетте, қарапайым сияқты көрінеді, дегенмен бұл біршама ойлануды талап етеді. Сондықтан оған үстірт қарауға болмайды. Себебі, оқырман эссе мазмұнын толық оқымас бұрын эссе тақырыбын оқиды. Олар тақырыпқа қарап эссенің қаңдай бағытта жазылғандығын аңғарады. Осы жайттарды ескере отырып, жазба жұмысы тақырыбының қаншалықты маңызды екенін және оны қанша адам оқитынын аңғаруға болады.

Жазба жұмысы белгілі бір зерттеу тақырыбын қозғайды, ал зерттеу жұмысының тақырыбын анықтау оның мақсаты мен міндетін айқындап алумен тікелей байланысты. Негізінен зерттеу жұмысы тақырыбының мақсаты мынадай қарапайым негіздерден тұрады:

- *Зерттеу жұмысының жалпы бағытын айқындау;*
- *Арнайы бір тақырыпқа бағыт алу;*
- *Өз оқырманын қызықтыру.*

Студенттер өз зерттеу жұмысына көп уақыт жұмсауы мүмкін. Зерттеу жұмысының сәтті және жылдам жазылуы таңдалған тақырыпқа тікелей байланысты. Сол себепті, алдымен тақырыпты мұқият таңдап алған дұрыс. Тақырып таңдау барысында ең басты ескеретін жайт таңдалатын тақырып оқылып жатқан пәнге байланысты болуы тиіс. Мәселен, эссені жазудағы негізгі мақсат - осы пәнге байланысты қандай да бір тақырыпты терең білу және осы тақырып туралы ізденісті білдіру.

Тақырыпты таңдау барысында жазба жұмысы беріліп отырған пәнге байланысты дәріс тақырыптары мен пәннің оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыпшаларды мұқият қарап шығу қажет. Осы тақырыптар ішінен қызықтыратын тақырыпты таңдап алған жөн.

Тақырып таңдау барысында ескеретін жайттар:

- *Тақырып адамның жеке өміріне қатысты болмауы тиіс;*
- *Тақырып тым шағын болмауы керек;*

- *Тақырып тым кең болмауы керек;*
- *Тақырып бойынша ақпараттар аз болмауы тиіс.*

Сонымен қатар, тақырыптың құрылымын жазу барысында мынадай қарапайым шарттарды білген жөн:

1) Түсінікті, шағын және қызықты етіп жазу. Тақырыптың негізгі мақсаты жазба жұмысы жөнінде қысқаша, нақты қорытынды беру. Сол себепті, тақырып шығын және түсінуге жеңіл болып жазылуы керек. Тақырыптың құрылымын жазу барысында күрделі сөз тіркестері немесе мағынасыз сөздерді қолданбау керек. Тақырып күрделі болса, оқырман назарын аудармай, түсініксіздеу болып кетуі мүмкін. Мысалы: *«Теңгенің девальвацияға ұшырауы Қазақстан халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне едәуір әсерін тигізді»*. Бұл тақырып түсінікті, дегенмен бұл тақырыпты жинақы етіп былай жазуға болады: *«Девальвацияның Қазақстандықтардың тұрмысына әсері»*.

2) Мағыналы сөздерді қолдану: Тақырыпта жазба жұмысының түйін сөздері мен зерттеу табиғатын ашатын мағынадағы сөздер қолданылуы керек. Жұмыс жазылатын салада қолданатын терминдер туралы ойланып, оларды тақырыпта қолдануға тырысу қажет. Мысалы: *«Теңгенің девальвацияға ұшырауы барысындағы Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігіне едәуір әсері»*. Бұл тақырыптағы *халықтың тұрмыс-тіршілігіне* деген тіркесті, *«экономикасына»* деген бір ғана сөзбен алмастырып, ықшамдап былай жазуға болады: *«Девальвацияның Қазақстан экономикасына әсері»*.

3) Қысқарған сөздер мен жаргондарды қолданбау: Тақырып құрылымын жазу барысында көпшілікке белгілі БҰҰ, ҚР сияқты қысқарған сөздерді қолданылуға болады. Дегенмен, жалпыға бірдей таныс емес арнайы салада қолданылатын қысқараған сөздер қолданбаған жөн. Сонымен қатар, жаргондар қолданылмағаны дұрыс, себебі бұл сөздер ғылыми стильге тән емес және оқырманға түсініксіз болуы мүмкін.

Негізінен сәтті таңдалған тақырып мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- *Мазмұнымен сәйкес келеді;*

- Оқырманның қызығушылығын тудырады;
- Жазба жұмысының бағытын байқатады. Компьютер арқылы тез тауып алуға мүмкіндік беретіндей түйін сөздер қолданылады;

- Өз саласындағы бір тақырыпта жазылған жұмыстардың тақырыбына ұқсамайды (тақырыбын қайталамайды).

Зерттеу жұмысын бастамас бұрын тақырыптың қай бағыты қызықты екенін айқындап алған жөн. Мысалы, «Интернеттің адамдардың қарым-қатынасына тигізетін әсері» деген тақырыпты қарастыралық. Бұл жақсы тақырып, дегенмен тақырып әлі тым кең. Бұл тақырыпты ықшамдаудың бірден-бір жолы негізгі сөздерді анықтап алып, оларға қатысты негізгі сөздердің тізімдерін жасап шығу қажет. Мәселен:

Қарым-қатынас – бетпе-бет немесе онлайн сөйлесу, әлеуметтік желілердегі достық қатынас.

Интернет – онлайн ойындар, әлеуметтік желілер, ақпараттарға қол жеткізу.

Адамдар – балалар, жасөспірімдер, студенттер, жастар, ересектер, интернетте бес сағаттан артық уақытын өткізетіндер.

Негізгі сөздерге байланысты сөздердің тізімін жасап шығу аталған тақырыпты ықшамдау барысында мынадай тақырыптың туындауына ықпал етеді.

«Жастардың достық қарым-қатынасына әлеуметтік желілердің әсері».

немесе

«Студенттердің ақпараттарға қол жеткізу барысындағы онлайн арқылы қарым-қатынасы».

Тақырыпты ықшамдау барысында тақырыпты тым шағын етіп таңдамау қажет. Егер тақырып өте шағын болып кетсе, ол жөнінде материалдар табу қиын болып кетеді.

Тақырып таңдау барысында кейбір студенттер қателіктерге де жиі ұшырасады. Студенттердің тақырып таңдау барысында жиі кездесетін қателіктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- *Тақырыптың тым кең болуы;*
- *Тақырыптың өте шағын болуы;*

- Тақырыптың қызықсыз болуы;
- Тақырыпта қысқарған сөздердің қолданылуы;
- Тақырып таңдау туралы кеңес сұрамауы;
- Уақытты тиімді қолданбауы.

Аталған кемшіліктерді болдырмай, тақырыпты сәтті таңдау үшін мынадай амалдарды қолдануға болады:

- Ойшақырту амалдарын қолдану;
- Өзі оқи алатын және түсіне алатын әдебиеттерге байланысты тақырып таңдау;
- Тақырып жөнінде материалдар табуға және жаза алатынына сенімді болу;
- Кілтті сөздердің тізімін жасап алу;
- Бейімді болу;
- Зерттеу тақырыбының сұрағын айқындап алу;
- Өз тақырыбына байланысты көп оқу;
- Негізгі тұжырымдарды анықтап алу.

Зерттеу жұмысының сәтті шығуы және одан жоғары баға алу тікелей тақырыпқа байланысты екені анық, сол үшін кез келген студент өз тақырыбын дұрыс таңдауға бар күш-жігерін жұмсайды. Студент үшін тақырып туралы қалай ойлануға болады және ол туралы идеяны қайдан табуға болады деген сауал туындауы заңдылық. Сондықтан, тақырыпты іздестіру барысында мынадай бағытта жұмыс жасау оң әсерін тигізуі мүмкін:

- **Материал таңдау:** Пәнге байланысты дәрістер мен оқулықтарды қайта оқып шығу арқылы тың идея туындауы мүмкін;
- **Ойшақырту:** Жалпылама бір тақырыпты алып карта жасау және оның ішінен өзі жаза алатын тақырып таңдап алуға болады;
- **Жаңалықтар:** *Хабар, Қазақстан арнасы, Экономика* т.б. гизет, журналдар арқылы өзі қызықтыратын жаңа тақырыптар табуға болады;
- **Ғаламтор:** Ғаламтордан кез келген тақырып бойынша кеңінен материалдар табуға болады, тек оларды орынды қолдана білудің жолдарын білу қажет.

Тақырыпты таңдап болған соң оның қаншалықты дұрыс құрылғандығын немесе дұрыс таңдалғандығын мына сұрақтарға жауап беру арқылы айқындауға болады:

• Неліктен бұл тақырыпты таңдадыңыз? Бұл тақырып сізді не үшін қызықтырды? Бұл тақырып туралы пікіріңіз қандай?

• Бұл туралы кім жазған? Кімдер мақала немесе зерттеу жұмысын жариялаған? Бұл тақырыпқа байланысты ұйымдар мен кәсіпорындарды білесіз бе?

• Тақырыптың негізгі сұрағы қандай? Тақырып туралы талқыланатын мәселе бар ма? Бұл туралы қарастыратын пікірлер мен ойлар бар ма?

• Тақырып қайда қажет болуы мүмкін және қай деңгейде (жергілікті, ұлттық немесе халықаралық)? Тақырыптың пайда келтіретін арнайы орны немесе салсы бар ма?

• Тақырып қашан маңызды болды немесе болады? Бұл қазіргі уақытта орын алып отырған жағдай па немесе тарихи оқиға ма? Сіз өз тақырыбыңызды қазіргі кезде маңызды деп санайсыз ба?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Тақырып дегеніміз не?

2. Эссенің тақырыбының мақсаты қандай?

3. Зерттеу жұмысының сәтті шығуы неліктен тақырыпқа тікелей байланысты?

4. Тақырыптың құрылымына мән беру қажет пе? Неліктен?

5. Тақырып таңдау барысында қандай қателіктер орын алуы мүмкін?

6. Тақырыптың құрылымын жазу барысында қандай қарапайым шарттарды білген дұрыс?

7. Таңдалған тақырыптың дұрыс немесе дұрыс емес бағытта таңдалғанын қалай тексеруге болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Мына тақырыптарды оқып, қай тақырып бойынша эссе жазу ыңғайлы және тақырыптың мақсаты қандай екенін анықтаңыз:

1. Жоғары оқу орындарына өзге елден келген шетел азаматтарына қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуды дамыту мен жетілдірудің жолдарын анықтау.

2. *Етістіктің шақтары: өткен шақ пен келер шақ.*

3. *Барлық қабілеттерді меңгеру.*

4. *Неліктен эссенің тақырыбы маңызды?*

2. Мына тақырыптар бойынша ойшақырту амалын жасаңыз:

- *Кедендік одақ*
- *Өлім жазасын алып тастау*
- *Қару ұстау*
- *ЖОО-дағы төрт күндік оқу*

3. Эссе жазатын тақырыпты таңдап, тақырыбыңыз бойынша досыңыздың қойған мына сұрақтарына жауап беріңіз:

• *Неліктен бұл тақырыпты таңдадыңыз? Бұл тақырып сізді не үшін қызықтырды? Бұл тақырып туралы пікіріңіз қандай?*

• *Бұл туралы кім жазған? Кімдер мақала жариялаған? Бұл тақырыпқа байланысты ұйымдар мен кәсіпорындарды білесіз бе?*

• *Тақырыптың негізгі сұрағы қандай? Тақырып туралы талқыланатын мәселе бар ма? Бұл туралы қарастыратын пікірлер мен ойлар бар ма?*

• *Тақырып қайда қажет болуы мүмкін және қай деңгейде (жергілікті, ұлттық немесе халықаралық)? Тақырыптың пайда келтіретін арнайы орны бар ма?*

• *Тақырып қашан маңызды болды немесе болады? Бұл қазіргі уақытта орын алып отырған жайт па немесе тарихи оқиға ма? Сіз өз тақырыбыңызды қазіргі кезде маңызды деп санайсыз ба?*

4. Төменде берілген тақырыптар қандай эссеге арналған тақырыптар? Тақырыптарға сұрақтар қою арқылы талдау жасаңыздар.

- *Біз студенттерге үй жұмысын жасауды күштеп аламыз ба?*
- *Емтиханды тестпен алу қажет пе?*
- *Лотерея ойнауға тиым салу қажет пе?*
- *Онлайн арқылы дәрістер жүргізу қажет пе?*
- *Мұғалімдердің білімін анықтау үшін тест алғанымыз*

дұрыс па?

- *Шетелде білім алу.*
- *Үш тілді білім беру жүйесі қолайлы ма?*

Қосымша оқуға кеңес берлетін әдебиеттер:

1. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе.* 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.
2. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks.* Michigan ELT, 2012
3. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition.* Routledge, 2015.
4. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов.* – М.: Юрайт, 2015. – 295с.
5. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study.* Garnet, 2012
6. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students.* Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
7. Sword H. *Stylish academic writing.* Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
8. Jordan R. *Academic writing course.* Harlow: Longman, 2010.
9. Johnson A. *Academic Writing.* Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

АҚПАРАТ ІЗДЕУ

Қазіргі таңда кез келген тақырыпта кітапханадан болсын, ғаламтордан болсын көптеген ақпаратты еш қиындықсыз табуға болады. Дегенмен, осы көп ақпараттардың ішінен студент өзіне қажетті ақпаратты дұрыс таба білуі және оны қолдана білуі өте маңызды жайттың бірі болып табылады. Бұл студенттің тек уақытын үнемдеп қана қоймай, сәтті жұмыс жазып шығуына үлкен септігін тигізеді.

Ақпараттарды тауып, жинақтамас бұрын тақырып бойынша осы кезеңге дейін білетін мәліметтер туралы ойлану қажет. Еске түскен немесе ойға келген идеяларды қағазға жазып отырудың тигізер пайдасы көп. Содан кейін, пәнге байланысты оқытылатын тақырыптарды қарастыруға болады. Таңдалған тақырып осы пәнде оқылатын тақырыптарға сәйкес келген жағдайда, тақырып бойынша оқуға берілген әдебиеттерді қарастыру керек. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты кітаптар мен мақалалардың қолданылған әдебиеттерінің ішінен қажетті мәліметтерін таңдап алуға болады.

Зерттеу жұмысына қажетті материалдарды жинау оңай шаруа емес. Тақырыпқа байланысты материалдарды іздегенде ғаламтор көздерін пайдаланған жөн. Мысалы, *Google* арқылы *Wikipedia* сайтына кіріп көп мәліметтер табуға болады (*ескерту: Wikipedia-ны қолданылған әдебиет ретінде пайдаланбаған дұрыс, себебі мұндағы мәліметтер өзгертілуге жатады. Сол себепті, көптеген оқытушылар бұл сайтқа сілтеме жасаған студенттердің бағасын кемітуі мүмкін*). Дегенмен, олардың сенімділігіне көз жеткізу керек. Әдетте, жақсы материалдарды жинау үшін манадай жайттарды ескеру қажет:

Бірінші, зерттеу үшін тақырыпқа қатысты сөздердің немесе терминдердің тізбесін жасап алған жөн. Яғни, материалдарды оқу барысында тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен термин сөздер кездессе, оларды жазып алып отыру қажет. Бұл зерттеу жұмысына байланысты мәселені түсінуге септігін тигізеді.

Екінші, тапсырма және зерттеу сұрағы бойынша талап етілетін жайттар туралы ойлану қажет. Көптеген сайттар редакцияланған

мақалалар ұсынады, зерттеу жұмысына осындай сенімді мәліметтерді ғана қолдануға тырысу қажет.

Үшінші, зерттеу жұмысының қолданылған әдебиеттері құнды болғанын ескерген жөн. *Google Scholar* сияқты академиялық бағыттағы материалдар жинастыратын сайттар «сілтеме жасалынған» («cited by») деп, қанша адамның материалдарды қолданғанын көрсетеді. Жұмысқа сілтеменің көп жасалуы, оның құндылығының жоғары екендігін байқатады.

Зерттеу материалдарын жинау да зерттеу жұмысы болып табылады. Материалдарды жинау барысында әркім өзі қалыптастырған әдістерді қолдануы мүмкін. Ең бастысы материалдарды жылдам жинап, оның алдағы зерттеу жұмысқа қалай қолдану жағын ойластырған жөн. Дегенмен, материалдарды қарастыру барысында кейбір мақалалардағы мәліметтер ескі болуы мүмкін. Сондықтан, мәліметтің қашан жарияланғаны жөнінде білу өте маңызды.

Негізгі зерттеу қажет?

Зерттеу жұмысын жүргізудің негізгі мақсатының бірі - белгілі бір тақырып бойынша тереңдеп білу және ол тақырыпты жетілдіру жолдарын айқындау. Зерттеу жұмысы әдетте қандайда бір мәселені анықтап оны шешу жолын қарастырады.

Зерттеу жұмысы зерттеу әдісін қолдану арқылы сауалдың жауабын табу және оны дәлелдеумен тығыз байланысты. *Зерттеу* – белгілі бір мәселе жөнінде кеңінен іздестіру жұмысын жүргізу. Ал, *зерттеу әдісі* - жекелей немесе топ болып мәселені анықтау және оның шешілу жолдарын анықтау. *Дәлел* – зерттеу арқылы фактілер мен дәйектер жинау.

Зерттеу сұрағын қалай анықтап алуға болады деген сұрақ көптеген студенттерге қиындық тудырады. Дегенмен, оны анықтау аса қиындық тудырмайды. Мәселен, студент күнделікті өмірде өзіне қатысты бір мәселені немесе университеттегі (мектептегі) өзімен бірге оқитын тобына байланысты жалпы мәселені зерттеу сұрағы етіп алуына болады. Зерттеу сұрағы көзге түскен зат немесе ойға келген идея (мәселен: *қайта өңделмей қоқысқа кетіп жатқан қағаз, жолдағы кездейсоқ жағдай, көлік кептелісі, осы*

кезеңге дейін оқыған зерттеу жұмысы, жеке тәжірибе, кәсіби немесе саяси толғаныс және тағы басқалар) болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының ең негізгі үдерісінің бірі - қызығушылық тудырған саланы ықшамдай алу. Автор қызығушылығына байланысты мәселені нақты әрі түсінікті етіп зерттей алатындай сұрақты табуы тиіс. Зерттеу сұрағы анық болған сайын оған жауап беру мен оны зерттеу үдерісі түсінікті болады. Зерттеу сұрағын құру үшін мынадай қарапайым үдерісті жүзеге асырған дұрыс:

Бірінші, *зерттеу саласы*: Ғылым үлкен салалардан тұрады. Автор өзін қызықтыратын саланы анықтау үшін мынадай қарапайым екі сұрақты өзіне қоя алады: 1) Мені не қызықтырады? Не себепті бұл сала мені қызықтырады? Мәселен, *Мені ҚР экономикасы қызықтырады*.

Екінші, *зерттеу бағыты*: жалпы саланың ішінен қай бағыт қызықтыратынын анықтап алу қажет. Бұл жалпы саланың ішінен нақты бір арнайы бағытын таңдауға көмектеседі. Мәселен, *Мені ҚР-ның Кеден одағына қосылған кезеңнен бергі экономикалық жағдайы қызықтырады*.

Үшінші, *зерттеу сұрағы*: жазба жұмысының негізгі зерттеу сұрағы. Мүмкіндік пен уақытты ескере отырып зерттеу сұрағын таңдау керек. Кейде бір немесе бірнеше, тіпті шағын сұрақтар туындауы мүмкін. Мәселен, *ҚР экономикасына Кеден одағы қандай пайда әкелді? Кеден одағы экономикамыздың қай саласының дамуына ықпал етті?*

Зерттеу сұрағы мен зерттеу тақырыбын таңдап алғаннан кейін зерттеу жоспарын құрып, оны қалай жүзеге асыру үдерісіне көшуге болады.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. «*Google Scholar*» сайты қандай сайт?
2. «*Google Scholar*» сайты бойынша еңбекке қанша рет сілтеме жасалғанын қалай білуге болады?
3. Ғаламтор арқылы қажетті ақпаратты қалай іздеуге болады?

4. Неліктен «*Wikipedia*» сайтына сілтеме жасауға және ондағы мәліметтерді қолдануға болмайды?
5. «Сенімді әдебиеттер» дегенімізді қалай түсінесіз?
6. «Сенімді әдебиеттерді» қалай табуға болады?
7. Зерттеу сұрағын қалай айқындауға болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Кестеде берілген сайттардың қайсысынан академиялық бағытта жазылған әдебиеттерді табуға болады?

Сайт атаулары	Академиялық бағыт	Академиялық бағытта емес
scholar.google.		
nur.kz		
elsevier.com		
scimagojr.com		
dulanews.kz		
massaget.kz		
kaznch.kz		

2. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Оқыл жатқан мамандығыз қандай? Мәселен, заңгер, экономика, педагогика және т.б.

2. Жалпы зерттеу тақырыбыңыз қандай?

3. Тақырыбыңыз бойынша қандай ойыңыз бар? Не себепті осы тақырыпты зерттегіңіз келеді? Бұл тақырып бойынша қазіргі кезде қандай пікірлер бар? Қандай тұжырымдар жасалған?

4. Зерттеу мақсатыңыз қандай?

5. Бұл тақырыпты қалай зерттемекшісіз (әдісі туалы ойлаңыз)?

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исслед-*

довательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе. 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.

2. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012

3. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.

4. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов*. – М.: Юрайт, 2015. – 295с.

5. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study*. Garnet, 2012

6. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students*. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.

7. Sword H. *Stylish academic writing*. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012

8. Jordan R. *Academic writing course*. Harlow: Longman, 2010.

9. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ЖАЗЫЛЫМ ҮДЕРІСІ

Ғылыммен айналысатын немесе зерттеу жұмысын жүргізіп жатқан кез келген адам өзінің күнделікті уақытын өзіне ыңғайлы етіп жоспарлап алады. Сонымен қатар, әрбір адам өзінің жұмысы мен атқаратын қызметіне байланысты жекелеген мақсаты мен міндеттері де болады. Осыған орай, зерттеу жұмысымен немесе жазба жұмысымен айналысып жатқан адамдардың мақсатына қарай еңбектерінің көлемі мен жанры болады. Осылайша, олардың күрделілігі мен қиыншылықтары айқындалады. Мәселен, докторлық жұмыс жазып жатқан студент пен шағын тақырып бойынша жоба жұмысын жазып жатқан студенттердің жұмысының құрылымы мен қиыншылығында біршама алпақтық бар. Мәселен, 8000 сөзден тұратын курстық жұмысты жазу үшін бір студенттің шамамен үш ай уақыты кетуі мүмкін. Сондай-ақ, студенттің жазу тәжірибесіне қарай уақыт жұмсауы әр түрлі болуы мүмкін. Жазба жұмысына машықтанған студент зерттеу жұмыстарын тез, әрі тиянықты етіп жазып шығуына мүмкіндігі зор.

Қазіргі ақпараттық технологияның дамыған заманында компьютер көмегімен немесе ұялы телефон көмегімен хат жазу арқылы бірнеше минуттардың ішінде біршама сөздер жазуға болады. Бірақ, академиялық бағыттағы мәтіндердің күрделілігі мен құрылымына байланысты оларды жазуға деген уақыт, әдетте өте тығыз болып жатады. Осылайша, көп студенттер жазба жұмысының өткізілетін уақытының келіп қалғанын мүлдем байқамай қалады. Ол үшін ең алдымен уақытты тиімді және пайдалы өткізудің қарапайым шарттарын меңгерген жөн.

Жазылым барысында ең алдымен есте сақтайтын жайттардың бірі – жазба жұмысын мерзімінен бұрын аяқтау. Кез келген ғылыми жұмыстың сапасын қашанда жетілдіруге және жақсы баға алуға болады. Ол үшін жазба жұмысын өткізілетін мерзімінен бұрын аяқтап алып, оны қайта оқып шығу қажет. Аяқталған жұмысты бірнеше уақыт өткен соң қайта оқу барысында, автор өзі жіберген қателер мен кемшіліктерін аңғаратыны сөзсіз. Мәселен, кейбір жазушылар өз шығармаларын жазып болып, бір жылдан кейін қай-

ти оқып түзетулер енгізіп, содан кейін барып жарылап жатады. Кейбір студенттер, жазба жұмысын өткізілетін мерзімінде аяқтап, оны тексеруге уақыты болмастан жұмысты тапсырады. Сол себептен, олардың бағасы да біршама төмен болады. Алдын ала жазылып, тексеріліп алынған жұмыс қашанда жоғары бағаланатыны белгілі. Жұмыс тақырыбын күні бұрын нақты белгілеп, жоспар жасап алу қиында сәттілікке жетелейді. Көрісінше, жұмысты тапсыру уақытына әлі біршама уақыт бар деп, соңына қалдыратын студенттер үнемі нашар бағаланады. Сондықтан да, «Еріншектің ертеңі бітпес» деген мақалды естен шығармаған жөн.

Қазіргі таңда көптеген жазба жұмыстары есеп беру мен бағалану үшін жазылатындығы ешкімге де құпия емес. Сол себепті біздің санамызда өзімізге берілген тапсырмалардан құтылу үшін ғылыми жұмыстарды жазу қағидасы қалыптасқан. Мәселен, кейбір студенттер баға алу үшін немесе емтиханнан өту үшін амалдың жоғынан жазба жұмысын жазуға мәжбүр болады.

Бұл аталған жайттан арылу үшін ең алдымен қандай еңбек жазсақ та оны қандайда бір оқырман оқитынын ештен шығармау керек. Оқырыманды жазба жұмысын оқуға деген құлшынышын қалай оятамыз және олар үшін жазылып отырған ақпарат түсінікті түрде берілуде ме деген сауалдарды үнемі есте сақтау қажет.

Сонымен қатар, жазба жұмысын бірден бастап кету үлкен қиындық тудыруы мүмкін. Себебі, көптеген студенттер алдындағы ақ параққа нені жазудан немесе жазба жұмысын қалай бастаудан жүрексінеді. Кейде жазба жұмысын жазып машықтанбаған студенттер не жазатынын білмей, жазба жұмысы қиын және оның талаптары тым күрделі деп ойлап жаза алмайды. Мұндай кедергіден арылу үшін жұмысты жазуды бастамай тұрып студент өзін ешқашан түзетуші немесе сыншы рөліне қоймауы керек. Ең алдымен ол өзін шығармашыл адам ретінде есептеп, тек дайын болған жұмысты тексеру барысында ғана өзін сынаушы рөліне ауыстырғаны дұрыс. Өзін шығармашылық қабілеті жоғары, ойы ұшқыр жан ретінде ойына келген тақырып жөнінде ой шақырту амалдарын жасау қажет. Ол үшін алдымен тақырыпқа қатысты сөздердің тізімін жасап, сол сөздер арқылы карта жасаған дұрыс.

Зерттеу дегеніміз не?

Зерттеу дегенімізді қандай да бір сұраққа жауап беру үшін мәлімет іздеу деген қарапайым анықтамамен түсіндіруге болады. Тіпті, кітап оқу немесе жаңалықтар көру де зерттеу болып табылады. Мәселен, хабардың немесе оқиғаның қалай орын алғаны жөнінде журналист куәгерлерден сұхбат алып, түйін жасап ұсыныстар беруі мүмкін. Бірақ академиялық бағытта жазылатын зерттеулердің өзіне тән ерекшелігі болады. Академиялық бағытта жасалған зерттеу жұмыстары өзінің зерттеу сұрақтарына, мақсатына, пәніне, бағытына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, әлеуметтік бағытта жасалатын зерттеу жұмысы бірнеше адамдардың пікірі мен ойын, тәжірибесін сауалнама арқылы анықтауы мүмкін немесе басқа ғалымдардың пікірін ғана жинақтап тақырып туралы қандай қызықты материалдар бар екенін анықтауға болады. Басқаша айтқанда ғылыми әдебиеттерге зерттеу жасалынады.

Ғылыми әдебиеттерге шолу

Әдетте, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау барысында студент өз алдына дербес жұмыс жасауы қажет. Бұл студентке тақырып бойынша жеке ойлауына және өз бетімен ізденуіне мүмкіндік береді. Бұл ғылыми бағытта жазылатын жұмыс сапасының арттыруына ықпал ететін бірден-бір маңызды фактор. Дегенмен, жеке-леген жұмыс жасау дегеніміз студенттің өз еңбегін өзге авторлардың еңбегімен байланыссыз, дербес жазылуы тиіс деген сөз емес. Жоғары оқу орындарында білім алудағы мақсаттың бірі - жаңа ғылыми білімді, көзқарасты, ойды және идеяны туғызу, дамыту және тарату. Жаңа білім кез келген уақытта және әр түрлі жағдайда бірінеше ғалымдардың бірге жұмыс жасауымен ғана туындауы мүмкін. Ал, студент қандай да бір курсты оқу барысында оқытушының жетекшілігімен ғана осы курстың бағытына байланысты зерттеулердің жетілуіне үлес қоса алады. Сол себепті, студенттер зерттеу жұмысын жасау барысында:

- *Зерттеу сұрағын туындату және оған жауап беретін аргументтер құруды білуі керек;*
- *Өзгелердің жасаған зерттеуін жетілдіруі қажет;*

• *Өз зерттеу жұмысын жоғары деңгейде жазуға, бағалауға ұсынуға, жетекшісімен талқылауға және өзге студенттермен тәжірибе бөлісуге тырысуы керек.*

Мұндай үдерістің дұрыс жолға қойылып, орынды жүзеге асуы үшін қашанда ғылыми жетекші маңызды орын алады.

Зерттеу жұмысының жақсы жазылғандығын қалай білуге болады?

Негізінен студенттер зерттеу тақырыбына байланысты материалдарды қолдануы, тақырыпты ашуы, зерттеу сұрағына жауап беруі бойынша бағаланады. Бұл өз кезегінде зерттеу сауалын айқындауға қызмет етеді. Сондықтан, академиялық бағытта жазылған жұмыста студенттер зерттеу сауалына жауап беру үшін ақпараттарды қаншалықты тиімді қолдана алуына қарай бағаланады. Мысалы:

Студент сұрақты түсінді ме?

Студент осы тақырып бойынша өзге авторлардың ойын біледі ме?

Студент өзге автор пікірлерін қаншалықты дамыта алды?

Өз ойына байланысты аргументтерді беру барысында ақпараттар мен идеяларды қаншалықты жинақтай алды?

Аргументтер қаншалықты нақты дәлелденген?

Студент курсты оқу барысында үйренуге тиіс білімді меңгере алды ма?

Зерттеу жұмысына қойылатын осы талаптардың кейбірі берілген тапсырмаға қарай басқаларына қарағанда маңыздырақ болуы мүмкін. Дегенмен, студенттер «*Студент өзге автор пікірлерін қаншалықты дамыта алды*» және «*Өз ойына байланысты аргументтерді беру барысында ақпараттар мен идеяларды қаншалықты жинақтай алды?*» деген талаптарға жауап берсе, жоғары баға алуы мүмкін. Өйткені, бұл талаптар студенттің сыни ойлау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Ал, сыни ойлау студенттің аргументтерді дәлелдеуінің қаншалықты сенімді немесе сенімсіз түрде жаза білуіне тікелей байланысты.

Зерттеу үдерісі

Сонымен, зерттеу жұмысы белгілі бір тақырыпқа байланысты жазба үдерісінен тұрады. Зерттеу жұмысының тақырыбын алғаннан кейін, ең алдымен ол тақырыпты түсіну қажет. Тақырыптың не жөнінде және қандай сауалға жауап беру қажет екеніне сенімді болу керек. Тақырыпта қандай да бір түсініксіз тіркестер мен сөздер болса, оларды мағынасын толық түсініп алу қажет. Тақырыпты түсінбеу немесе тақырыптан ауытқу төмен баға алуға немесе емтиханның өтпей қалуға себеп болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысын жазу қашанда оңай шаруа емес. Сол себепті зерттеу барысында атқарылатын шараларды анықтап, оларды жақсы немесе нашар меңгерген бағыттарға қарай анықтап алған жөн. Зерттеу жұмысын жасау барысында жобаның жоспарын бірнеше мәрте өзгертіп қайта-қайта түзетулер енгізілуі мүмкін немесе зерттеу жұмысын жасау барысында әлі де материалдарды оқу арқылы мәліметтерді жинауды жалғастыра беруге болады. Дегенмен, зерттеу жұмысын жазуды алғаш бастап отырған студент зерттеу жұмысына деген уақыттың жартысынан көбін ақпаратты дайындау мен әзірлеуге жұмсағаны, ал қалған жартысын жазу үдерісіне арқағаны дұрыс. Сол себепті, зерттеу жұмысына қанша уақыт жұмсалатынын алдын ала білу қажет және зерттеу материалдарын табуға көп уақыт бөлген студент жоғары баға алуға мүмкіндігі бар екенін ескерген жақсы.

Зерттеу жұмысының негізгі үдерісі мынадау жоспардан тұруы мүмкін:

1. *Зерттеу сұрағын айқындау;*
2. *Ақпарат алатын топты анықтау;*
3. *Жауапты қалай жинап алатыны туралы білу;*
4. *Сауалнаманы құру;*
5. *Сауалнаманы сынақтан өткізу;*
6. *Негізгі зерттеу жұмысын жүргізу;*
7. *Ақпараттарды талдау.*

Зерттеу сұрағы

Көптеген студенттер үшін зерттеу жұмысын бастау барысында *зерттеу сұрағын* табу өте қиын. Себебі, студент не істеу қажет-

тілігін түсінбеуі мүмкін. Дегенмен, зерттеу тақырыбына қатысты мәселені талдаса, студент өз жұмысының зерттелетін сұрағын түсінуі мүмкін.

Әдетте, зерттеу сұрағын мынадай екі бөлімге бөлуге болады:

Бірініші, *жұмыстың тақырыбы* – бұл зерттеудің жалпы бағытын білдіреді;

Екінші, *жұмыстың бағыты* – бұл тақырып бойынша қандай мәселені анықтау қажет екенін көрсетеді.

Жазба жұмысының зерттеу сұрағын жетілдіру жазу үдерісіндегі өте маңызды жайттардың бірі болып табылады. Мысалы, «бизнес менеджменті» деген тақырып тым кең, ол бойынша жүздеген материал табуға болады. Ал, «Жеке кәсіпкерлікпен айналысудың менеджменттің рөлі» деген тақырып ықшамды және оны толық қанды зерттеп шығуға болады.

Зерттеу сұрағын нақтылау үшін зерттелетін тақырыпты немесе мәселені нақтылап алған жөн. Содан кейін, осы мәселеге қатысты сұрақтардың тізімі жасалады. Осы сұрақтардың ішінен тым кең немесе тым шағын емес сұрақты таңдап алу қажет. Кейде тақырыпқа байланысты материалдарды оқу, оларға талдау жасау таңдалынатын сұрақтың зерттелу бағытының көлемін айқындауы ықпалын тигізуі мүмкін.

Тақырып туралы жақсы білу үшін, студент өзінің білімділік деңгейіне қарай тақырып сұрағын айқындауына болады. Керісінше, автор өзінің тақырып туралы білімі жеткіліксіз деп ойласа, онда қайта ізденуіне тура келеді.

Мәліметтерді зерттеу

Зерттеу жұмысын жасау тақырыпқа байланысты материалдарды жинаудан басталады. Материалдарды, яғни әдебиеттерді кітапханалардан табуға болады. Әрине, зерттеу тақырыбына байланысты мәліметтерді ғаламтордан да алуға болады, дегенмен кітапханлардағы академиялық бағытта жазылған кітаптар мен ғылыми журналдарды қолдану әлде қайда тиімді болуы мүмкін. Сондай-ақ, қазіргі таңда көптеген кітапханалар ғылыми жұмыстардың электрондық нұсқасын ұсына алады.

Сонымен, мәліметтерді зерттеу барысында тақырыпқа байланысты зерттеу жасалады, яғни зерттеу тақырыбына қатысты мәліметтерді табу, оларға түртпелер жасау және олардың авторлары, редакторлары мен баспалары, тақырыптары, беттері, мезгілі туралы апараттарды жинау үрдісі жүргізіледі.

Ақпараттарды жинастыру барысында тақырыпқа байланысты мәліметтердің қайдан алынғаны жөнінде сілтеме жасалатындығын ұмытпаған жөн, сондықтан материалдың атын, қайдан алынғандығын ұмытпау үшін жазып алу қажет. Ал, жазылым барысында тақырыпқа байланысты қандайда бір тұжырымдарға келмес бұрын осы кезге дейін табылған материалдарды қайта оқып шығуға және оларды қолдануға болады.

Кейде тақырыпқа байланысты материалдарды қалай іздеу қажеттігін білмеу немесе қиындықтар туындаған жағдайда тақырыптағы негізгі сөздер мен мағыналас, синоним сөздер арқылы кітапхана каталогынан және интернет көздерінен (Google, Yahoo, т.б.) қарауға болады.

Тақырыпқа байланысты мәліметтерді жинау үшін көп оқуға тура келеді. Сондықтан, оқылым үдерісіне көп уақыт бөлуді алдын ала жоспарлап алу қажет. Кейде кейбір тұжырымдарды нақтылау үшін оқылған материалдарға қайта оралуға тура келеді. Материалдарды қайта іздеу уақытты талап етеді. Сондықтан, табылған ақпаратты нақты, әрі түсінікті етіп жазып алған жөн. Бұл мәлімет алынған дереккөзге қайта оралмауға септігін тигізеді. Тақырыпқа байланысты толық мәлімет жиналған сәттен бастап жазылым үдерісіне көшу қажет.

Жоспарлау

Жұмысты сәтті аяқтау үшін әрқашан оны жоспарлап алған жөн. Академиялық бағытта жұмыс жасау қашанда жоспарлауды қажет ететін үдеріс. Сондықтан, академиялық жұмысты сәтті жазып шығудың бірден-бір жолы ең алдымен зерттеу жасау болса, екіншіден жоспарлау. Егер тақырыпқа байланысты толық қанды ақпарат жиналса, авторды *«осы ақпараттарды қалай жүйелеп, жақсы бағаланатын жұмысқа айналдыруға болады?»* деген сауал мазалауы мүмкін. Ол үшін жоспар қажет.

Жоспар алғаш құрылғанда ретсіз болуы мүмкін. Себебі, автор өз ойына келген алғашқы идеяларды өз жазбасына қосу үшін жоспарға енгізуі мүмкін. Мұндай жоспарды құрудың мынадай жолдары бар. Студент олардың ішінен қолайлы деген біреуін таңдап алуы қажет.

- **Ой шақырту** – ойшақырту амалы тақырыпқа байланысты ойға келген кез келген сөздерді жазу. Содан кейін, оларды ұмытып қалмас үшін тақырыпшаларға топтастыру қажет. Бұл амал біршама ретсіз орындалуы мүмкін, бірақ тақырыпқа байланысты ойға келген кез келген идеяларды қағазға түсірудің жақсы тәсілі.

- **Топтастыру** – бұл әдіс ойшақырту амалына ұқсас, бірақ өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл әдісті қолдану барысында тақырыпқа байланысты ойға келген сөздерді қағаз бетіне түсіру, тек оларды тақырыпшаларына байланысты топтарға жіктеп жазуға болады.

- **Тізім жасау** – бұл топтасыра жазудың жүйелі түрі. Мұнда негізгі ойдан бастап, осыған байланысты туындаған тақырыпшаларға байланысты туындаған идеяларды жалғастырып жазу. Бұл жазылым барысында қандай тұжырымдарға келу қажет екенін ұмытпауға мүмкіндік береді.

- **Сауал қою** – жоспарлаудың мұндай түрінде жазба жұмысының негізін құрайтын бөлімдерің сұрақтары туралы ойлану қажет. Әрбір бөлім үшін негізгі деген бір сұрақтан ойлап табу қажет. Жазба барасында осы сұрақтарға жауап беру қажет болады.

Тақырыпқа байланысты ақпараттарды жинап алғаннан кейін, оларды тақырыпшаларға топтастыру қажет. Бұл зерттеу жұмысының сауалына қалай және қай бөлімде жауап беруге болатындығын анықтауға ықпал етеді. Тақырыптан ауытқып кетпес үшін тақырыпты ықшамдап, әрбір тақырыпшаларға байланысты мәліметтерді нақты беру қажет.

Мүмкіндігінше жазба жұмысының параграфтары бойынша нақты жоспар жасаған жөн. Мұнда тақырыпқа қатысты ойлар мен аргументтерді беру қажет. Бұл жазылым үдерісінің маңызды үдерісі болып табылады және уақыт үнемдеу мен тақырыптан ауытқымауға үлкен ықпалын тигізеді.

Жазба жұмысының әрбір бөлімінде мыналар қамтылуы тиіс:

- *Жалпы тақырыпты түсіндіретін және ол туралы мәліметтер беретін кіріспе параграф.*

- *Бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім. Әрбір параграф тақырыпқа байланысyt шағын тұжырымды білдіруі тиіс. Олар логикалық тұрғыдан байланысып, алдыңғы және өзінен кейінгі параграфтармен мағыналық тұрғыдан байланыста болуы тиіс.*

- *Қорытынды параграф жазба жұмысында айтылған мәселенің қорытындысын береді.*

- *Қорытынды бөлімнен кейін қолданылған әдебиеттер туралы мәліметтер берілуі тиіс.*

Жұмысты жазу

Академиялық жазба жұмысын жазу көптеген үдерістен тұратын күрделі жұмыс. Жұмыс жоспарлау, мәлімет жинау, алғашқы нұсқаны жазу, қайта жазу және оны түзету сияқты үдерістерге толы. Алғашқы нұсқаны тақырыпқа байланысты түртпелер мен жоспарға қарай отырып жасаған жөн. Сонымен қатар, алғашқы нұсқадан бастап сілтемелер беруді және оны дұрыс қолдану ережесін сақтаған абзал. Себебі, дерекөзіне сілтемелер берілмесе, кейін ақпараттың қайдан алынғанын ұмытып қалуға болады және бұл үлкен плагиаттық қателікке ұрындыруы мүмкін.

Жазба жұмысын жалпы тақырыпқа қатысты мәліметтерді жүйелі түрде жазу арқылы бастай берген жөн. Жазба стилі мен грамматикалық қателіктері туралы тым көп алаңдаудың қажеті жоқ. Жазба жұмысының алғашқы нұсқасы көлем талабы мен тақырыпқа қатысты ақпараттардың дұрыс берілуін қамтуы тиіс. Алғашқы нұсқада негізінен мазмұнға мән беру қажет. Ақпараттар мазмұны жағынан дұрыс берілсе, тілдік кемшіліктерді соңынан түзетуге болады.

Алғашқы нұсқаны жазып, оны кейінен қайта оқып жетілдіру қажет. Дегенмен, алғашқы нұсқаны жазу барысында мынадай жайттарды есте сақтау керек:

- *Ақпараттардың берілуі;*

- *Негізгі тұжырымдарды дәлелдейтін мәліметтер;*
- *Әрбір тұжырымның тақырыпқа сәйкестігі және тұтастығы (олардың қайталанбайтындығын тексеру);*
- *Барлық мәліметтердің тақырыппен байланыстылығы;*
- *Негізгі тұжырымдардың автор ойымен сәйкестігі.*

Егер студент мәліметтерді жинақтау мен жұмысты жоспарлауға жеткілікті уақыт бөлетін болса, жазба жұмысы жоғары деңгейде жазылуы мүмкін. Алғашқы нұсқасының мазмұны мен ондағы ақпараттардың берілу жолдары қанағаттанарлық деңгейде деп есептеген жағдайда жазба жұмысын қорытындылап, тілдік қателіктері мен техникалық талапқа сәйкес келу жайттарын тексеруге болады.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Жазба жұмысы барысында қалай уақытты үнемдеуге болады?
2. Не себепті жазба жұмысының уақытын жоспарлауымыз қажет?
3. Жазба жұмысын не себепті мерзімінен бұрын аяқтауымыз қажет?
4. Ғылыми әдебиеттерге шолуды қалай жасауға болады?
5. Жазба жұмысын қалай бастауға болады?
6. Тақырыпқа байланысты зерттеу жұмысын қалай жасауға болады?
7. Алғашқы нұсқа дегеніміз не және оны жазу үшін қандай шарттарды ескерген дұрыс?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. А) Мына сұрақтарға жауап беріңіз:
 - *Мен нені зерттегелі жатырмын?*
 - *Менің мамандығым қандай?*
 - *Менің мамандығымға қатысты қандай салалар бар?*
 - *Мен ҚР-дағы азаматтар, мекемелер немесе қоршаған орта туралы мәліметтерді қолдана аламын ба?*

- Мен өзіме берілген I семестр уақыт ішінде тақырып бойынша не жаза аламын?
- Менің мамандығым бойынша ең қызықты немесе зерттеуді қажет ететін қандай бағыттар болуы мүмкін?

Ә) Ойыңызға келген кез келген сұрақтардың жауабын жазып алыңыз.

Б) Жазып алған жауаптарыңызды сыныптасыңызбен немесе мамандығыңыз бойынша бірге оқитын студентпен салыстырыңыз, қай тақырып бойынша эссе жазуға болатынын, оған шамамен қанша уақыт кететінін және әдебиеттерді қалай табуыға болатыны жөнінде ақылдасыңыз.

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе.* 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.
2. Swales J. M. & Feak Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks.* Michigan ELT, 2012
3. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition.* Routledge, 2015.
4. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов.* – М.: Юрайт, 2015. – 295с.
5. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study.* Garnet, 2012
6. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students.* Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
7. Sword H. *Stylish academic writing.* Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
8. Jordan R. *Academic writing course.* Harlow: Longman, 2010.
9. Johnson A. *Academic Writing.* Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

СЫНИ ОЙЛАУ

Жоғары оқу орындарында оқу барысында ескеретін маңызды жайттың бірі сыни тұрғыдан ойлана білу. Сыни тұрғыдан ойлану кез келген тақырып жөніндегі тұжырымдарды, пікірлерді, ұстанымдарды талдау арқылы түсінуге бағытталған сұрақтардан тұрады. Нәтижесінде сыни тұрғыдан қойылған сұрақтарға алынған жауаптар студенттің жоғары деңгейде ойлануына және белгілі бір нәтижеге жетуіне ықпал етеді.

«Сынау» сөзі қазақ тілінде *«мінін табу, кемшілігін анықтап айтып беру»* мағынада қолданылады. Яғни, жағымсыз мәнде қалыптасқан, бірақ қазіргі академиялық бағытта бұл сөз *пікір айту, талдау* сияқты мағынада беріледі. Демек, қандайда бір мәліметті тауып, оның нақты екенін дәлелдеп, осы дәлел жөніндегі өзге пікірлерді анықтап, оларды түсіндіріп, негізгісіні таба отырып қорытындыға келу. Бұл академиялық бағытта жазылатын жұмыстардың басты талабы болып табылады.

Сыни тұрғыда жазу дегеніміз негізінен берілген тұжырымды түсінікті етіп жеткізе білу, бұл автор ойын нақты дәлелдер арқылы анық, жүйелі құрылыммен беру. Сыни тұрғыда түрліше жазылым қабілеттерді қолдану арқылы эссе, ғылыми мақала және тағы басқа түрдегі жазба жұмыстарын жазуға болады. Көптеген студенттер сыни тұрғыда жазу қиын деп санайды, негізінен бұл көп уақытты және білімділікті ғана емес, шығармашылық қабілетті де қоса талап етеді.

Сыни ойлау кашанда оқылатын немесе жазылатын тақырып жөнінде терең ойлануға жетелейді. Кейбір студенттер өзіне берілген материалдарды үстірт оқуға дағдыланған, бұл олардың өзіне қажетті мәліметті алдым немесе оқыдым деген ойын ғана қанағаттандырғанымен, ақпаратты толық түсінуге, оған толық талдау жасауына алып келмейтін нәтиже.

Үстірт оқу мен терең түсініп оқудың айырмашылықтарын былайша көрсетуге болады:

Үстірт оқу	Терең түсініп оқу
Студент осы кезеңге дейінгі біліміне сүйене отырып, ақпаратты қайта есіне түсіреді	Студент әрбір мәліметті түсіну үшін емес негізгі идеяны түсіну үшін оқиды
Емтиханның өту үшін мәліметтерді есіне сақтайды	Емтиханды өзінің білім деңгейін бағалау деп қабылдайды
Емтихан талаптарына сәйкес сұрақ жауаптарын іздейді	Алдына қойған мақсатына жету үшін тапшынады
Дәріс жазбалары, негізгі оқулықтар және тағы басқа сыни ойлауға жетелемейтін дереккөздерімен ғана шектеледі.	Тақырыпқа байланысты көптеген дереккөздерді қарастырады, олардың қолданылуы жөніндегі мәселені ойлайды
Тақырыпқа деген қызығушылықтың болмауы, мүмкіндігінше жұмысты тез аяқтау, негізі мақсаты – баға алу.	Тақырыпқа қатысты өз пікірін білдіреді, « <i>мұның мағынасын қалай түсінуге болады?</i> » және « <i>мен оны қалай қолдана аламын?</i> » деген сұрақтарға жауап береді

Ғылыми мәтінді сыни тұрғыда оқу тек қана оның мазмұнын түсіну емес, мәтіндегі ақпараттың қаншалықты құнды екені бағалау мен оны өз еңбегінде дұрыс қолдана білу үшін қажет. Ақпараттарды қашан да жан-жақты сауалдар қою арқылы тексеру сыни тұрғыда ойлаудың негізгі талабы. Осылайша, сыни тұрғыда ойлаудың мынадай ерекшелігі қалыптасқан:

- **Нақтылық:** үнемі дәлелдер келтіру.
- **Сенімсіздік:** күмәнді түрде қарау, не себепті бұл мәселені қозғады? Жұмыстың авторы бұл мақсатпен нені түсіндірмекші? Бұған берілген дәлелдері қайда? Мұндай мәліметті қайдан алуға болады?

- **Қолдану:** Бұл жайт іс жүзінде қалай орын алуы мүмкін? Тәжіриге жүзінде мұндай тұжырым іске асады ма?

Сыни тұрғыда ойлаудың басты мақсаты – талдау жасауға жетелеу. Негізінен көптеген студенттер сипаттамалық бағытты ұстанады. Академиялық жазылым барысында тақырыпты талдау студенттің жоғары баға алуына септігін тигізетін бірден-бір жол. Сипаттау мен талдаудың өзара қарама-қайшы келетін тұстары бар, оны мына кестеден көруге болады:

Сипаттау	Талдау
Не болғанын баяндау	Негізгі мәселені анықтау
Дәлелел мен дәйектерді беру	Басым бағытын дамыту
Мазмұнын беру	Басқа да мәліметтер қарастыру
Теорияны көрсету	Басқа мәліметтерді дәйектеу
Идеяны түсіндіру	Таңдау себебін көрсету
Мәліметтерді тізу	Себебі мен байланысын іздеу
Ақпарат беру	Жаңа ақпараттар табу

Кесте арқылы сипаттамалық жазылым мен сыни жазылымның ерекшеліктері бар екенін аңғаруға болады. Олардың негізгі ерекшеліктері ретінде мына жайттарды көрсетуге болады:

Сипаттамалық жазылым:

- Қандай жұмыс жасалғанын баяндайды;
- Тура сілтемені көп қолдануға тырысады;
- Әдебиеттерден қысқаша қорытындылар береді;
- Әдебиеттер мен теорияларға шолу жасап, тізіп шығады;
- Мәліметтер беріледі;
- Идеяларға, тарихи оқиғаларға шолу жасайды;
- Маңызды тұлғалардың өмірін баяндайды;
- Тақырып бойынша белігі жайттарға қорытынды жасайды.

Сыни жазылым:

- Айтылған пікірлерді анық және нақты тұжырымдар арқылы жоққа шығарады;
- Қолдайтын және қарсы пікірлерді тең дәрежеде береді;
- Дәлелденбеген пікірлерді қолданбайды;
- Идеяны дамыту мен түсіндіру үшін параграфтар қолданады;
- Үнемі нақты дәлелдер мен тұжырымдар береді;
- Тұжырымдарға үнемі дәлелдер келтіреді;
- Үнемі қорытындының себебін айтады;
- Үнемі жұмыстың шегін көрсетеді;
- Қарапайым қорытынды жасамайды.

Сыни ойлау барысында оқып отырған мәтінмен қатар оның авторына да аса мән беру қажет. Ол үшін мәтінді оқи отырып мына сұрақтарға жауап беру қажет:

- Мәлімет нақты ма? Оны қалай білдіңіз?
- Мәтінді кім жазған? Автор осы саланың маманы ма?
- Автор қандайда бір тұжырымға сізді сендіргісі келеді ме?
- Ондағы аргумент кең немесе шағын мәселеге бағытталған ба?
- Аргументті дәлелдеу үшін қандай дәйектер келтірілген?
- Аргументте не берілмеген?
- Бұған қарсы қандай пікірлер болуы мүмкін?
- Автордың ұстанымымен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?
- Бұл туралы пікіріңіз қандай?
- Бұл тақырып бойынша басқа авторлар не айтқан?
- Бұл мәтін осы тақырып бойынша қандай да бір жаңалық айтқан ба?
- Бұл материал сіздің жұмысыңызға қажет пе?

Бұл сұрақтарды қоя отырып оқылым әрекетін жүзеге асыратын студенттің жоғары дәрежедегі талдау қабілетімен қатар, сыни көзқарасы қалыптасатыны анық.

Тақырыпқа байланысты өзің-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Сыни ойлау дегеніміз не?
2. Материалдарды оқу барысында сыни ойлау не үшін қажет?
3. Сипаттамалық жазылым дегеніміз не?
4. Сыни жазылым мен сипаттамалық жазылымның қандай айырмашылықтары бар?
5. Оқылатын еңбектің авторына не себепті мән беру қажет?
6. Сыни тұрғыда ойлаудың қандай ерекшеліктері бар?
7. Терең түсініп оқу мен үстірт оқудың қандай айырмашылықтары бар?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Төмендегі тұжырымның қайсысы дәлелге негізделген немесе қаралайым мәлімдеме екенін анықтаңыздар. Олардың нақты екенін қалай тексеруге болады?

- Менің туған жерім – әлемдегі ең сұлу жер.
- Менің телефон номерім есте сақтауға өте қиын.
- Хан Тәңірі тауының биіктігі теңіз деңгейінен 7010 метр.
- Мысық тышқанға қарағанда жақсы үй жануары болып есептеледі.

- Өкпе рагының 85 пайызы темекі шегу салдарынан болады.
- Көкпар тартуға арналған серкенің салмағы 25 келі.
- Балалардың 25 пайызы көзілідірік тағады.
- Қазақстандағы әрбір екінші мигрант Өзбекстан азаматы.

2. Өзіңізді шетел қонақтарына қазақ халқының ұлттық ойыны көкпарды таныстырушы ретінде елестетіңіз. Сіз ешқашан көкпар ойынын көрмеген және естімеген шетел азаматтарымен көкпар ойыны болып жатқан стадионда тұрып, олардың қойған мына сұрақтарына жауап беріп көріңіз.

1. Бұл қандай ойын?
2. Неліктен ойынды атқа мініп ойнайды?
3. Неліктен ойынды ерлер ғана ойнап жатыр?
4. Неліктен мініп алған аттарын қамшылап, аттардың еріксіз қозғалуына мәжбүр етуде?

5. Неліктен атқа мінген барлық адамдар бұл ойынға қосыла алмайды?

6. Ойынға қатысушылар не үшін топқа бөлінген?
7. Бұл ойынның қандай пайдасы бар?

(Сіздің жазба жұмысыңызды оқыған адамда да осындай қарапайым сұрақтар туындайтынын ескеріңіз. Өйткені, сіздің жазған жұмысыңыз қашанда өзге оқырман үшін түсініксіз жайттарға толы болуы мүмкін екендігін естен шығармаңыз.)

3. Зерттеу тақырыбыңызға байланысты кез келген ғылыми мақаланы алып, төменде берілген сұрақтарды қоя отырып, сыни тұрғыда талдау жасаңыз:

- Мәлімет нақты ма? Оны қалай білдіңіз?
- Мәтінді кім жазған? Автор осы саланың маманы ма?
- Автор қандайда бір тұжырымға сізді сендіргісі келеді ме?
- Ондағы аргумент кең немесе шағын мәселеге бағытталған ба?
- Аргументті дәлелдеу үшін қандай дәйектер келтірілген?
- Аргументте не берілмеген?
- Бұған қарсы қандай пікірлер болуы мүмкін?
- Автордың ұстанымымен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?
- Бұл туралы пікіріңіз қандай?
- Бұл тақырып бойынша басқа авторлар не айтқан?
- Бұл мәтін осы тақырып бойынша қандай да бір жаңалық айтқан ба?
- Бұл материал сіздің жұмысыңызға қажет пе?

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Коржумбаева А., Бекахметов Г. *Критикалық ойлау негіздері*. – Астана, 2014. – 208 б.
2. Hoaglund J. *Critical thinking*. Newport News, Va.: Vale Press, 2004.
3. Bowell T., Kemp G. *Critical thinking*. London: Routledge, 2015.
4. Rollins B. *Critical thinking*. San Diego, Calif.: Classroom Complete Press, 2010.
5. Epstein R., Rooney M. *Critical thinking*. Socorro, NM: Advanced Reasoning Forum, 2017.
6. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ПЛАГИАТТЫҚ ЖӘНЕ ОДАН САҚтану ЖОЛДАРЫ

Қазіргі кезде көптеген студенттердің плагиаттық жөніндегі мағлұматтары аз болғандықтан, өздерінің плагиаттық нормаларын жиі бұзатынын байқай бермейді. Плагиаттық дегеніміз – біреудің сөзін немесе ойын, пікірін өз сөзі ретінде қолдану және ол өрескел заң бұзушылық болып табылады. Плагиаттықтан сақтану үшін қолданылған дереккөздеріне және айтылған пікірдің авторына сілтеме жасау қажет. Кейде студенттер автордың кейбір сөздерін сәл ғана өзгертіп плагиат ережесін сақтадым деп есептейді, сондықтан да автор сөзін толықтай басқа мағыналас сөздермен алмастырып беру маңызды болып табылады.

Эссені жазу барысында студент өз ойын жазғаны дұрыс. Академиялық жазылым барысында студент кітаптарды, газеттерді, ғылыми журналдарды, вебсайттарды және өзге де материалдарды қолдануы мүмкін. Бірақ оларды плагиаттық жасамай өз еңбектеріңде қолдана білудің маңызы зор.

Сонымен, плагиаттық:

- *Өзге адамның ойын немесе идеясын ұрлау немесе қолдану;*
- *Біреудің ойына, сөзіне сілтеме жасамай қолдану;*
- *Осы кезге дейін айтылған ойды немесе идеяны өз ойы ретінде беру.*

Плагиаттық көптеген елдерде өрескел заң бұзушылық болып табылады. Плагиат бойынша жауапқа тартылған ЖОО-ның оқытушылары ғылыми атағынан айрылып, жұмысынан шектетілсе, студенттер оқудан шығарылады. Қазіргі таңда біздің елімізде де плагиаттықпен күресу жолдары қалыптасқан және заң бойынша жауапкершілікке тартылады.

Әдетте жиі кездесетін плагиаттық түрлерін шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

- **Қасақана плагиаттық жасау** – нақты сілтеме берместен өзгенің ойын немесе сөзін қолдану.
- **Өзіне-өзі плагиаттық жасау** – бұрын жазылған өз жұмысын рұқсатсыз қайта қолдану.

• Тыныс белгілерді дұрыс қолданбай плагиаттық жасау– өзгелердің сөзін арнайы тыныс белгілерсіз (тырнақшасыз) қолдану.

• Абайсызда плагиаттық жасау – материалға сілтеме беруді, тыныс белгілерін қоюды, парафразаға сілтеме жасауды ұмытып кету.

Плагиаттықтан сақтану жолдары.

Плагиаттық жасамау жазып отырған тақырып туралы толық мәлімет алуға, ойды қорытындылауға, жүйелеуге тақырыпты талдауға үлкен ықпалын тигізеді. Плагиаттықтан сақтану үшін өзге еңбектерден алынған басқа авторлардың сөзіне, оларға жасалған қорытындыға және парафразаға қашанда талапқа сай сілтеме берілуі қажет. Сол себепті, плагиат жасамау үшін мына амалдарды орындаған абзал:

Сілтеме жасау – басқа бір автордың пікірін қолдану үшін үнемі сол авторға сілтеме жасауды ұмытпау керек. Сілтеме дегеніміз – өзге автордың ойын немесе сөзін алған әдебиетті, яғни материалды көрсету.

Төл сөзді қолдану – мәтіннен керекті деген ақпаратты өзгертпей сол күйінде тырнақшаға алу арқылы қолдану. Кейде бұл тура сілтеме жасау деп те аталады.

Парафраз жасау- автор сөзін мағынасын сақтай отырып өз сөзімен қайта жазып шығу. Қазақ тілі ережесі бойынша өзгенің сөзін мағынасын өзгертпей қайталау «төлеу сөз» деп аталады. Бұл әдіс студент үшін өзге автор ойын толық түсінуге көмегін тигізеді.

Қорытынды жасау – студенттің оқыған, көрген немесе тыңдаған дәрісінің мазмұнын түсінгендігін көрсетеді. Бұл - академиялық жұмыстың басты мақсаты. Ол үшін өзге авторлардың пікірлеріне сілтеме жасай отырып еңбектің қысқаша мазмұнын беруге болады.

Сонымен қатар, өзге авторлардың сөзін тікелей қолдану барысында тыныс белгілерді дұрыс қолдану қажет. Әдетте, автор сөзін сол күйінде, яғни төл сөз ретінде алу барысында тырнақша

қолданылады. Бұл өзге автор сөзі мен жазушы (студенттің) сөзін ажыратуға көмектеседі.

Үнемі өзге авторлардың сөздерін идеяларын қолданғанда сілтеме жасап отыру қажет. Идея авторына сілтеме жасамау плагиаттыққа деген сезік тудыруы мүмкін.

Зерттеу жұмысын жазуды бастамас бұрын тақырып жайында жазылған еңбектерге шолу жасау қажет. Сол себепті, алдымен қажетті ғылыми әдебиеттер мен құжаттарды мұқият таңдап алып, оларды жүйелеп алу қажет. Қолданылатын материалдарды жұмыста плагиат талаптарын сақтай отырып қолдану үшін төл сөз, төлеу сөз және қорытындыны қолданылу жолдарын жақсы білу қажет. Бұл аталғандардың барлығына да сілтеме қажет, ал төл сөзді қолданған жағдайда міндетті түрде сілтеме алынған бет көрсетілуі тиіс.

Төл сөз

Төл сөздерді қолдану кез келген ғылыми еңбекті жазу барысында қолданылатын әдістердің қатарына жатады. Төл сөздерді дұрыс қолдану автордың мақала жазып отырған тілді қаншалықты меңгеруіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, төл сөздерді қолдану барысында мыналарды меңгеру қажет:

- төл сөз еш өзгеріске түспей қолданылуы қажет;
- төл сөз тырнақшаға алынуы шарт;
- төл сөздер жиі қолданбауы қажет;
- төл сөз негізгі ойды қолдау үшін ғана беріліп, негізгі ойды бермеуі керек;
- төл сөздің тілі анық және мазмұны нақты, шағын болуы тиіс;
- төл сөздің авторы осы саланың беделді ғалымы болуы тиіс;
- төл сөздің грамматикалық құрылым автор тілінің грамматикалық құрылымымен сай болуы тиіс.

Төлеу сөз (парафраз)

Төлеу сөз - өзгенің сөзін мағынасын сақтай отырып қайта жазып шығу. Бұл академиялық жазылымда «*парафраз жасау*» деп аталады. Парафраз көлемі жағынан түпнұсқаға қарағанда кішірек болуы мүмкін. Парафразға да міндетті түрде сілтеме жасалып, ақпарат алынған беті көрсетіледі.

Төл сөзге қарағанда төлеу сөзге айналдыру студенттер үшін біршама құнды болып табылады. Себебі, өзгенің сөзін өз сөзіне айналдыру барысында ондағы ақпаратты студент толықтай ой елегінен өткізеді. Сондықтан, парафраз жазба жұмысында кенінен қолдануы тиіс. Бұл өз кезегінде жұмыстың жоғары бағалануына септігін тигізеді.

Парафраз жасау барысында мына жайттарды естен шығармау қажет:

- Өзге автордың сөзін өз сөзімен (мағыналас сөздермен, сөз тіркестерімен) жазу барысында негізгі мағынасын өзгертіп алмау;
- Парафраз алынған дереккөзге сілтеме жасауды ұмытпау;
- Парафраз сөйлемге немесе параграфқа жасалуы мүмкін;
- Төл сөзді қолданғаның орнына парафраз жасауға тырысу.

Қорытынды жасау

Қорытынды мәтінді оқу арқылы ондағы негізгі деген ойды ғана беруге бағытталады. Оның негізгі мақсаты - бір автордың еңбегіндегі негізгі ойды ықшамдап, өз сөзімен жеткізу. Бұл әдісті сөздік жағынан шектеу қойылған шағын еңбектер жазу барысында қолданған өте ыңғайлы, мәселен, шағын эссені жазу барысында жиі қолданылады.

Қорытынды мен парафраз жасаудың өзара ұқсастықтары бар. Екеуінде де автор өзгенің сөзін өз сөзімен береді, бірақ парафраз бір сөйлемді немесе параграфты төлеу сөзге айналдыруға негізделсе, қорытынды тек тұтас бір мәтіннің немесе тұтас бір беттегі негізгі деген ойды ғана беруге бағытталады. Сол себепті, қорытындыға сілтеме жасалғанда ақпарат алынған бет көрсетілмейді, тек әдебиетке сілтеме жасалады.

Қорытынды жасау барысында ескеретін жайттар:

- Мәтінді оқу барысында негізгі мәліметтерді белгілеп отыру;
- Мәтіннің негізгі идеясы мен тұжырымын бұзбай ықшамды пікір жазу;
- Тұжырымды негіздеу үшін мәтіннен идеяны қолдайтын мысал келтіру.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Плагиат дегеніміз не?
2. Плагиаттан қалай сақтануға болады?
3. Төл сөздерді қалай қолдануға болады?
4. Парафраз дегеніміз не?
5. Сілтеме жасаудың қандай стильдерін білесіз?
6. Неліктен өзге авторларға сілтеме жасауымыз қажет?
7. Плагиат жасаған кезде қандай жаза қолданылуы мүмкін?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Кестедегі әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін табыңыз:

Әрекеттер	дұрыс	бұрыс
Мен өзге адамның идеясын сілтемесіз қолдана аламын.		
Мен өз досымның жұмысын қолдана аламын.		
Мен жалпыға белгілі немесе жалпы қабылданған идеяға сілтеме қолдануға тиістімін.		
Мен интернеттен алынған ақпараттарды, олардың қайдан алынғанын көрсетпей-ақ өз жұмысымда қолдана аламын.		
Мен бір жұмысты екі түрлі пәнге тапсыра аламын.		
Мен осы кезге дейін жарияланған мақаламның атын өзгертіп, басқа бір журналға жариялай аламын.		
Мен біреуге өз жұмысымды тексертіп, көптеген түзетулер енгіздіре аламын.		

2. Белгілі тілші Қ. Жұбановтың тіл жөніндегі көзқарасы жайлы дәрісінен үзіндіні оқып, жазба жұмысында қолданылу үшін қайсысы плагиатқа жатпайтынын анықтаңыз және жауап нұсқаларымен сәйкестендіріңіз:

«Бүгінгі адам баласының тілі – дыбыс тілі. Бүгінде «сөйлеген» деген – «дыбыстаған» дегенмен бір есеп. Бүгінде дыбыстағанның бәрі бірдей сөйлеген болмағанмен, сөйлегеннің бәрі дыбыстаған болып кеткен. Сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысы да түрлі дыбыстардың түрліше құраласуы, орналасуы сияқты көрінеді» (Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы 2010, 43-бет).

1) Бүгінгі адам баласының тілі – дыбыс тілі. Бүгінде «сөйлеген» деген – «дыбыстаған» дегенмен бір есеп. Бүгінде дыбыстағанның бәрі бірдей сөйлеген болмағанмен, сөйлегеннің бәрі дыбыстаған болып кеткен. Мәселен, сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысы да түрлі дыбыстардың түрліше құраласуы, орналасуы сияқты көрінеді. (Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы 2010, 43-бет).

2) Адам баласы сөйлегенде тілді қолданады. «Дыбыстаған» дегеніміз – «сөйлеген» дегенмен бірдей. Дыбыстаудың барлығы сөйлеген деп қабылданады. (Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы 2010, 43-бет).

3) Қ.Жұбановтың пікірінше, адам өз тілінде дыбыстарды қолданады және «дыбыстаған» деген ұғым – «сөйлеген» дегенмен ұғыммен бірдей болып есептеледі. (Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы 2010,).

4) Қ.Жұбановтың ойынша, «сөйлеген» дегеніміз – «дыбыстаған» дегенімізбен бірдей, сол себепті дыбыстаудың барлығын сөйлеп деп есептелмегенмен, сөйлеу дыбысталу ретінде қарастырылады. (Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы 2010, 43-бет).

Жауап нұсқалары:

А) Мағынасы өзгертілген

Ә) Сілтеме дұрыс берілмеген, төл сөз қолдану барысында әдебиеттің беті көрсетілуі керек

Б) Еш өзгеріссіз берілген

В) Дұрыс нұсқа

3. Мына малдардың қайсысы плагиаттық болып есептеуі мүмкін:

Амалдар	Плагиат	Плагиат емес
Біреудің ойын қолданған кезде сілтеме бермеу		
Мақаладан бернеше сөйлемді көшіріп алып, сілтеме жасамау		
Жалпыға ортақ пікірлерді қолданғанда сілтеме бермеу. Мысалы: <i>Қазақстандағы құрғақшылық мәселесі.</i>		

Өз зерттеуіңіздің нәтижесін баяндау		
Автордың мақаласынан тікелей ойларын сол күйінде алу және оған сілтеме беру, бірақ тырнақша белгісін қолданбау		
Сыныптасыңыздың шығармасынан бір азат жолың сілтеме берместен қолдану		

4. Төмендегі мысалдардың ішіндегі қайсысы екі әдебиетке сілтеме жасалған?

А) Зерттеу нәтижесі көрсеткендей «агроөнеркәсіп кешенін дамыту» еліміздің экономикасын дамытудың негізгі тетігі бола алады [3, 85 б].

Ә) Ғ. Мамановтың айтыуы бойынша «ҚР агроөнеркәсіп кешенін дамыту мемлекеттің экономикасын алға суретін негізгі фактор» [3, 85 б].

Б) Ғалымдар ҚР экономикасын дамыту агроөнеркәсібін дамытумен тығыз байланысты екендігін атап көрсетеді [3; 5].

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Оспанов Е.Т. *Сапалық дәуірдегі плагиат және одан сақтану жолдары*. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне және Адам құқығы күніне арналған «Жаңғыру 3.0 – Тұрақты даму мақсаттары аясында SMART-ЖУРНАЛИСТИКА» атты VI республикалық мобильдік медиа мектебінің әдістемелік жинағы. Астана қаласы 2017 жылы 14-15 желтоқсан/жауапты ред. Әлімжанова А.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. -185 б. 97-102 бб.

2. Wilson Elaine & Abibulyeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе*. 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.

3. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012

4. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.

5. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов.* – М.: Юрайт, 2015. – 295с.
6. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study.* Garnet, 2012
7. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students.* Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
8. Sword H. *Stylish academic writing.* Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
9. Jordan R. *Academic writing course.* Harlow: Longman, 2010.
10. Johnson A. *Academic Writing.* Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Академиялық жазылым – белгілі бір зерттеу жұмысын баяндауға бағытталатын жазба жұмысы. Зерттеу жұмысы әдетте белгілі бір тақырыпқа байланысты теориялық еңбектерге шолу жасап, осы тақырып жөнінде автор қандайда бір пікірге келуі немесе ұсыныс жасауы мүмкін. Ал, зерттеу жұмысының екінші түрі теориялық еңбектерге шолу жасау арқылы қорытындыланған пікірді автордың өзі мәліметтер жинау арқылы негіздеуі немесе жоққа шығаруына бағытталған жұмыстар болуы мүмкін. Бұл жұмыстар өз кезегінде біршама зерттеу үдерісін қажет етеді. Зерттеу жұмысын жазу үдерісінде студент мынадай он қадамды жүзеге асыруына тура келеді:

1. Тақырыпты түсіну;
2. Ойшақырту амалдарын қолдану;
3. Идеяларды шағын тақырыпшаларға біріктіру;
4. Кіріспені, негізгі ойлар мен сұрақтарды жазу;
5. Негізгі бөлімнің параграфтарын жазу – негізгі сөйлемдерді жазу;
6. Негізгі бөлімнің параграфтарындағы түсініктемелер мен дәлелдемелер, мысалдарды жазу;
7. Қорытынды, зерттеу нәтижесі бойынша нақтыланған пікірлерге сүйене отырып қорытынды жасау;
8. Бөлімдерін тексеру;
9. Идеясы мен зерттеу сұрағынан ауытқымауын тексеру;
10. Мәтінді тексеру, оның нақты және дәлелді болуына көз жеткізу.

Әдетте, мақала немесе шағын зерттеу жұмысында оның әдісін өзге бөлімдерден бөліп көрсетеді. Себебі, зерттеу әдісі мәтіннің өзге бөлімдеріне қарағанда атқаратын қызметімен ерекшеленеді. Оның атқаратын негізгі қызметі мынадай:

- Зерттеу әдісі зерттеу жазба жұмысының бір бөлігі;
- Бұл бөлім жұмыстың ғылыми түрде жүргізілгендігінің дәлелі;
- Бөлімде жұмыстың негізділігі бағаланады, бұл өте маңызды.

Әдістеме бөлімі мынадай негізгі екі сұраққа жауап береді:

1. Ақпарат қалай жинақталды және қалай қорытындыланды?
2. Ақпарат қалай талданды?

Зерттеу жұмысын оқитын көптеген ізденушілер сөз санын санамайды, оларды зерттеу жұмысының әдісі қалай жүргізілгені қызықтырады. Оқырман ақпаратты қалай жиналғанын білуі қажет, өйткені олар үшін нәтижеге қалай қол жеткізілгені маңызды. Мысалы, егер сатып алу туралы ақпарат жиналатын болса, ашық сұхбаттан гөрі сауалнама жасалынады.

Әдістеме бөлімін жазу оқырманға ақпараттың жинақталуының нақтылығы туралы білуіне мүмкіндік береді. Егер сатып алу туралы зерттеу әдісі тек қана бір адаммен жасалса, оқырман нәтиженің нақтылығы туралы толық мәлімет ала алмауы мүмкін және бұл зерттеу нәтижесіне деген күмәнін тудырады. Сондықтан зерттеу әдісін жазу барысында мынаны есте сақтау керек:

- *Мүмкіндігінше толық ақпарат беру;*
- *Басқалар ақпаратың мәліметін түсіне алатындай және тәжірибеде қолдана алатындай болуы қажет;*
- *Оқырман нәтижені бағалай және нақтылай алатын болуы шарт;*
- *Жинақталған мәліметтерге талдау жасау;*
- *Оқырманға бұл әдіс түрін не себепті таңдалғанын білдіру;*
- *Оқырманға жиналған ақпаратың нақты екенін білдіру.*

Зерттеу әдісін жазу барысында ақпаратты жинау үдерісінде кездесетін кедергілер жайлы айта келіп, оның алдын алу үшін қандай шара қолданатыны жөнінде баяндап беру қажет. Арнайы тәжірибелік жолды не себепті таңдап алынғаны жөнінде пікір білдіру маңызды. Өзгелер осы зерттеу жұмысын қайта жасай алу үшін нақты мәліметтермен қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан, ақпаратты жинақтаған тәсілдер мен техникалар жөнінде толық мәлімет беріп, оның қалай жиналғаны мен талданғаны жөнінде түсіндіру керек. Мәселен, зерттеу нысаны ретінде алынған адамдардың жасы, жынысы және ұлты сияқты демографиялық мәліметтерді беру қажет. Егер жануарлар зерттелсе, олардың салмағы жасы, бойы

сияқты ерекшеліктері жазылады. Сонымен қатар, мәліметтердің қалай алынғандығы, яғни «Кездейсоқтық әдісі қолданылды ма?» «Мәлімет алынатын нысандарды қалай дайындалды?» және «Мәлімет алушыларды қалай бағаланды?» деген сауалдарға жауап берілуі тиіс.

Зерттеу әдісінде жинақталған мәліметтер арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы сарапталуы мүмкін. Егер мұндай бағдарламалар арқылы зерттеу нәтижесі жасалатын болса, зерттеуде қолданылған техника мен құралдар сипатталады және мәліметті талдау үшін қолданған статистикалық техникаларды баяндауды ұмытпау қажет.

Зерттеу әдісін сипаттау зерттеу үдерісінің қалай жүзеге асырылуын баяндауға құрылады. Зерттеу жұмысын тиімді жүргізу үшін зерттеу әдісін жоспарлау қажет. Зерттеу жұмысын былайша жоспарлауға болады:

1. Зерттеу сұрағын айқындау;
2. Ақпарат алатын топты анықтау;
3. Жауапты қалай жинап алатыны туралы білу;
4. Сауалнаманы құру;
5. Сауалнаманы сынақтан өткізу;
6. Негізгі зерттеу жұмысын жүргізу;
7. Ақпараттарды талдау.

Сауалнама

Зерттеу жұмысының әдісінің бірі ретінде сауалнама алу қазіргі кезде кеңінен қолданылады. Мәселен, қазіргі таңда көптеген тауар өндіруші немесе сатушы компаниялар тұтынушылардың талғамын білудің бірін-бір жолы ретінде сауалнаманы қолданады. Адамдардың не ойлап, не сезінетінін білу үшін кәсіпкерлер, тіпті кейде өкімет миллиондаған доллар жұмсайды. Нақты және сәтті жүргізілген зерттеу үлкен жетістіктерге әкеледі, ал керісінше нашар жүргізілген зерттеулер миллиондаған шығандарға ұшыратуы мүмкін. Ал, зерттеу жұмысын жүргізу - тақырып туралы пікірлер мен бағытты білудің бірден-бір құралы. Тіпті жергілікті деңгейде шағын ғана жасалған зерттеу жұмысы стратегиялық жоспардың

түбегейлі өзгеруіне ықпал етеді. Кейде теледидар мен газеттерден зерттеу жасалған жұмыстарды жиі кездестіруге болады, дегенмен бұл журналисттер тарапынан жасалған зерттеу және ақпараттың қайдан келгені жөнінде мәліметтер берілмеуі мүмкін.

Зерттеу жұмысын жүргізбес бұрын сауалнама алынатын немесе жұмысқа қажетті ақпарат алатын топты анықтап алу қажет. Зерттеу барысында мәлімет алынатын топты анықтау зерттеу жұмысының негізгі бөлігі болып табылады. Топты анықтау барысында мынадай шарттарды ескерген жөн:

- *Нақтылық* - мүмкіндігінше көп және нақты мәлімет бере алатын адамдардан ақпарат алуға тырысу қажет. Көлемінің көп болуы үнемі нақты мәлімет береді деген сөз емес.

- *Бейтараптылық* - саяси немесе этникалық жағдайға бұрмайтын қоғам мүшелерінен сауалнама алуға талпыну қажет.

- *Сапалылық* - зерттеу жұмысын жасамас бұрын мәлімет алатын ортаның сапалық ерекшелігін алдын ала тексеріп алған жөн, олай болмаған жағдайда бүкіл зерттеу жұмысы зая кетуі мүмкін.

- *Жоспарлылық* - зерттеуді бастамас бұрын зерттеу жұмысының статистикалық құрылымы туралы кеңесіп алған жөн. Бұл сауалнама жүргізетін адамның санын анықтауға көмектеседі және нақты мәлімет алуға ықпал етеді.

Сауалнаманың мақсат етілген тобынан алынғандығын тексеру қажет. Сауалнама зерттеу әдісінің көп әдісінің бірі ғана, бірақ сауалнаманың өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін ескерген жөн.

Қазіргі кезде сауалнама алу ғаламтор арқылы тез, әрі жылдам жүзеге асырылады. Ғаламторды қолдана отырып, электрондық поштамен сауалнаманы таратуға болады. Хат жазу арқылы қарапайым пошта қызметін қолдану міндетті емес және сауалнаманы жаяу жүріп тарату бұл жұмыстың басқа түрі. Электрондық пошта арқылы сауалнама алу нақты бір адамдардан алуға және олардың жауап беруіне ыңғайсыздық тудыратын сауалдарын қоюға қолайлы әдіс. Дегенмен, кемшілігі: жауапты қанша адамнан қашан алып үлгеретінін білу қиын. Сонымен қатар, тұлғалық ақпаратты жинау

туралы да ойланған жөн, себебі кейбір елдерде азаматтар туралы ақпараттар жинауға немесе қолдануға тиым салынады.

Сауалнаманың құрылымы

Сауалнама құрылымы зерттеу жұмысы мен сауалнаманы кімдерден алынатына байланысты. Егер бетпе-бет сұрақ қойылатын болса, түсінбеген сұрақтар жөнінде сұрақтарды түсіндіріп беру оңай. Ал, егер көп адамнан сауалнама алуға тура келсе, электрондық поштаны қолану тиімді.

Сауалнаманы мүмкіндігінше қысқа етіп жасаған жөн, себебі ұзақ сауалнаманы жауапберушілер аяқтамауы мүмкін. Егер көп ақпарат алуға тура келсе, жауаптарын таңдау және деңгейлерін таңдау сияқты сұрақтарды жиі қолдануға болады.

Сауалнама *түсініктеме ақпарат* берумен басталғаны дұрыс. Яғни, сауалнаманы алмас бұрын, (әсіресе, электрондық пошта арқылы сауалнама алу барысында) ақпарат берушіге зерттеу жұмысының мақсатын және ол кісінің берген ақпараты қандай мақсатта қолданылатынын сыпайы түрде түсіндіру қажет. Алдымен сауалнама алушы өзін таныстырып; не себептен зерттеу жұмысын жасайын деп жатқандығы жөнінде ақпарат беруі тиіс, нәтижесі қайда қолданылатыны және сұрақтар бойынша қайда хабарласуға болатынын көрсету қажет.

Сауалнаманы алуды бастамас бұрын зерттеу жұмысы үшін қандай мәліметтер керек екенін және оны қалай қолдануға болатыны жөнінде білу керек. Бұл сауалнама барысында қойылатын сұрақтарды ретімен және нақты қоя білуге көмектеседі. Негізінен сұрақтар қысқа, нақты және мақсатты түрде қойылуы қажет.

Сауалнаманы құру алдында оны жоспарлап алған дұрыс. Жоспар сұрақтардың реттілігін, ұйымдастырушылығын қамтамасыз етеді. Сауалнама сұрақтары қарапайым және түсінікті болуы тиіс. Сұрақтардың жауабы ашық, жабық немесе аралас болып келуі мүмкін.

Ашық сұрақтар жауап бершілерден толық қанды жауап алуға бағытталады. Ашық сұрақтарда таңдау үшін жауаптар берілмейді. Мұнда жауап берушінің өзіндік тәжірибесі мен түсінігіне

қарай жауап алуға бағытталады. Ашық сұрақтар мынадай мәнде құрылуы мүмкін:

- «Сіз негізінен қандай тауарлар сатып аласыз?»
- «Сіз тауарды қайдан сатып аласыз?»
- «Бұл жерде сауда жасау жөнінде кім кеңес берді?»

Сонымен қатар, ашық сұрақтар бұған дейін қойылған сұрақтарды нақтылау үшін де өте маңызды. Мәселен, «*Неліктен бұл орынды таңдап алдыңыз?*».

Жабық сұрақтар арнайы мәліметтерді жинау үшін қолданылады. Яғни, жауап беруші берілген мәліметтер ішінен қажеттісін таңдауына тура келеді. Мұндай сұрақтардың жауабын *иә* немесе *жоқ*; *рас* немесе *жалған*; *келісемін* немесе *келіспеймін* деп беруге болады. Жабық сұрақтар мынадай түрде берілуі мүмкін:

• «Осы дүкенен бұрын тауар сатып алатын ба едіңіз?» (Иә/Жоқ)

• «Егер сатып алсаңыз, қаншалықты жниісатып аласыз?» Мәселен, мұндай сұрақтардың жауабы «*аптасына бір рет*», «*айына бір рет*» және т.б. негізде құрылуы мүмкін.

• «Дүкеннің қызмет көрсету сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?» Мұндай сұрақтардың жауабы «*өте жоғары*», «*орташа*», «*өте төмен*» деп берілуі мүмкін.

• «Дүкенде сауда жасауды басқаларға ұсынар ма едіңіз?» (Иә/Жоқ)

Сонымен қатар, сұрақтарды құрастыруда мына жайттарды ескеру қажет:

• Зерттеу сұрақтарының орналасу реті өте маңызды. Жауабы зерттеуші үшін маңызды деген сұрақтардан басталғаны дұрыс. Сұрақтар күрделі грамматикалық құрылыммен жазылғаннан гөрі қарапайым түсінікті тілмен жазылуы тиіс.

• Тақырыптары ұқсас сұрақтарды бірге топтауға тырысу керек, бұл жауап берушілерге жылдам, әрі оңай жауап беруге мүмкіндік жасайды.

- Кейбір зерттеушілер сұрақтарды араластырып беруге кеңес береді. Бірақ, мұны зерттеу жұмысын жүргізуден тәжірибесі мол адамдар жүргізгені дұрыс.

- Сонымен қатар, тест сауалнамасын жүргізген де дұрыс, бұл шағын топтан жылдам сыни пікір алып зерттеу туралы қорығынды жасауға көмектеседі.

- Зерттеу барысында жиі кездесетін қателік зерттеу сұрақтары дұрыс құрмау.

Сауалнама сауалдарын құрып болған соң, оны таратудың жолдарын қарастыру қажет. Сауалнамаларды ғаламторды қолдану арқылы таратуға болады. Қазіргі кезде *SurveyGizmo*, *Typeform*, *surveymonkey*, *PollDaddy*, *Qualtrics*, *Google Forms* және т.б. көптеген ғаламтор құралдары арқылы онлайн сауалнама жүргізуге болады. Тіпті таныстарыңыздың электрондық поштасына хат жазу немесе телефон шалу, сонымен қатар олармен кездесіп сауалнаманы алуға да болады.

Сауалнаманы таратпай тұрып, сауалнаманы тексеріп алған дұрыс. Ол үшін достарыңызға немесе әріптестеріңізге сауалнаманы жолдап, олардың сауалнама сұрақтары жөніндегі пікірін алу қажет. Яғни, сұрақтардың түсінікті және орынды қойылғанына көз жеткізу қажет. Содан кейін сауалнаманы таратуға болады.

Сұхбат алу

Зерттеу әдісінің кең таралған түріне сұхбат алу жатады. Сұхбат зерттеуші мен сұхбат беруші арасында бетпе-бет жүзеге асады. Сұхбат - зерттеу жұмысының кең қолданылатын дәстүрлі түрі. Бұл кіммен зерттеу жұмыс жасау керек екенін және кез келген сауалға дер кезінде жауап алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, зерттеуші өз уақытын босқа алушыларды тез анықтап сұхбат берушілердің қажетсіз жауаптар бергенін біле алады. Бұл әдісті қолдану барысында мына жайттарды есте сақтаған жөн:

- Сұхбат беруші өзіне қызықты мәселе болмаған соң, өз уақыттарын зерттеу жұмысына жұмсауға құлықсыз болуы мүмкін;

- Ойыңыздағы қиын сауалды бетпе-бет барысында сұрау ыңғайсыз болуы мүмкін;

- Сұхбат берушінің лауазымы немесе дәрежесі, жасы жоғары болатын болса, сұхбат беру барысында басымдық танытып кетуі мүмкін. Сұхбат алушы батыл түрде ойындағы сұрақтарына қоя алмай қалу қаупі бар.

Жалпы сұхбат уақытын алдын ала келісіп, этикалық құжаттарды толтырып, сұхбат берушіге өзінің кім екенін дәлеледейтін құжаттармен барған жөн. Сұхбат алар алдында сұхбат берушінің келісін алып, мәліметтің тек ғылыми бағытта қолданылып, жеке басына қатысты ешқандай ақпараттардың таратылмайтыны жөнінде кепілдеме қағазына қол қойып таныстыру қажет. Егер сұхбат беруші кәмілетке толмаған болса, оның ата-анасының немесе қамқоршысының келісімі алынуы тиіс.

Зерттеуге қажетті амал (сауалнама немесе сұхбат) арқылы мәлімет жинақтағаннан кейін зерттеу нәтижесін талдауға кірісуге болады. Зерттеу нәтижесін талдау қолданылған зерттеу сұрақтарына байланысты. Әрбір жауапқа қажет болған жағдайда статистикалық амалдарды қолдана отырып талдауды бастау қажет.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1.Зерттеу жұмысын жазуға қажетті қандай қадамдарды білесіз?

2.Зерттеу әдісі бөлімінің негізгі қызметі қандай?

3.Зерттеу әдісі бөлімін жазу барысында қандай жайттарды ескеру қажет?

4.Зерттеу жұмысы жүргізілетін топты қалай анықтауға болады?

5.Демографиялық мәліметтерге қандай ақпараттар жатады?

6.Сауалнамада қандай сұрақтар қойылуы мүмкін?

7.Сауланаманың алдында не үшін түсінік ақпарат беруіміз қажет?

8.Сұхбат жүргізу мен сауалнама алудың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

9.Зерттеу жұмысы барысында сауалнама арқылы мәліметтер жинаудың маңыздылығы неде?

10.Электрондық пошта арқылы сауалнаманы таратудың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

11.Сауалнаманы галамтор арқылы қалай жүргізуге болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Төмендегі сауалнама жөніндегі тұжырымдарды оқып, олардың *рас* немесе *жалған* екенін табыңыздар.

Сауалнаманы құру жөніндегі пікірлер	Рас немесе жалған
Мүмкіндігінше көп сұрақтар қойыңыз, көп ақпарат жинаған дұрыс	
Сауалнама ұзақ болған сайын жауабы да дұрыс болады	
Сауалнаманы құру үшін кеңес сұрау қажет	
Тақырыпшаларға күрделі сөйлемдерді қолдану керек	
Құрылымы анық болғанын қадағалау керек	
Алғашқы қойылатын сұрақтар жалпы сұрақтар болуы қажет	
Жауап үшін ашық орындар қалдыру қажет	
Маңызды сұрақты сауалнаманың басында қою керек	
Барлық сұрақтар біркелкі, яғни бір тәсілмен құрылуы тиіс	
Сауалнама таратылмай тұрып, сынақтан өткізілуі қажет	

2. Төменде университет жатақханасы жөнінде құрылған сауалнама берілген. Сауалнаманы оқып, онда қойылған сұрақтардың түрлерін анықтаңыздар. Сауалнамаға жауап беруге тырысыңыздар. Сауалнама құрылу барысында кеткен кемшіліктерді анықтаңыздар.

1. Өзіңіз туралы

Аты-жөніңіз

Мекенжайыңыз:

Телефоныңыз:

Email:

2. Сіз қандай студент тобына жатасыз?
- Сіз бакалаврда оқитын, университет жатақханасында тұратын студентсіз бе? Иә/жоқ

- Сіз магистратурада оқитын, университет жатақханасында тұратын студентсіз бе? Иә/жоқ

3. Жатақханада тұру

Алматы қаласында қандай жатақхананы қолданасыз?

- Студенттік жатақханада тұрамын

- Отбасыммен тұрамын

- Пәтер жалдап тұрамын

4. Жатақхана жөніндегі пікіріңіз

- Бұл жақсы

- Кейбір жері жақсы, кейбірі жаман

- Бұл жақсы емес

5. Асхананы қолдану

Асхананы қаншалықты жиі қолданасыз?

- Күніне бір рет

- Аптасына бір рет

- Айына бір рет

6. Жатақхана саясаты

Сіз жатақхананың тәртібімен келесесіз бе?

- Иә

- Жоқ

7. Жатақхана бағасы

Сіздің ойыңызша, университетте оқу бағасы қымбат па?

- Иә

- Жоқ

8. Таңдау талабы

Жатақхананың қолайлығы университетті таңдау барысына қаншалықты әсер ететінін *1 (өте маңызды)* мен *10 – (аса маңызды емес)* көрсеткіші бойынша белгілеңіз.

- Қолайлы болуы

- Орналасуы

- Ғимараты

- Спорттық орындардың болуы

- IT –мен қамтамасыз етілуі
- Жатақхана қызметкерлерінің сыпайылығы
- Жиназы
- Бөлмелердегі студент саны
- Мәдени шаралардың ұйымдастырылуы
- Кітапхананың болуы

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе.* 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.
2. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks.* Michigan ELT, 2012
3. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition.* Routledge, 2015.
4. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов.* – М.: Юрайт, 2015. – 295с.
5. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study.* Garnet, 2012
6. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students.* Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
7. Sword H. *Stylish academic writing.* Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
8. Jordan R. *Academic writing course.* Harlow: Longman, 2010.
9. Johnson A. *Academic Writing.* Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ГИПОТЕЗА ЖӘНЕ ОНЫ ҚҰРУ

Гипотеза – дәлелденбеген тұжырым немесе болжам. Бірақ, гипотеза қашанда тексерілуге, дәлелдеуге бағытталады. Әдетте, гипотеза шартты райлы сөйлем түрінде құрылады. Мәселен, «Егер жұмыссыздық көрсеткіші ересек адамдардың арнайы білімінің жоқтығына байланысты болатын болса, оларды арнайы курстарда білімін жетелдіргеннен кейін жұмыссыздықтың азайғанын байқауымызға болады». Демек, «Егер арнайы курстарда ересек адамдарды оқытсақ, жұмыссыздық азаяды» деген идея болжам жасауды талап етеді. Ал, «Ересек адамдарды арнайы курстарда оқыту жұмыссыздық көрсеткішін азайтады» деген құрылымдағы сөйлем тұжырымды білдіреді. Гипотезаны жазу барысында «егер», «демек», «болса», «болсақ» және т.б. сөздер қолданылады.

Сонымен, гипотеза – зерттеушінің зерттегісі келетін немесе тексергісі келетін тұжырымы. Гипотезаны құру барысында мына жайттарды ескеру қажет:

- *Логикалық тұрғыда сенімді болуы.* (Жұмыссыз жүрген ересектерді елімізге қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлықтан өткізсек, оларға жұмыс орындары табылып, жұмыссыздық саны азаятыны логикалық тұрғыдан түсінікті)

- *Сенімді ақпараттардың болуы.* (Жұмыссыздық саны арнайы сенімді статистикалық дереккөздерінен алынып, оны дәлелдейтін ақпарат көздерінің сенімді болуына толық көз жеткізу)

- *Тексерілетіндей болуы.* (Жұмыссыз ересектерге арналған арнайы курстар ашылғанға дейінгі жұмыссыздық саны курстар ашылып, олардың білім алғаннан кейінгі жұмыссыздық санымен қайта есептелуі тиіс, яғни курстар ашылғаннан кейін жұмыссыздар саны азайды ма?).

Кейбір ғылыми еңбектерде гипотеза нөлдік болжам (*null hypothesis - H₀*) мен ғылыми болжам (*research hypothesis - H₁*) негізінде құрылады. Нөлдік гипотеза – осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырым немесе қандайда бір жайттардың өзара байланысы

жоқ деген болжам. Мәселен, жұмыссыздық пен ересектерді қайта даярлау курстарының арасында байланыс жоқ, яғни курстар ашылсын немесе ашылмасын жұмыссыздық саны өзгеріссіз қалады деген пікір болуы мүмкін. Ал, зерттеушінің жұмыссыздық санын азайту үшін тексеруге бағытталған болжамы, «Балама гипотеза (H_1)» деп аталады және ол – зерттелетін (ғылыми) гипотеза. Гипотезаны статистикалық талдау ғылыми немесе нәдік гипотезаны жоққа шығаруға негізделеді.

Гипотезаны құру үдерісін қарапайым мысалмен былай сипаттауға болады.

- **Зерттеу сұрағы:** Темекі тарту ерлер мен әйелдерге қалай әсер етеді?

- **Әдебиеттерге шолу** – темекі тарту ерлерге қарағанда әйелдердің жүйке жүйесін көбірек зақымдайды.

- **Көрсеткіштер:** тәуелсіз **көрсеткіш** – темекі тартатындар, **тәуелсіз көрсеткіш** – темекі тартпайтындар; **тәуелді көрсеткіш** - Ерлер мен әйелдердің жүйке жүйесі

- **Жалпы гипотеза** – Темекі ерлер мен әйелдердің жүйке жүйесіне әсер етеді.

- **Бағытты гипотеза** – темекі ерлерге қарағанда әйелдердің жүйке жүйесіне үлкен зиянын тигізеді.

- **Болжам жасау:** Темекі тартқан әйелдердің жүйке жүйесі темекі тартатын ерлерге және темекі тартпайтын әйелдер мен ерлерге қарағанда қатты зардап шегеді.

Зерттеу жұмысына байланысты алынған гипотеза тексеріледі. Ол үшін статистикалық мәліметтерге тест жасалады. Статистикалық тест – шешім шығару үшін мәліметтерге талдау жасау. Зерттеу жұмысы барысында алынған зерттеу нысанының көлемі шектеулі болуы мүмкін. Мәселен, университетте 5000 студент бар болса, олардың тек 500 студенті ғана зерттеу жұмысында қамтылуы мүмкін. Сондықтан, гипотезаның сенімділік (*confidence*) деңгейі анықталуы тиіс. Сенімділік деңгейі – жасалған тұжырым бойынша сенімділікті анықтайды. Әдетте, зерттелген жұмыс нәтижесі 95%, 99% болуы мүмкін және осы арқылы маңыздылық деңгейі анықталдады. Бұл былайша есептеледі:

Маңыздылық деңгейі - $\alpha = 1$

- Сенімділік деңгейі $= 0,95$
- $\alpha = 1 - 0,95$
- $\alpha = 0,05$

Әдетте, көптеген зерттеу әдістемесінің тұжырымын жасауда $\alpha = 0,05$ немесе $\alpha < 0,05$ болған жағдайда статистикалық маңызы бар деп есептеледі.

Мысалы, мектеп әкімшілігі оқушының 80% мектепке ұялы телефон алып келеді дейді. Бірақ мұғалімдер бұл тым көп көрсеткіш және кездейсоқ алынған 50 оқушының маңыздылық деңгейі 0,02 көрсеткіш болады дейді. H_0 және H_a гипотезасын жазып көрелік:

- $H_0: \mu \geq 0,80$ $n=50$
- $H_a: \mu < 0,80$
- $\alpha = 0,02$
- Сенімділік деңгейі $= 1 - \alpha$
- Сенімділік деңгейі $= 1 - 0,02$
- Сенімділік деңгейі $= 0,98$

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Гипотеза дегеніміз не?
2. Гипотезаны қалай құруға болады?
3. Гипотеза қалай жазылады?
4. Не үшін гипотеза жасалады?
5. Гипотеза қалай тексерілуі мүмкін?
7. Зерттеу нәтижесінің қай кезде статистикалық маңызы болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Кондитер зауытының машинасы сағатына 5 кг. конфет өнімін шығарады, бірақ жұмысшылар машина жөндеуден өткен соң мұндай көлемде өнім шығара алмайды дейді. H_0 және H_a гипотезасын қалай жазуға болады?

2. Дәрігерлердің тұжырымы бойынша жасөспірімдер күніне 10 сағаттан артық ұйықтамайды. Дегенмен, дәрігер «X» айтуы

бойынша жасөспірімдер күніне 10 сағаттан артық ұйықтайды. H_0 және H_a гипотезасын қалай жазуға болады?

Қосымша оқуға кепес берілетін әдебиеттер:

1.Ярская-Смирнова Е. *Создание академического текста: учеб. пособие для студентов и преподавателей вузов. М.: ООО «Вариант»: ЦСПГИ, 2013. 156 с.*

2.Девятко И.Ф. *Методы социологического исследования. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1998.*

3.Кузнецов И.Н. *Научное исследование: Методика проведения и оформление. М.: Дашков и Ко, 2006.*

4.Романов П.В., Ярская-Смирнова Е.Р. *Методы прикладных соци-альных исследований. М.: Норт-медиа: ЦСПГИ, 2008.*

5.Ядов В.А. *Стратегия социологического исследования. Описание, объяснение, понимание социальной реальности. М.: Омега-Л, 2007.*

6.Брумман А. *Social Research Methods. Oxford: Oxford University Press, 2001.*

7. Das S, Mitra K, Mandal M. *Sample size calculation: Basic principles. Indian J Anaesth. 2016.*

8. Kaur SP. *Variables in research. Indian J Res Rep Med Sci. 2013.*

9. Chekanov S. *Numeric Computation and Statistical Data Analysis on the Java Platform, Springer.2016.*

МӘЛІМЕТТЕРГЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ

Зерттеу жұмысына байланысты жинаған мәліметтер жазба жұмысында оқырманға түсінікті етіп жеткізілуі қажет. Мәліметтер сауалнама және сұхбат алу, құжаттар мен статистикалық мәліметтерге зерттеу жасау сияқты жолдармен жиналады. Сауалнама немесе сұхбат және басқа статистикалық мәліметтер жазба жұмысында талдау арқылы беріледі. Оқырманға түсінікті болу үшін талданған мәліметтерді түрлі графикалармен, шеңберлермен және кестелермен беруге болады. Бұл арнайы компьютер бағдарламалары арқылы жасалынуы мүмкін. Ондай бағдарламалар түріне *Excel*, *R*, *SPSS*, *STATA*, *Gretl*, *SPAD* және тағы басқа бағдарламаларды жатқызуға болады.

Мәліметтерді талдау барысында әр түрлі кескіндерді қолдану күрделі ақпараттарды, яғни құбылыстарды, үдерісті анық түсінікті етіп жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, кескіндер мәліметтегі маңызды ақпаратты айқындауға септігін тигізеді. Кескіндердің бірнеше түрі бар, олар: графикалар мен кестелер, техникалық диаграммалар, суреттер және т.б.

Кескіндерді қолданбай тұрып, олардың қолдану мақсатын, қолдану барысында қалай мәліметтерді тиімді жеткізу жолдарын ескеру керек. Кескіндер жасап болған соң байқалған немесе жеткізілуі тиіс негізгі ақпараттарды сипаттап беру керек. Бұл әдетте нәтижелерді сипаттау бөлімінде жазылады.

Мәліметтерді сипаттау барысында ең алдымен негізгі ақпаратқа, тұжырымға көңіл бөлген жөн. Талдайтын және сипаттайтын негізгі мәлімет туралы сенімді болу қажет, яғни графикадағы сипатталған басты ақпараттар анықталып алынуы тиіс. Қолданылған кескінді дұрыс сипатталғандығын мынадай қарапайым сұрақтарды қою арқылы тексеруге болады:

- *Мәлімет не туралы?*
- *Негізгі өзгерістер қандай? Мәселен, ауа-райын сипаттайтын кесте болса, қай кезде тым жоғарылып немесе өте төмен болып кеткен?*
- *Бағыты қандай?*

Негізінен басты өзгерісті немесе құбылысты тауып алып, соған ұқсас өзге құбылыстарды қоса сипаттау қажет. Дегенмен, талдау барысында мына жайттарды ескерген дұрыс:

- Көп ақпараттарды берудің қажеті жоқ;
- Гарфикада берілген барлық құбылысты, яғни ақпаратты сипаттап немесе талдап беру қажет емес;
- Грификаны сипаттау барысында басынан аяғына дейін, яғни солдан оңға қарай сипаттау міндетті емес. Оның орнына негізгі деген ақпаратты талдаудан бастаған жөн.

Факторлық талдау

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында жұмыс тақырыбы мен зерттеу сұрағына байланысты факторлық талдау, яғни факторлық анализ жасауға тура келеді. Мұндай зерттеу белгілі бір көрсеткіштің («у» деп таңбаланып, *«тәуелді көрсеткіш»* деп аталады) нәтижесіне қандайда бір көрсеткіштердің («х» деп таңбаланып, *«тәуелсіз көрсеткіш»* деп аталады, бұл бірнешеу болуы мүмкін. Мәселен, x_1, x_2, x_3 , т.б.) әсерін анықтау мақсатында жасалады. Факторлық талдау жасау кез келген зерттеушіге белгілі бір үдеріске әсер етуші жайттарды анықтап беруге ықпал етеді.

Компютерлік бағдарламаларды (Excel, SPSS, R және т.б.) қолданып талдау жасау барысында көрсеткіштер атауы мен сауалнама жауаптары кодталуы мүмкін. «Кодталу» дегеніміз – көрсеткіштер атауы мен сауалнама жауаптарын бағдарламаға енгізіп, талдау жасауға ыңғайлы болуы үшін қысқартылып немесе сандар түрінде таңбалануы мүмкін. Дегенмен, бұл кодталған атаулар оқырманға түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан, көрсеткіштер атауын түсінікті етіп жазып, сипаттап беру қажет.

Факторлық талдау бір факторлы немесе көп факторлы болуы мүмкін. **Бір факторлық талдау** екі көрсеткіштің арасындағы өзара байланысты анықтауға негізделеді. Мәселен, *«Алматы ауасының ластануы Алматы қаласындағы көліктер санының артуымен байланысты ма?»* деген сұраққа жауап беру үшін осы екі көрсеткіш арасындағы байланыс қана тексеріледі. Дегенмен, Алматы қаласы ауасының ластануы тек көліктер санының артуымен байланысты болмауы мүмкін. Мысалы, оған тұрғындар санының артуы,

шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпорындардың артуы сияқты факторлар да әсер етуі мүмкін. Егер бір тәуелді көрсеткішке екі немесе одан көп тәуелсіз көрсеткіштердің өзара байланысының қаншалықты әсері бар екенін анықтау үшін жасалатын болса, мұндай талдау **көп факторлық талдау** деп аталады.

Факторлық талдаудың нәтижелерін кестелер мен графикаларды қолдана отырып жазба жұмысында сипаттап беру қажет. Талдау нәтижесінде тәуелді көрсеткішке тәуелсіз көрсеткіштердің оң немесе теріс әсері түсінікті етіп талданып жазылуы тиіс. Кейде кейбір факторлардың өзара байланысы болмайтыны да анықталуы мүмкін. Ондай жағдайда зерттеу жұмысын алдағы уақытта өзара байланысы болуы мүмкін деген басқа жайттармен қарастыру қажеттілігі жөнінде пікірмен қорытындылауға болады.

Тақырыққа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Бір факторлы талдау дегеніміз қандай анализ? Мысалдар келтіріңіз.
2. Көп факторлы талдау дегеніміз қандай анализ? Мысалдар келтіріңіз.
3. Мәліметті талдау барысында неліктен маңызды деген ақпаратты сипаттауымыз керек?
4. Кестелер мен графикалардан маңызды ақпараттарды қалай көруге болады?
5. Неліктен статистикалық бағдарламаларды (R, SPSS және т.б.) қолданамыз?

Тақырыққа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Суретте жалпы ішкі өнім көрсеткіші (GDP) мен халық санының (Population) өзара қарым-қатынасы көрсетілген. Екі көрсеткіштің өзара қарым-қатынасы тікелей тығыз байланысты және оң байланыс, себебі олардың көрсеткіші 0,85. Яғни 1-ге жақын. Бұл Жалпы өнім көрсеткіші артса, халық саны артатынын көрсетеді ме?

GDP(U.S. Population	
22,15	14858335
24,64	14858948
30,83	14909018
43,15	15012985
57,13	15147029
81,00	15308084
104,85	15484192
133,44	15674000
115,31	16092701
148,05	16321581
200,38	16556600
215,90	16791425
243,78	17035275
227,44	17289224
184,36	17544126
128,11	17754000
	0,852592784

2. Суретте жұмыссыздық (Unemploy) пен инфляцияның (Inflation) өзара байланысы көрсетілген. Екі көрсеткіштің арасында қандай байланыс бар?

Unemploy Inflation	
10,4	8,4
9,3	5,9
8,8	6,5
8,4	6,9
8,1	7,5
7,8	8,6
7,3	10,8
6,6	17,1
6,6	7,3
5,8	7,1
5,4	8,3
5,3	5,1
5,2	5,8
5,0	6,7
5,0	6,5
5,0	13,1
	-0,05927

7	Years	GDP(U.S.	Population	Unemplo	Inflation
8	2001	22,15	14858335	10,4	8,4
9	2002	24,64	14858948	9,3	5,9
10	2003	30,83	14909018	8,8	6,5
11	2004	43,15	15012985	8,4	6,9
12	2005	57,13	15147029	8,1	7,5
13	2006	81,00	15308084	7,8	8,6
14	2007	104,85	15484192	7,3	10,8
15	2008	133,44	15674000	6,6	17,1
16	2009	115,31	16092701	6,6	7,3
17	2010	148,05	16321581	5,8	7,1
18	2011	200,38	16556600	5,4	8,3
19	2012	215,90	16791425	5,3	5,1
20	2013	243,78	17035275	5,2	5,8
21	2014	227,44	17289224	5,0	6,7
22	2015	184,36	17544126	5,0	6,5
23	2016	128,11	17754000	5,0	13,1
24	коррел		-0,927905502	-0,92791	-0,05927
25	сред.занч	122,53	16039845,19	6,88	8,23
26	макс	243,78	17754000,00	10,43	17,10
27	мин	22,15	14858335,00	5,04	5,10

3. Суретте берілген ақпаратқа талдау жасаңыз.

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Wilson Elaine & Abibulayeva Aizhana. *An introduction to Educational research methods. Введение в образовательные исследовательские методы. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе.* 2017. Faculty of Education, University of Cambridge, Eurasian National University, Kazakhstan & The British Council.

2. Шипунов А. Б., Балдин Е. М., Волкова П. А., Коробейников А. И., Назарова С. А., Петров С. В., Суфиянов В. Г. *Наглядная статистика. Используем R!* 2014.

3. С.Э. Мاستицкий, В.К. Шитиков. *Статистический анализ и визуализация данных с помощью R.* Хайдельберг – Лондон – То-льятти, 2014. -401с.

4. Das S, Mitra K, Mandal M. *Sample size calculation: Basic principles*. Indian J Anaesth. 2016.
5. Kaur SP. *Variables in research*. Indian J Res Rep Med Sci. 2013.
6. Chekanov S. *Numeric Computation and Statistical Data Analysis on the Java Platform*, Springer.2016.

КІРІСПЕНІ ЖАЗУ

Кіріспе - жазба жұмысының ең көп оқылатын бөлімі. Кіріспе зерттеу жұмысының бірінші бөлімі болғандықтан оған қойылатын талаптар да жоғары. Сондықтан, кейде кейбір студенттер үшін кіріспе бөлімді жазу біршама қиындықтар тудыруы мүмкін. Жақсы жазылған кіріспе кәшанда зерттеу жұмысының тақырыбымен және зерттеу сұрағымен таныстырып, оқырманның жұмысты оқып шығуға деген қызығушылығын оятады. Кіріспе тақырыпқа қатысты жалпы мәселеден, жазба жұмысының нақты қарастыратын шағын, жекелеген мәселесіне қарай оқырман ойын жетелеуге бағытталады. Тақырып жөніндегі осы кезге дейінгі көтерілген жайттарға шолу жасай отырып, зерттелуге тиіс сұрақ пен гипотезаға тоқталады және зерттеу мәселесіне байланысты қолданылатын зерттеу әдісімен таныстырады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының құрылымы сипатталып, жоспары беріледі.

Неліктен кіріспені жазу қиындық тудыруы мүмкін? Біріншіден, ешқашан алғашқы қызығушықты оятуға екінші рет мүмкіндік берілмейді. Жазба жұмысының параграфы, автордың тұжырымы мен стилі және жалпы жазу мәнері сияқты ерекшеліктері оқырманның алғашқы қызығушылығын туындатуы мүмкін. Екіншіден, кіріспеде жазылған жалықтыратын және қажетсіз ақпараттар оқырманды мәтінді оқу туралы құлшынысын жоғалтуына септігін тигізеді. Ал керісінше тартымды ақпаратты ұтымды қолдану және мәтіннің түсінікті тілі арқылы оқырманның мәтінді оқуға деген қызығушылығын арттыруына болады. Сондықтан, кіріспені жазу барынша дайындық пен тиянақтылықты талап етеді.

Кіріспе мәтіннің негізгі жоспары болып табылады. Кіріспе оқырманға беретін біраз мәліметті қамтиды. Кіріспе бөлімде мәтіннің тақырыбы, неліктен оның маңызды екені туралы және талқылаудың жоспары жөнінде жазылады. Көптеген академиялық пәндерде кіріспе бөлімде негізгі дәйек етіп алған тұжырымның негіздемесін беруді талап етеді. Сонымен қатар, кіріспе дәйектеме ретінде қарастырылып отырған тұжырымдардың параграфтарда берілуі мен ұйымдастырылу жөнінде мәліметтерге қысқаша тоқта-

лып өтуі тиіс. Яғни, кіріспені оқыған оқырман негізгі бөлімді оқу барысында ешқандай жаңа тұжырым немесе ретсіз берілген ақпаратты кездестірмеуі қажет.

Сонымен кіріспеде қамтуы тиіс негізгі мағлұматтарға мыналар жатады:

- Зерттеу жұмысының мақсаты;
- Зерттеу сұрағы (кейде әдебиеттерге шолу жасалғаннан кейін берілуі мүмкін);
- Тақырыпқа байланысты еңбектерге шолу;
- Негізгі кездесетін терминдерге шолу жасау және оқырманға түсініксіз болатын болса, оларға анықтама беру;
- Мақала құрылымына сипаттама беру.

Кіріспеде мәтінде қаралатын ақпарат туралы мәлімет берілумен қатар, оқырманның қызығушылығын барынша оятуға тырысу қажет. Ол үшін кіріспені қызықты мәліметпен, қызықты сұрақпен немесе қызықты мысалмен бастаған тиімдірек болады.

Кіріспені жазбас бұрын қашанда тақырып бойынша осы кезеңге дейін айтылған немесе көтерілген мәселелер жөнінде білген дұрыс. Дегенмен, кіріспені жазу барысында тақырып жөнінде білетін жайттың барлығын жазу дұрыс емес, тек қажетті деген жайттарды қысқаша берген жөн. Мәселен, зерттеу жұмысы ҚР ауылшаруашылығы дамуының экономикалық маңызы туралы болса, студент ҚР ауылшаруашылығының даму тарихы және кезеңдері мен салалары сияқты кең ауқымды мәселені қозғап кетпеуі тиіс. Егер зерттеу сұрағына жауап беру үшін оның даму тарихын қарастыру қажет болу шарт болатын болса, оны әдебиеттерге шолу бөлімінде жазуға болады.

Негізінен кіріспенің соңында жұмыстың негізгі тұжырымы мен қорытындысы және жалпы жұмыстың құрылымы жөнінде қысқаша мәлімет беріледі. Эссенің құрылымы туралы мәлімет беру оқырман үшін тақырыпқа байланысты ақпаратты тез табуына және оқылым үдерісін жеңілдетуге ықпалын тигізеді. Жақсы жазылған кіріспе тың жайтты көтеріп, қызығушылықты арттырады, тақырыптан тыс жайтты қозғамай, тек зерттеу сұрағын талқылауға бағытталады.

Кіріспені жазу барысында мына кеңестерді есте сақтаған жөн:

Кейбір студенттер үшін кіріспені соңында жазған тиімді.

Өйткені, жазылым барысында түрлі ойлар туындап, олар эссе құрылымы мен кіріспенің жазылуына әсер етуі мүмкін. Әдетте, жинақталған материалдарыңызға байланысты негізгі бөлімнің жоспарын құрып, негізгі бөлімді бастаған дұрыс. Негізгі бөлімде талданған мәселеге орай және оның жазылу жүйесіне қарай кіріспе бөлімді жазып шығу жеңілірек болады. Дегенмен, кейбір студенттер жазба жұмысын кіріспеден бастағанды жөн көреді, себебі олар өздерінің негізгі бөлімде қандай мәселені қарастыратындығы жөніндегі жоспары анық болуы мүмкін. Егер автор алдымен кіріспені жазғанды қаласа, соңынан қайта қарап, түзетіп шығуды ұмытпауы тиіс.

Кіріспе көлемі жазылатын эссе көлеміне тікелей байланысты. Егер жиырма беттен тұратын ғылыми жұмыс жазылса, екі бет кіріспе жазылуы мүмкін. Сондықтан да, кіріспені көлемді түрде жазуға болмайды. Егер кіріспеден тақырып жөніндегі әдебиеттерге кеңінен тоқталу қажет болса, оны әдебиеттерге шолу бөлімінде жазуға болады.

Мүмкіндігінше ой анық болуы керек. Талқынатын тақырып алғашқы сөйлемнен-ақ білінуі қажет. Ойды немесе тақырыпты алыстан қозғау жиі кездесетін қателік. Жоғарыда айтып өткендей кіріспе жазба жұмысының ең жиі оқылатын бөлімі, сондықтан бұл бөлім мүмкіндігінше жинақы, әрі жүйелі болуы тиіс. Автор ойын кіріспеден анық білдіруі қажет болса, оны кіріспенің соңында беруіне болады, бірақ бұл міндетті емес.

Сонымен, кіріспені жазудың қарапайым жолдары мынадай болмақ:

- Оқырманды жұмысты оқып шығарлықтай құнды екеніне сендіру;
- Кіріспені жалпы ақпараттан бастау, бірақ тым кең мағлұматтан бастамау керек;
- Кіріспені соңынан жазу;
- Алғашқы сөйлемге ерекше мән беру.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Кіріспені жазу барысында неліктен бірінші сөйлемге баса мән береміз?
2. Кіріспе мен қорытынды арасында қандай айырмашылықтар бар?
3. Кіріспеде жазба жұмысының құрылымы таныстырылады ма?
4. Кіріспеде қызықты статистикалық мәліметті қолданудың мақсаты неде?
5. Жазылым үдерісі барысында кіріспені қай кезеңде жазған дұрыс?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Төменде берілген кіріспе үлгісін мұқият оқып, талдау жасаңыз.

Ұялы телефон адам өміріне байланысу құралы ретінде қолданысқа енгелі бері, барлық адамзат баласының күнделікті қажетті құралына айналды. Ұялы телефонның негізгі қызметі ақпарат алмасу болғанымен, олардың қазіргі заманауи талапқа сай жасалған түрлерінің қызметтері тым көп. Олар фотоға, бейнетаспаға түсіру, әуен тыңдау, олармен бөлісу сияқты толып жатқан көмекші құрылымдық қызметтерінің арқасында кез келген жанның жанынан тастамайтын құрал ретінде орын алды. Сондай-ақ, ол балалардың да байланыс құрылғысы болуымен қатар, олардың көңіл көтеріп, түрлі ойындар ойнатын техникалық құралы. Бірақ, қазіргі кезде балалардың ұялы телефон ұстағаны дұрыс емес немесе дұрыс деген кереғар пікірлер қалыптасуда.

2. Жақсы кіріспе жазу үшін қандай кеңестерді басшылыққа алған жөн екенін табыңыз:

- 1) *Тақырыпты түсінікті түрде таныстыру;*
- 2) *Тақырып жөніндегі ақпараттарды бірнеше сөйлеммен беру;*
- 3) *Эссенің негізгі идеясын көрсету;*

4) Тақырып жөнінде толық ақпарат бермеу немесе тым көп мәлімет жазу;

5) Әр түрлі тақырыпта көп сөз қозғау;

6) Эссенің негізгі идеясын нақты көрсетпеу.

3. Төменде берілген мәліметтер ішінен кіріспені қызықты етіп жазудың жолдарын табыңыз.

1) Жалтыны толғандыратын мәліметтер жөнінде мүмкіндігінше көп мәліметтер беру

2) Эсседе қозғалатын тақырыптар жөнінде көбірек ақпарат беруге тырысу

3) Қызықты фактілер мен статистикалық мәліметтер қолдану

4) Өзіңіздің басыңыздан өткен оқиға немесе тәжірибеңіз туралы мысал келтіру

5) Қызықты сілтеме жасау

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012

2. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.

3. Короткина Ирина Борисовна. *Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов*. – М.: Юрайт, 2015. – 295с.

4. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study*. Garnet, 2012

5. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students*. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.

6. Sword H. *Stylish academic writing*. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012

7. Jordan R. *Academic writing course*. Harlow: Longman, 2010.

8. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ПАРАГРАФ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Параграф белгілі бір тақырыптағы ойды білдіретін бірнеше сөйлемдердің жиынтығы. Әдетте, академиялық жазылымда параграф бес және он сөйлемнен құралуы мүмкін, бірақ бұл міндетті емес. Сондықтан, талқыланатын тақырыбына байланысты параграф кейде бұдан көп немесе аз болып келеді. Параграф азат жолдан басталады.

Параграфты жазудың жолдары:

- *Параграфта айтылатын мәселемен таныстыру;*
- *Мәселені ашу;*
- *Түсіндіру;*
- *Қорытындылау.*

Параграф жазу барысында оның құрылымына ерекше назар аудару қажет. Параграф құрылымының негізін сақтау мәтінді, яғни ондағы ақпаратты барынша тез түсінуге мүмкіндік жасап қоймай, жазылым үдерісінің жүйелі жүзеге асуына ықпал етеді. Параграф негізінен мынадай құрылымнан тұрады:

Негізгі сөйлем – негізгі ойды білдіріп, параграф басында келеді. Себебі бұл сөйлем осы бөлімнің басты идеясын береді.

Көмекші сөйлемдер – негізгі сөйлемде берілген ойды түсіндіріп, талдау жасайды. Параграфтың тақырыбы жөнінде мысалдар мен мәлеметтер береді.

Қорытынды сөйлем – параграфтың соңында жазылады. Бұл сөйлем негізгі ойды қайталау немесе параграф жөніндегі автордың қорытынды ойы ретінде берілуі мүмкін.

Әрбір параграф негізгі бір ойдың төңірегіне топтастырылуы қажет. Яғни, параграф негізгі бір ойды ғана білдіріп, барлық сөйлемдер сол ойды ашу, қолдау, дәлелдеу үшін қызмет етуі тиіс.

Эссе жазу барысында параграфтар негізгі мәтіннің беретін ойын білдіру үшін құрыла отырып, автордың тұжырымдарын беруге бағытталады. Әрбір параграфта тұжырымды қолдау немесе жоққа шығару үшін оқыған материалдарға сілтеме беру керек немесе қорытынды жасап отыру қажет.

Мәтіннің сәтті жазылуы оның параграфтарының құрылымына тікелей байланысты. Сол себепті, параграфты жазу тиянақтылық пен ұқыптылықты талап етеді. Параграфты бастамас бұрын параграфтың не жөнінде жазылатыны туралы нақты білу қажет. Негізгі тақырып бойынша басты тұжырымдарды білмей параграфты жазу мүмкін емес. Параграф жақсы жазылуы үшін мынадай қарапайым сұрақтардың жауабын білген жөн:

- *Параграфтың беретін ұсынысы қандай болмақ?* Егер параграф ұсыныс берлуі үшін жазылатын болса, мәселен «*Мамандық таңдау. Қай мамандықты таңдауға болады? Неліктен?*» немесе «*Мұнайдың арзандауына әсер ететін негізгі фактор*» бұл пікірлерді жазбас бұрын, ұсыныс жөнінде мұқият ойланып алу қажет және тақырыптан ауытқымау жағын естен шығармау керек.

- *Параграфтың негізгі идеясы мен пробелемасы қандай?* Тақырыптың зерттеу сұрағы туралы ойлану немесе осы тақырыпқа қатысты негізгі идеялар мен мәселелер жөнінде қарастыру қажет. Параграфта негізгі тақырыпқа қысқаша түрде жауап берілуі тиіс.

- *Оқырманы кім? Кім үшін жазылады?* Жазба жұмысының негізгі оқырманы кім екені жөнінде ойлану қажет. Олардың негізгі мамандығы, білімі қандай екені ескерілуі тиіс. Олар бұл тақырып жөнінде біле ме немесе қосымша түсіндіруді талап ете ме деген мәселе ұмытылмауы тиіс.

Егер параграф үлкен эссенің бір бөлігі болады деп есептелсе, эссенің жоспары жазылатын параграфтың тұжырымын анықтауға үлкен септігін тигізеді.

Тұтас бір мәтіндегі параграфтар өзара байланысып, жүйелі логикалық оймен жазылуы тиіс. Параграфты алдыңғы жазылған жайтты қайта жазудан бастамау қажет. Оның бірінші сөйлемі оқырман назарын тың жайтқа аударып, автор ойының қалай өрбіп жатқанын аңғартуы тиіс.

Жұмыс жазылып болған соң әрбір параграфтың алғашқы сөйлемін оқып, өзге сөйлемдерді оқымай-ақ эссе құрылымын, ондағы ойдың жүйелі түрде берілгенді байқауға болатынына көз жеткізу керек. Тұжырымдардың берілу реті мағыналық жағынан сәйкес келетіні және ойдың шашыраңқы емес екені, пікірлердің

қайталанбайтындығына назар аудару қажет. Бұл мәселеге қанағаттарлық жауап ала алмаған жағдайда, параграфтарды қайта жазуға тура келеді.

Параграфты жүйелі жазу:

Өркім өз жазу стиліне қарай параграфты құруы мүмкін, дегенмен параграфты жазу барысында мынадай басты ережелерді сақтаған жөн:

1. Параграфтың негізгі ойы немесе тұжырымы болуы тиіс.
2. Параграфтың алғашқы сөйлемі ондағы ой немесе тұжырым жайында нақты ақпарат беруі тиіс.
3. Алғашқы сөйлемнен кейін негізгі ойды немесе тұжырымды қолдайтын сөйлемдер жазылады. Яғни, тақырыпқа байланысты әдебиеттерден алынған дәлелдер, аргументтер, статистикалық мәліметтер, фактілер, тұжырымдар, зерттеулер және т.б. берілуі мүмкін. Егер идеяны қолдайтын дәлелдемелер табылмаса, ондай тұжырымды жазбаған дұрыс. Себебі, идеялар қашанда дәлелдеуді талап етеді, ал дәлелдерге сілтемелер жасалынуы қажет.
4. Үнемі мәліметтердің қалай дәлелденіп тұрғаны жөнінде ойлану керек.
5. Параграфтың соңында жалпы тұжырымның немесе ойдың маңызды екенін көрсетіп, келесі параграфта баяндалатын тұжырымға бағдар берілуі тиіс.
6. Оқырман параграфтың бірінші және соңғы сөйлемін оқу арқылы автордың негізгі ойы немесе тұжырымын түсіне алуы қажет.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Параграф дегеніміз не?
2. Параграф неше сөйлемнен құралуы мүмкін?
3. Параграфтың құрылымы қандай?
5. Параграфтың негізгі қызметі қандай?
6. Өз параграфыңызды тексеру үшін қандай сұрақтар қоюға болады?

7. Параграфтың алғашқы және соңғы сөйлемдерінің арасында қандай байланыс бар?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Кестеле берілген параграфты жазудың кезеңдерінің ретін табыңыз:

Реті	Кезең атауы
	Параграфта талдайтын тақырыпты таңдап алу
	Параграфтың негізгі ойын түйіндел, қорытынды сөйлем жазу
	Параграф тақырыбын көмекші сөйлемдер жазу арқылы өрбіту
	Өзіңізге ұнайтын кез келген ой шақырту амалдарын қолдану
	Сыныптасыңызбен параграфты қалай өрбіту жолдары жөнінде пікір алмасу

2. Берілген параграфтың негізгі сөйлемін, көмекші сөйлемдерін және қорытынды сөйлемін анықтаңыздар. Автор ойын қалай дәлелдеуге тырысқан?

Балалардың ұялы телефон ұстауына қарсы пікірлер негізінен ұялы телефонның базалар денсаулығына зиян екенін айтады. Бұл пікірді жақтаушылар дәрігер ғалымдардың ұялы телефондар адам денсаулығана өте зиян деген тұжырымдарын алға тартады[1]. Мысалы, ұялы телефонмен жиі сөйлесу қазіргі таңда жастар арасында жиілеп кеткен әртүрлі аурулардың туындауына себеп болуы мүмкін, сол себепті кейбір адамдар ұялы телефондарды мектеп жасындағы балаларға қолдануға тиым салу қажет деп санайды. Бұл ойды қолдайтын адамдар қатарына мектеп мұғалімдерін жатқызуға болады. Мектеп мұғалімдерінің пікірінше ұялы телефондар балалардың өз бетінше ойлауына кедергі келтіреді. Меселен, олар математикалық есептерді шығарғанда ұялы телефон қызметін пайдаланып он-оңай шығарады, ал ол бұлардың өзіндік ойлау қабілетін айтарлықтай бәсеңдетеді. Сондай-ақ, оқушылар кез келген ақпаратты ұялы телефон арқылы кітапханаға бармай-ақ интернеттен лезде жүктеп алуына болады[2]. Сондықтан да, балаларға ұялы телефон ұстауға болмайды

деген пікір білдірушілер, балалардың телефонды қолдануына шектеу қою немесе тыйым салу қажеттілігін айтады [1,2]. (эсседен үзінді)

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Swales J. M. & Feak, Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012
2. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.
3. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study*. Garnet, 2012
4. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students*. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
5. Sword H. *Stylish academic writing*. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
6. Jordan R. *Academic writing course*. Harlow: Longman, 2010.
7. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

НЕГІЗГІ БӨЛІМДІ ЖАЗУ

Кіріспе бөлімнен кейін эссенің тақырыбын талқылайтын, оның зерттеу сұрағына жауап беретін, негізгі тұжырымдар жазылатын, ол әрине - негізгі бөлім. Негізгі бөлім эссенің негізі болғандықтан көлемі жағынан барлық эссенің 80% қамтуы мүмкін (Мысал, 2000 сөзден тұратын эссенің негізгі бөлімі оның 1600 сөзін алуы мүмкін).

Негізгі бөлімді жазу үшін талқыланып, талданатын тұжырымдарды жоспарлап және оны жүйелеп алу қажет. Ол үшін мынадай қарапайым жайттарды жүзеге асыруға тура келеді:

1. Зерттеу тақырыбына байланысты материалдарды жинақтау;
2. Материалдар ішінен тақырыпқа байланысты мағлұматтарды жазып алу немесе белгілеп қою;
3. Табылған материалдарды тақырыпша бойынша топтастыру;
4. Топтастырылған тақырыпшаларға қарай шағын жоспар құру.

Негізгі бөлім жоспарын құрап алмас бұрын жалпы жазылатын жұмыстың жоспарын құрып алған дұрыс. Ол жазба жұмысының тақырыпқа және көлеміне сай жазылуына үлкен әсерін тигізеді. Негізінен шағын эссенің жоспарының құрылымын былай беруге болады:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

A. Бірінші параграфта қозғалатын тұжырым

B. Екінші параграфта қозғалатын тұжырым

III. Қорытынды

Кейде эссе шағын болатын болса, екі түрлі мәселе немесе тұжырым бір параграфтың құрамында талқыладануы мүмкін. Дегенмен, эссе көлеміне қарай әрбір мәселені жеке-жеке кеңінен талқылауға да болады.

Негізгі бөлім параграфтардан тұрады және әрбір параграф тақырыпқа байланысты жекелеген ойларды қамтиды. Әдетте, негізгі бөлімді жазу үдерісі мынадай болуы мүмкін:

1. Негізгі бөлімде қарастырылатын мәселені жоспарлап алғаннан кейін параграфтар жазуға кірісу. Параграфты алдыңғы параграфпен байланыстыруды ұмытпау.

2. Сөйлемдердің қандай мазмұнда болатынын ойланып отыру. Идея келесі сөйлемдерде дамытылып, отыруы тиіс.

3. Аяқталған сөйлемді оқып отыру. Ол грамматикалық стильдік қателердің болмауына үлкен әсерін тигізеді.

4. Негізгі бөлімді оқып, жоспарымен сәйкес келуін тексеру. Бұл тақырыптан ауытқымай жоспарға сай жұмыс жасалып жатқандығын тексеруге мүмкіндік береді.

5. Басқа адамға оқытып, талқылату. Ол жұмыстың қателіктері және қаншалықты түсінікті, қызықты екені туралы айтып бере алады.

Негізгі бөлімнің құрылымы жазба жұмысының зерттеу сұрағына байланысты. Мәселен, сипаттамалық эссе нысанды, орынды, оқиғаны, үдерісті сипаттау және түсіндіру мақсатында құрылады. Аргумент эссе таразыланған көзқарас немесе белгілі бір тұжырымға оқырманды сендіруге бағытталады. Ал, салыстыру және қарсы қою эссесі қандайда бір мәселені қарсы қою, салыстыру бағытында жазылады. Жазба жұмысының құрылымына қарай зерттеу сұрағына жауап беріліп, тұжырымдар талқыланады.

Негізгі бөлімнің негізгі мақсаты - зерттеу сұрағына жауап беру үшін талданатын мәселеге, тұжырымға жан-жақты талқылау жасау. Әдетте, академиялық жазылымда талқылаудың маңызды ерекше. Талқылауда екі немесе одан да көп тұжырымды тиімді немесе тиімсіз тұрғыдан талқылауға болады. Талқылаудың негізі ретінде бір тұжырым ғана алынып, оқырманға сол тұжырымның тиімді және дұрыс екені дәлелденуі мүмкін. Бұл автордың не оқып, не үйренгеніне сүйене отырып пікірін білдіруі. Соңдықтан, автор өз аргументін дамытып, мысалдар мен нақты жайттар арқылы дәлелдей отырып, қорытынды жасауы қажет. Эссе жазу барысында автор өз пікірін мынадай тіркестермен беруіне болады: *«Бұл жағдайда қарастырылған әдебиеттер арқылы мына көзқарастарды аңғаруға болады..., Бұл мәселе бойынша мынадай ой түйіндеуге болады...»* және т.б.

Академиялық жазылымда берілген барлық пікірлер дәлелденуі қажет. Тұжырымды немесе пікірді дәлелдеудің құрылымын мынадай қарапайым мысал ретінде көрсетуге болады.

- **Тұжырым (пікір)** – көзқарас және сенім. *Марат жақсы мұғалім.*

- **Түсіндіру** – автор не себепті сенеді. *Марат оқушыларды жақсы көреді.*

- **Автордың дәлелі** – көзқарасты дәлелдейтін фактілер, мәліметтер, мысалдар. *Автор Мараттың мектепте сабақ бергенін көрген.*

- **Дәйегі (аргументі)** – дәлелдер тұжырымды қаншалықты нақтылайды. *Оқушының жетістігі мұғалімге тікелей байланысты.*

Жалпы тұжырымды берудің мынадай екі жолы бар:

- 1) *Таразыланған көзқарас:* Мұндай жағдайда дәйектің екі жағында автор өз көзқарасын соңғы параграфқа дейін анық білдірмейді.

- 2) *Сендіру:* Бұл дәйектемелік жазылымда автор өз көзқарасын бірден білдіреді, содан кейін өзінің пікірінің дұрыс екеніне оқырманды сендіруге тырысады.

Бұл екі жолдың қайсысын таңдау берілген талсырмаға, зерттеу сұрағының құрылымына және оған автордың жауап беруіне тікелей байланысты.

Негізгі бөлімді жазудың ең басты талабы сыни тұрғыда өзге авторлардың пікірлері мен осы жұмыстың зерттеу нәтижесін талқылау және дәйектеу. Автор өз пікірін дәлелдеу үшін өзге авторлардың пікірін және көзқарасын беруі керек. Талқылау барысында алдымен өзге автордың пікірін парафраз немесе қорытынды жасау арқылы беріп, оларды тиімді немесе тиімсіз тұрғыдан талдаудың маңызы зор. Бұл автордың өзге авторлардың көзқарасына сыни тұрғыдан қарай алатындығын дәлелдейді.

Негізгі бөлімде кем дегенде екі немесе оданда көп тұжырымдар тиімді және тиімсіз жақтан қарастырылып, талқыланады. Бұл тұжырымдардың барлығы материалдарды оқу барысында туындауы мүмкін. Талқылау барысында автор тиімді немесе тиімсіз деген тұжырымның бірін таңдау арқылы соның дұрыс екеніне оқырманын сендіруге тырысуы мүмкін. Бұл автордың көзқарасын (тиімді немесе тиімсіз) өзгелерге білдіру мен түсіндіру үшін

беріледі. Талқылау барысында автор өз пікірін дәлелдеу немесе жокқа шығару үшін мынадай сөз тікестерін қолдануы мүмкін: *«Кейбір ғалымдардың пікірінше ..., Алайда олар ... дұрыс аңғармаған сияқты, ... дұрыс ұстаным емес екенін ескермеген сияқты, кейбір ғалымдар ... сендіреді, қарастырған жайтпен толық келісуге болмайды, өйткені..., зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей бұл пікірмен келісуге болмайды, өйткені..., қазір кейбір ғалымдар үшін бұлай түсіндіру үрдіске айналды..., көптеген ғалымдардың пікіріне қарамастан, зерттеу нәтижесі көрсеткендей ...»* және т.б.

Сонымен талқылау барысындағы негізгі ұстаным:

- Контексте берілген материалдардың мақсатының құндылықтарын талдау;
- Идеялардың құндылықтары мен ақпараттың сенімділігіне талқылау жасау;
- Идеяларды салыстыру;
- Субъективтілікті анықтау.

Негізгі бөлімді жазып болған соң, зерттеу сұрағына жауап беру үшін жасалған тұжырымдардың қаншалықты деңгейде талқыланып анықтау қажет. Жазылған негізгі бөлімді автордың өзі мынадай сауалдар қою арқылы тексере алады:

- Жұмыстың құндылықтарымен және нәтижелерімен келісесіз бе?
- Бұл жөнінде өзге автордың ойы қандай?
- Қалай дәлелдейсіз?
- Нәтижені қалай талқыладыңыз?

Тұжырым жасау

Жазылым барысында ең негізі ескеретін жайттың бірі автордың өз пікірін бере білуі. Бұл оқырманға мәселенің сини тұрғыдан талданғанын білдіреді. Тұжырым жасау жеке көзқараспен қатар, зерттеу сұрағына қалай жауап берілетіндігіне тікелей байланысты. Тұжырым құрылған жоспар мен оны дәлелдеу үшін табылған деректерге, яғни әдебиеттерге байланысты жасалады. Жазылым барысында тұжырым жасалынып, оның тақырыпқа байланысты

айтылғанына мән берілуі тиіс. Тұжырым жасамас бұрын шағын тіркестер арқылы түртпе жасап, зерттеу жұмысының тақырыбын ашуға бағытталғанындығы жөнінде көз жеткізін алу қажет.

Тұжырымның құрылымы оқырманды зерттеу сұрағына қалай жауап беретіні жөнінде құрылған жоспарға байланысты логикалық тұрғыда жазылады. Зерттеу жұмысы барысында оқырман қандай сұраққа жауап іздеуі мүмкін екендігін болжап, осы сұрақтың жауабын беру үшін тұжырым жасау қажет.

Талқыланып жатқан екі жақты пікір теңдей талдануы тиіс. Келтірілген дәлелдерді талдай келе қорытынды жасап, белгілі бір ойды немесе тұжырым мен пікірді қолдайтыны анық көрсетіліп, басқа тұжырым жоққа шығарылуы мүмкін. Қорытындыда пікірді анық беру қажет, себебі қорытынды мен келтірілген дәлелдерге сүйене отырып тұжырымды ары қарай дамытуға болады.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Жазба жұмысында дәйектемелер мен мысалдарды қалай қолдануға болады?
2. Аргумент дегеніміз не?
3. Автордың өз ойын беруі дегенді қалай түсінесіз?
4. Өзге автор пікірлерін сыни тұрғыдан қалай талдауға болады?
5. Біржақты бағыттағы жазба жұмыстары қандай болуы мүмкін?
6. Талданатын тұжырымдарды қалай жоспарлауға болады?
7. Шағын эссе жоспарының құрылымы қандай болады? Мысал келтіріңіз.
8. Неліктен тұжырымды немесе ұстанымды тиімді және тиімсіз жағынан қарастыруымыз қажет?
9. Талқылау барысында қандай ұстанымдарды басшылыққа аламыз?
10. Негізгі бөлімді қандай сұрақтар қою арқылы тексеруге болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Берілген эссе үзіндісін оқып, қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақстандағы білім жүйесі біршама жолға қойылған. Шет ел аспай-ақ өз елімізде де жақсы білім алуға болады деген пікірмен келісуге де болады. Жоғары білім аламын деген талапкерлер үшін Қазақстанда көптеген ЖОО-дары бар. Қазіргі таңда Қазақстан Республикадағы ЖОО саны екі жүзден асады екен [1]. Оларды бітіріп шыққан мамандардың жұмысқа орналасу көрсеткіші жаман емес. Мәселен, Қазақ Британ Техникалық Университетінің бітірушілер 98% жұмыспен қамтамызса [2], ал КИМЭП университетінің бітірушілері алты ай ішінде жұмыспен толық қамтамасыз етіледі екен [3]. Түлектердің толық жұмысқа орналасуы ҚР ЖОО-ның жақсы білім беретініне дәлел бола алады. Бірақ, еліміздің кейбір оқу орындарында жемқорлық мәселесі кездеседі [4] және еліміздің ешқандай ЖОО әлемдегі рейтингісі жоғары оқу орындарының қатарында жоқ. Бұл жайттар кейбір жастарға ЖОО-дарының сапасына деген күдік тудырып, шет ел ЖОО-дарының білімін алуына себеп болады. *(эсседен үзінді)*

- 1) Эссенің тақырыбы қандай болуы мүмкін?
- 2) Эссе қандай сұраққа жауап беруге бағытталған?
- 3) Автор тұжырымы қалай дәлелденген?
- 4) Автор дәйектерімен келісесіздер ме? Неліктен?
- 5) Автор өз пікірін дәлелдеу үшін әдебиеттер қолданған ба?
- 6) Параграф қалай басталып, қалай аяқталған?
- 7) Параграфтың негізгі сөйлемі мен қорытынды сөйлемі арасында байланыс бар ма? Болса, қандай?
- 8) Үзіндіде орфографиялық, пунктуациялық қателер кездеседі ме? Кездессе қандай?
- 9) Стильдік қателіктер бар ма? Болса қандай?

2. Төменде берілген сөздер қай кезде қолданылуы мүмкін?

Бұдан басқа, сондай-ақ, дегенмен, сонымен қатар, бірақ, осылайша, алдымен, біріншіден, бірінші кезекте, екіншіден, үшіншіден, ақырында.

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012
2. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.
3. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study*. Garnet, 2012
4. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students*. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
5. Sword H. *Stylish academic writing*. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
6. Jordan R. *Academic writing course*. Harlow: Longman, 2010.
7. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМДІ ЖАЗУ

Қорытынды эссе құрылымының қажетті бөліктерінің бірі болып табылады. Өйткені, қорытындыда эссенің негізгі идеялары мен түйінді ойлары беріледі. Сонымен қатар, қорытынды эссенің соңғы параграфы болып табылады. Мұнда эсседе айтылған жайттар жөніндегі мәселелер автордың өз пікірімен жинақталып беріледі және мұнда жаңа ой айтылмауы тиіс. Ол тек қарастырылған тақырып жөніндегі автордың ойлары мен алдағы уақытта талданатын мәселелерін ғана қамтуы мүмкін.

Кейбір студенттер үшін қорытынды жазу біршама қиындық тудыруы мүмкін. Себебі, қорытынды жазу барлық жұмыс аяқталғаннан кейін автордың қандайда бір тұжырымды нақтылап беруінің соңғы мүмкіндігі, сондықтан барынша жұмыстың негізгі түйінін бере білу қажет. Ал, оқырман қорытындыны оқи отырып, осы кезеңге дейін айтылған ойдың нақты бір тұжырымын есінде сақтайтын болады.

Қорытындының өзге бөлімдерге қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар және оның жазба жұмысында атқаратын негізгі қызметтері мынадай:

- *Негізгі ойды түйіндеу;*
- *Эссені жазудағы негізгі идеяны беру;*
- *Эссенің негізгі идеясы жөнінде соңғы пікірді білдіру;*
- *Оқырманның есінде қалуы тиіс ойды ерекше көрсету.*

Студенттер жазылым үдерісі барысында қорытынды бөлімді тиімді жазып шығу үшін мынадай қарапайым кеңестерді есекергені жөн:

1. *Аргументтер мен негізгі идеяны қысқаша қортындылап беру.* Қорытынды бөлімде негізгі бөлімде берілген ойларды түйіндеу барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолданған жөн.

2. *Автордың орытынды пікірін білдіруі.* Бұл қорытынды бөлімнің негізгі шарттарының бірі.

3. *Эсседегі өзіндік пікірді анық етіп жазу.* Себебі, эссені жазудағы мақсат жазылып отырған тақырып жөнінде автордың өз ойын білдіру болып табылады.

4. Қорытынды көлемін шағын етіп жазу. Негізнен қорытынды жазылған жұмыстың 10 пайызынан аспауы мүмкін.

Қорытынды жазу барысында эссенің негізгі бөлімінде берілген көлемді ақпаратты қайталамау қажет. Бұл эссе көлемін арттырумен қатар оқырманды жалықтыруы мүмкін. Сонымен қатар, негізгі бөлімде талқыланбаған жаңа ойды жазбау керек. Қорытынды бөлімде жаңа ой талқыланбайды, тек айтылған ой қорытындыланады.

Қорытындыны жазу барысында мынадай сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға болады: *«толықтай алғанда, қорытындысында, қорытындылай келе, барлық жағдайларды ескере отыра, соңында, аталған жайттарды ескере отырып...»* және т.б.

Ал, автор ретінде өз көзқарастарын білдіру үшін мынадай сөздер мен сөз тіркестерін қолдануы мүмкін: *«зерттеу нәтижесі көрсеткендей бұл тақырып өте даулы, зерттеу нәтижесі бойынша, қалыптасқан пікір бойынша, зерттеу нәтижесі мұны ..., нәтиже мұның ..., қарастырылған мәселені саралай келе... көрінеді»* және т.б.

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Қорытынды қалай жазылады?
2. Қорытындыны жазу нәліктен қиындық тудыруы мүмкін?
3. Қорытынды бөлімнің негізгі қызметі қандай?
4. Жазба жұмысында автордың ойын білдірудің соңғы мүмкіндігі дегенді қалай түсінесіз?
5. Қорытынды бөлімді қалай сәтті жазып шығуға болады?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1. Төменде берілген кестеден қорытындыға қатысты шарттарды анықтаңыз.

Шарттар	Қатысты	Қатысты емес
Оқырман эссенің негізгі идеясымен танысу үшін кейде бірінші қорытынды бөлімді оқуы мүмкін.		
Қорытындыда эсседе талқыланбаған тың идея айтылады		

Эсседе қарастырылған сұраққа қорытындыда жауап беріледі.		
Эсседе талданған мәліметтерге қорытындыда жауап берілуі міндетті емес		
Алдағы уақытта зерттеу жасау жөнінде ұсыныстар берілмеуі тиіс		
Эссенің негізгі қозғаған тақырыбы мен қорытынды арасында тығыз байланыс болады.		

2. Берілген эссе үзіндісін оқып, бөлімнің қалай басталғанын және қалай тұжырымдалғанын анықтаңыздар.

Қорыта келгенде, ҚР ЖОО-дары дамыған мемлекеттердің білім жүйесін үлгі етіп, жетілдіруде және тәжірибе алмасуда. Сол себепті, елімізде бакалавр дәрежесі бойынша оқып, одан әрі заман талабына сай білім аламын деген мамандар үшін “Болашақ” сияқты бағдарламалар арқылы білімін шыңдауы, олардың өз саласы бойынша бесаспап маман болуына зор ықпалын тигізері сөзсіз. Яғни, бәсекеге қабілетті, елімізде оқытылу жүйесі әлі толық қалыптаспаған мамандықтарды меңгерген жақсы маман болу үшін шет елдің үздік оқу орнында білім алу міндетті сияқты.(эседен үзінді)

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012
2. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.
3. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study*. Garnet, 2012
4. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students*. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
5. Sword H. *Stylish academic writing*. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
6. Jordan R. *Academic writing course*. Harlow: Longman, 2010.
7. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ТҮЙІНДЕМЕ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАЗУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме – әдетте, тақырыптан кейін берілетін қысқаша жазылған тұжырым. Түйіндеменің негізгі мақсаты оқырманды (әсіресе, осы тақырыпқа қызығушы оқырманға) мақаланың негізгі мәліметтерімен қысқаша түрде таныстыру және мақаланың басты мәселелері туралы шағын ақпарат беру.

Студенттер үшін түйіндеме негізінен диссертация және тезис сияқты көлемді жазба түрімен байланыстырылады. Кәсіби деңгейде алғанда, түйіндеме академиялық (ғылыми) деңгейде жазылған мақалаларда болады. Жазба жұмысының түйіндемесін оқу арқылы оны оқырман өзінің ғылыми бағытына керек немесе керек емес екенін біле алады.

Түйіндеменің нақты белгіленген көлемі жоқ. Әдетте, түйіндемелер көбінесе 100-150 сөзден тұрады. Бірақ, PhD диссертациялық жұмыстар үшін жазылған түйіндемелер 300 сөзге дейін жетуі мүмкін, ал ғылыми конференцияларға арналып жазылған баяндамалардың түйіндемелері 50 мен 80 сөздің арасында болады.

Сонымен түйіндеме мынадай кезде жазылуы тиіс:

- Ғылыми бағытта редакцияланған журналдарға (әсіресе, онлайн журналдарға) мақала бергенде;
- Магистратура және Ph.D. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға;
- Конференция материалдарына және т.б.

Түйіндемені жақсы жазып шығу үшін мынадай жайттарды ескерген жөн:

- Түйіндемені оқығаннан кейін, мақаланы оқуға деген қызығушылық оянатындай болуы тиіс;
- Түйіндемені мақаланы жазып болған соң, яғни негізгі тұжырымды білгеннен кейін барып жазу қажет;
- Мұқият болу керек, себебі түйіндемені жазу эссе жазу емес, бірақ уақытты талап етеді. Оның жазылу құрылымы мүлдем бөлек, сондықтан оған тиянақтылықпен қарау керек.

Түйіндеме академиялық бағытта жазыла отырып, өзінін стилімен, аудитория қызығушылығын оятуға деген қызметімен және форматымен ерекшеленеді. Сондықтан, жазылым барысында түйіндеменің өзіндік ерекшеліктерін қолдана білу қажет.

Түйіндеменің стилі - Түйіндеме академиялық жазылым бағытында, яғни осы стильде жазылады. Сондай-ақ, түйіндеме сөйлемдері нақты, әрі қысқа болуы шарт. Сөйлемдер мазмұны өзара байланысты болуы тиіс. Егер қажет болған жағдайда сілтемелер берілуі мүмкін.

Аудиториясы - Жақсы жазылған түйіндеме арнайы мамандар мен жалпы оқырмандар үшін қызықты және тартымды болуы тиіс. Түйіндеме тілі жеңіл болумен қатар, кәсіби тілде жазылу қажет. Сол себепті, автор түйіндеменің мазмұны мен жазылу тілін мұқият саралап қолдануы керек.

Форматы – Әдетте, түйіндеме бір параграфтан тұрады және эссенің негізгі мазмұнын береді.

Түйіндеме академиялық бағытта жұмыс жазбаған студенттер үшін біршама қиындық тудырады, сондықтан оны жазуда көптеген кедергілер мен түсінбеушіліктер орын алуы мүмкін. Төмендегі жайттар арқылы түйіндеме жазу барысында кездесетін кейбір жайттарды және оларды қалай жүйелеуге болатындығы жөніндегі шешімдерін көруге болады:

1. Мәселе: Түйіндеме тым ұзақ немесе ақпараты өп болып алмастыру ақпараты көлемді болып жазылуы мүмкін. Түйіндеме мақаланың қысқартылған түрі және 150 сөзден аспауы керек.

Шешім: негізгі түйіндерге көңіл болу; ықшамдап жазу; қажет емес ақпараттарды алып тастау.

2. Мәселе: Түйіндеме асығыс жазылып немесе мұқият оқылып тексерілмеуі мүмкін. Әдетте, студенттер түйіндемені соңында жазғандықтан оны асығыс түрде жазып, мұқият тексеруге уақыты болмайды. Бірақ, түйіндеме жазу біршама уақытты талап етеді.

Шешім: Уақытты үнемдей білу, түйіндемені жазуды негізгі жоспарға қосу.

3. Мәселе: Түйіндеме кіріспеге ұқсап кетеді. Кіріспе мен түйіндеме байланысты, бірақ екеуінің мақсаты екі түрлі.

Шешім: Кіріспе мен түйіндеменің мақсатын нақты білу.

4. Мәселе: Өз аудиториясына түсініксіз болуы мүмкін. Түйіндеме тым түсініксіз немесе тым қарапайым тілмен жазылуы мүмкін.

Шешім: Түйіндемені жалтыға немесе «орта деңгейдегі оқырманға» түсінікті тілмен жазу.

Жалпы түйіндеме түйін жасалатын жұмыстың құрылымына байланысты. Сондықтан, барлық түйіндемелердің құрамында мыналар болуы тиіс:

Жазылым негізі - Зерттеудің маңыздылығы қандай? Оқырманды көлемді жұмысты оқыту үшін не қызықтыруы мүмкін?

Мәселесі -Зерттеу жұмысы қандай мәселені шешуге тырысады? Жұмыста қолданылатын негізгі уәждер мен пікірлер.

Әдістемесі - Ғылыми жұмыс қандай әдістерді қолданып жасалғаны немесе зерттеуде қандай дәлелдер қолданылғаны жазылады.

Нәтижесі - Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша жасалған пікірлер мен анықталған жайттар.

Әсері - Жұмыстың нәтижесі салдарынан қандай өзгерістер болуы мүмкін? Жұмыстың өз тақырыбына қосатын үлесі қандай?

Аталған мәселені толық түсіну үшін «Түйіндеме жазудың сипаттамасы» деген тақырыпта жазылған мақаланың түйіндемесін оқып, бөлімдерінің мақсатын анықтап көрелік:

«Түйіндеме – академиялық жазылымның негізгі құрылымы және оқырман үшін жазылатын шағын мазмұн. Сондықтан да, жақсы түйіндеме жазу кейбір студенттер үшін үлкен қиындық тудырады. Бұл мақала түйіндеме жазудың қиындығы жақсы түйіндеме жазудың негізгі қағидалары мен жазудың құрылымын білмегендіктен туындайды деп көрсетеді. Аталған мәселелерді анықтау үшін бұл мақалада әр түрлі бағыттағы академиялық тұрғыда жазылған 500 түйіндеме қаралып, 1000 студенттен сауалнама алынды. Сандық және сапалық талдаулар студент-

тердің түйіндемені түсіну деңгейінде жүргізіліп, негізгі мәселелер айқындалды. Зерттеу нәтижесінде студенттердің түйіндеме туралы түсінігін кеңейту және жазылым барысында оны көбірек талап ету сияқты екі мәселе анықталды.

Кілтті сөздер: академиялық жазылым, түйіндеме, эссе құрылымы, ойды тұжырымдау».

Берілген түйіндеменің құрылымы мен жазылу мақсатын түсіну үшін мынадай ерекшеліктерін анықтаймыз:

1. Зерттеудің мазмұнын анықтау. Жауабы: Түйіндеме академиялық жазылымның негізгі құрылымы. Түйіндеме нағыз оқырманның назарын тартушы құрал. Сол себепті де көптеген студенттер түйіндемені жазуды қиын санайды.

2. Зерттеу тақырыбын/проблемасын анықтау. Жауабы: Бұл мақала мынадай екі мәселені анықтайды. Бірінші, студенттер жақсы түйіндеменің негізгі құрылымдарының қандай екенін түсінбейді, екіншіден, олар түйіндеме жазудың тәсілдерін қолдана алмайды.

3. Әдістемені көрсету. Жауабы: Бұл мәселені анықтау үшін мақалада әр түрлі тақырыптағы 500-ге тарта академиялық түйіндемелер талданып, 1000-ға жуық студенттерден сауалнама алынады.

4. Негізгі анықталған жайттарды көрсету. Жауабы: Сандық және сапалық талдаулар студенттердің түйіндемені түсіну деңгейінде жүргізіліп, негізгі мәселелер айқындалды.

5. Негізгі қорытындыны көрсету. Жауабы: Зерттеу нәтижесінде студенттердің түйіндеме туралы түсінігін кеңейту және жазылым барысында оны көбірек талап ету сияқты екі мәселе анықталды.

6. Кілтті сөздер: Жауабы: Академиялық жазылым, түйіндеме, эссе құрылымы, ойды тұжырымдау.

Егер мақала онлайн арқылы іделетін болса, онда кілтті сөздерді жазу талап етіледі. Бұл оқырманға зерттеу бағыттары бойынша материалдарды тез табуға ықпал етеді. Сондықтан, кілтті сөздерде мақаланың тұжырымын беретін нақты сөздерді тауып қоюға тырысу керек.

Түйіндеме аз ғана сөзбен мейлінше көп ақпарат (тіпті, кіріспеден де көп мәлімет) беруге бағытталуы тиіс және тілі нақты, түйінді, түсінікті болуы қажет. Түйіндеме мүмкіндігінше тақырыпқа қатысты негізгі ойды білдіретін сөздерден басталу керек.

Түйіндеменің қай түрі жазсылса да оны бірнеше рет қайта оқып, түзетіп отыру қажет. Қайта оқу барысында көлемді, мағынасыз және тым әсерлі сөздер мен сөз тікестерін алып тастау керек. Идея мүмкіндігініше, шағын көлемде беріліп, мағынасы айқын болуы тиіс. Түйіндемені жазып болғаннан кейін оны бағалау үшін мына сұрақтарды қолдануға болады:

➤ *Менің түйіндеме қаншалықты нақты? Ол жұмыста қамтылған ақпаратты қаншалықты қамтыған?*

➤ *Менің түйіндеме қаншалықты ықшам? Мен негізі ойымды қаншалықты ықшамдап бере алдым?*

➤ *Менің түйіндеме қаншалықты түсінікті? Бұл саламен таныс емес оқырманға қаншалықты түсінікті болады?*

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Түйіндеменің не ексін білесіз бе?
2. Түйіндеме жазба жұмысының маңызды бөлігі деп санайсыз ба?
3. Сіз түйіндемелерді әдетте қайдан оқисыз?
4. Бұрын соңды өз жұмыстарыңызда түйіндеме жазған ба едіңіз?
5. Егер түйіндеме жазсаңыз, оны жазуды қайдан үйрендіңіз?
6. Түйіндеме жазу барысында қандай талаптарды басылыққа аласыз?
7. Түйіндеме жазудың құрылымы қандай?
8. Түйіндеме жазу сізге қиындық тудырады ма? Неліктен?
9. Зерттеу жұмысын жасау барысында мақала жазу үшін неліктен өзге мақалалардың түйіндемесін оқисыз?
10. Түйіндеменің көлемі қандай болу керек?
11. Түйіндеме мен кіріспенің айырмашылығы қандай?
12. Мақалаңызды жазу үдерісінің қай кезеңінде түйіндемені жазу керек?

Тақырыпқа байланысты өзін-өзі тексеруге арналған жаттығулар:

1.Томенде берілген түйіндемелерді (мысалдарды) салыстырыңыздар. Өзара артықшылығы мен кемшіліктерін анықтаңыздар.

Мысал-1.

Abstract

The research reported here investigated the personality traits and resilience that a sample of Greek school principals displayed. It probed also for differences associated with sex, age and years of service in the current leadership position, as well as relationships between personality characteristics and resilience strengths. To investigate these matters we used the “The Big Five Inventory” and the “Leader Resilience Profile”. The survey involved almost all school principals in the Magnesia regional government unit in central Greece. Only some of the findings echoed information found in the extant literature; indeed, our results suggest that understandings about school principals that have been developed elsewhere should not be generalized to Greece without considerable caution. (Lazaridou, A. and Beka, A. Personality and resilience characteristics of Greek primary school principals. *Educational Management Administration & Leadership*, September 2015; vol. 43, 5:pp. 772-791.)

Аудармасы: Түйіндеме

Зерттеу грек мектеп директорларын мысал ретінде ала отырып, олардың тұлғалық және төзімділік қасиеттерін баяндайды. Сонымен қатар, басшылық қызметтегі мерзімі, жынысы, жасы және тұлғалық сипаты мен төзімділік қасиеттерінің арақатынасы қарастырылады. Аталған жайттарды саралау үшін біз «Үлкен Бестік Тізімі» мен «Көшбасшының Төзімділік Қасиеттері» зерттеу құралдарын қолдандық. Зерттеу жұмысы Орталық Грекия бөлігінің Магнезия жергілікті әкімшілігіне қарасты барлық мектеп директорларын қамтыды. Тек кейбір ақпараттар ғана осы кезеңге дейінгі әдебиеттердің мәліметтерімен сәйкес келді; сондай-ақ, біздің зерттеу нәтижеміз мектеп директорлары туралы түсінік Грек еліндегі басқа жерлерде орналасқан мектептерге жалпылама қолдануға болмайтындығын көрсетті.

Мысал-2.

Түйіндеме

Бұл мақалада оқыту барысында коучинг технологияларын қолдану арқылы оқыту жүйесін дамыту жолдары негізінде студенттердің ынтымақтастығын арттыру мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: коучинг, білім сапасы, оқыту, жаттықтыру, студенттермен қарым-қатынас, ынтымақтастық, құзыреттілік, коучинг технологиялары. (Ұ.Б. Толешова, Ш. Абдукадыр. Коучинг әдісін қолданудың тиімділігі. *Білім берудегі менеджмент*. № 1, 2016 ж. 64-67 бб.)

2. Берілген үзіндіні оқып, қай бөлімге тән үзінді екенін анықтаңыздар. Өрбір сөйлемінің қолданылу қызметіне және құрылымына талау жасаңыздар.

Бұл мақала қазақ тілі сабағында қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің қаншалықты қазақ тілі мәтіндерін оқуын дамыту мен оқу әдістерін жетілдіру мәселелерін зерттеуге бағытталған. Зерттеу барысында оқылымның педагогикалық негіздерін меңгеру мен қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерушілерге арнайы әдістер қолданылу қажет екені қарастырылады. Сондай-ақ, мақала оқылым үдерісін меңгеру барысында қарапайым мәтіндерден қиын мәтіндерге біртіндеп көшу ерекшеліктері мен мәтіндерді оқу барысында осы мәтіндерге қатысты мәліметтер туралы мағлұматтарды оқушылардың білу қажеттілігі баса айтылады. Бұл еңбек бір жыл бойы 9 орыс тілді оқушылардың қалай қазақ әдебиеті мәтіндерін оқығандығы және Абай шығармаларын қалай түсінгендігі, сонымен қатар оқылым арқылы қазақ тілін меңгеруі барысындағы деңгейлерінің қаншалықты көтерілгендігі жөніндегі жайттар қарастырылады (ғылыми жобадан үзінді).

Қосымша оқуға кеңес берілетін әдебиеттер:

1. Swales J. M. & Feak. Ch. B. *Academic Writing for Graduate Students, 3rd Edition: Essential Skills and Tasks*. Michigan ELT, 2012
2. Bailey Stephen. *Academic Writing A Handbook for International Students 4th edition*. Routledge, 2015.

3. Sowton, C. *50 Steps to Improving Your Academic Writing Study*. Garnet, 2012
4. Swales J., Feak C. *Academic writing for graduate students*. Ann Arbor: The University of Michigan Press, 2017.
5. Sword H. *Stylish academic writing*. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 2012
6. Jordan R. *Academic writing course*. Harlow: Longman, 2010.
7. Johnson A. *Academic Writing*. Rowman & Littlefield Publishers, 2016.

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша.

«Академиялық жазылым» пәнінің студенттерге арналған нұсқаулығы

Пән мақсаты:

«Академиялық жазылым» пәні жоғары оқу орындарында білім алатын студенттердің жазылым әрекетін дамытып, оқу барысында жазба жұмыстарын талапқа сай жазуға үйрететін пән. Пәнді оқу барысында студенттер академиялық жазылымның басты қағидаларымен танысып, практикалық тұрғыдан жазылым әрекеттерін шындай түседі.

Пәннің мазмұны:

- Академиялық зерттеу жөніндегі түсінік;
- Зерттеу бағытында жазылатын жоба тілінің стилі мен ерекшелігі;
- Академиялық бағытта өзге зерттеу жұмыстарын қолдану;
- Өзге зерттеу жұмыстарын сыни бағытта саралау;
- Қазақ тілінде тілдік бірліктерді академиялық бағытта қолдана білу.

Студенттен мына бағыттарда жұмыс жасау талап етіледі:

- Жеке жұмыс жасау;
- Көлемді жазба жұмысын жүйелендіру;
- Негізгі терминдерді анықтау;
- Студент таңдаған тақырып бойынша басқа авторлардың пікірі мен көзқарасын білу;
- Олардың идеясын өз жұмысында қолдану;

Сонымен қатар студент мыналарды үйренеді:

- Өз саласына байланысты зерттеу жұмыстарын жасауға;
- Өз зерттеуінің нәтижесін баяндауға.

Пәнді жақсы меңгерген студенттің мынадай бағытта біліктілігі артады:

- Таңдап алған пәндерге (университетте оқитын пәндерге) байланысты тақырыптарда зерттеу жұмыстарының жоспарын өз бетінше құрып, оны жазу;

- Зерттеу жұмыстарына талдау жасау, сол жұмыстарды өз жұмысында сыни тұрғыда қолдана білу;

- Академиялық бағытта тілдік бірліктерді қолдану.

Әдебиеттер қолдану:

Жазба жұмысын жазу барысында кем дегенде әр түрлі 3 (үш) әдебиет қолданылуы қажет.

Қолданылған әдебиеттердің кем дегенде үшеуі университет кітапханасының каталогында немесе онлайн академиялық журналдар құрамында болуы тиіс.

Егер қаласаңыз, бес әдебиеттен көп еңбек қолдана аласыз.

Мақалада пайдаланылған әдебиеттер мәтінде пайдалану ретіне сәйкес қолжазбаның соңында келтіріледі. Мақаладағы әдебиетке сілтеу квадраттық жақшада беріледі, мысалы, [1], [2,3], [4-7].

Пәнді оқыу барысында студенттен мына жұмыстарды жасауы талап етіледі:

- Зерттеу тақырыбына байланысты баяндама жасау

- Бір ғылыми жұмысқа талдау жасау

- Зерттелген тақырыбы бойынша қорытынды баяндама жасау (зерттеу жұмысын қорғау)

- Пән бойынша белгіленген сөз шамасында жазба жұмысын тапсыру. Жазба Жұмысы антиплагиаттық ереже бойынша тексерістен өткізіледі.

Жазба жұмыстарын тапсыру талаптары:

- Ғылыми жұмысқа талдау – талданылған жұмыс сабақ үстінде оқытушыға көрсетіліп, бағаланады. Сондай-ақ, жұмыстың электрондық нұсқасы да қоса өткізіледі. Жұмыстың өткізілу уақыты туралы мағлұматты оқытушы хабарлайды.

- **Жазба жұмысы** - Жазба жұмысының жазылу кезеңдері туралы оқытушы хабарлайды. Оқытушыға жазба жұмысының қағаз бетіндегі нұсқасымен қатар электрондық нұсқа қоса өткізілуі қажет. Сіздің жазба жұмысыңызда қосымшада берілген үлгі бойынша тақырып беті болуы тиіс. Тақырып бетінде студенттің аты-жөні, оқытушының аты-жөні, жобаның тақырыбы, сөздер саны болуы қажет. Жұмыста қолданылған әдебиеттер тізімін беру міндетті.

- **Ауызша баяндама** – Практикалық сабақтар барысында оқытушы студенттен оның таңдап алған тақырыбы туралы баяндама жасауды сұрайды. Баяндама талабы мен уақыты жөнінде оқытушы хабардар етеді.

Жазба жұмысының безендірілуіне қойылатын талаптар:

1.Мақала мәтіні Word редакторында бірлік интервал арқылы терілу керек;

2.Парақ пішімі : 210 x 297 mm (A4);

3. Жоғары, төменгі - 2 см, оң жақғы – 1 см, сол жақтағы өрістер: – 3 см;

4.Жазба жұмыс беттері нөмірленеді;

5.Шрифт: Times New Roman – 14 пт;

6. Word редакторында орындалған суреттер нысан ретінде қойылуы керек;

7. Жазба жұмыстың мәтіні ені бойынша форматталуы керек.

Суреттер мен кестелер

Суреттердің көлемі ені бойынша 16 см; биіктігі бойынша 24 см аспауы қажет. Суреттердегі жазу – 9пт болуы тиіс. Суреттер алынған дереккөзге міндетті түрде сілтеме жасалуы қажет. Сурет атауы суреттен кейін (ортасында) Times New Roman 14пт беріледі.

Кестелердің атауы кестеден кейін азат жолдан басталмай беріледі (Times New Roman 14пт, кестеге түсініктеме – 12 пт).

Плагиаттық

Жазба жұмысы мен ғылыми жұмысқа талдауды студент өзі жазуы қажет және ол плагиат болмауы тиіс, яғни

- жазба жұмысының бөлігін ешқандай кітаптан, мақаладан немесе интернеттен сілтемесіз көшіріп алуға болмайды.

- студент өзге бір автордың сезін немесе ойын өз жұмысында өзінікі ретінде ешбір сілтемесіз қолданбауы керек.

Плагиаттықтан сақтану үшін студент өзі қолданған кітап, мақала немесе интернет көздеріне талапқа сай сілтеме жасауы қажет. Студентке оқытушы қалай сілтеме жасау қажет екенін үйрететін болады.

Жұмысты тапсыру уақыты

Жұмыс оқытушы белгілеген уақытта өткізіледі. Сол себепті, студент жазба жұмысының уақытын алдын ала жоспарлап отыруы қажет.

Егер студент оқытушы белгілеген мерзімде бірінші нұсканы тапсырмаса, ол өз уақытында бағаланбайды, ал егер соңғы нұсқа ешқандай келісімсіз өз уақытында тапсырылмаса, жазба жұмысы қабылданбайды.

Жазба жұмысқа материалдарды таңдау

Студент кітапхананадағы каталогтармен және электрондық кітаптарды қолдану жолдарымен танысуы қажет.

Студент жазба жұмысында академиялық бағытта жазылған кітаптарды, ғылыми мақалаларды қолдануы қажет.

Студент өз жұмысына қажетті академиялық жұмыстарды қалай қолдану жөнінде өз оқытушысынан сұрап біледі.

2-қосымша.

Ғылыми мақалаға талдау

Аты-жөні:

Мамандығы

Курсы:

Тобы:

Күні:

Жазба жұмысының тақырыбы: Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі оқытылуы қажет пе?

Әдебиет: Cenoz, J., 2004. Teaching English as a Third Language: The Effect of Attitudes and Motivation. In: Hoffmann, C. and Ytsma, J., ed. *Trilingualism in family, school, and community*. Clevedon: Multilingual Matters, 202-218.

Мақалаға «Google scholar» сайты бойынша 27 рет сілтеме жасалған.

Авторы

Бұл мақаланың авторы Джейсон Женоз (Jasone Cenoz), ол Баск елі университетінің Білім саласындағы зерттеу әдістері бөлімінің лингвист профессоры. Оның зерттеу жұмыстары ағылшын тілін үшінші тіл ретінде оқытуға және білім саласындағы екі тіл мен

көп тілділік тақырыптарына бағытталған. Ол көптеген мақалалар мен кітаптардың авторы және 2004-2012 жылдар аралығында «International Journal of Multilingualism» атты журналдың редакторы болған.

Мерзімі

Мақала 2004 жылы жарияланған. Зерттеуде тілді оқыту әдістемесінің қазіргі кезге дейінгі өзекті мәселелері қарастырылған.

Мазмұны

Мақалада менің зерттеу жұмысымның тақырыбына сәйкес келетін шет тілін оқыту мен оларға деген көзқарас туралы ақпараттар беріледі. Автор екі тілде (Баск-Испан) білім беретін мектептердің ағылшын тілін үшінші тіл ретінде оқытылуы туралы әдістерді қарастырады және тілді оқытудың әр түрлі жас кезіндегі ерекшеліктері талқыланады. Сондай-ақ, мақалада отбасылар, ағылшын тілінің мұғалімдері және мектеп директорларыда қамтылады.

Нақтылығы

Автор өз пікірін ғылыми әдебиеттер мен өзі жүргізген нақты зерттеу жұмысының нәтижелерімен дәлелдеген. Сонымен қатар, зерттеу жұмысына көптеген азаматтар тартылған. Бұл зерттеу жұмысының сенімділігін арттырады. Сондай-ақ, мақала жинақ болып басылған, оны С. Hoffmann және J. Ytsma сияқты белгілі редакторлар басқарған.

Оқырманы

Мақала лингвистика саласында зерттеу жұмысын жасайтын ғалымдарға, екі немесе үш тілде білім беретін мектептердегі ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған. Сондай-ақ, тіл саясатымен айналысушыларға да қызықты болуы мүмкін. Мақала тілі түсінікті болғандықтан жалпы оқырмандар өз қызығушылықтары бойынша оқуына болады.

Ғылыми жұмысты қолдану

Жалпы алғанда, мақала менің зерттеу тақырыбыма сәйкес келеді, себебі онда ағылшын тілін үшінші тіл ретінде оқыту қарастырылған. Зерттеу нысаны ретінде қазақ-орыс мектептері мәселесіне ұқсас баск-испан мектептері алынған. Бұл маған басқа елдердегі екі тілді мектеп жайттары туралы мағлұмат береді. Мен мақаладағы пікірлерді жұмыстың талқылау бөлімінде қолдана аламын. Дегенмен, мақалада Баск елі азаматтарының ағылшын тіліне деген көзқарасы ғана қарастырылған, сондықтан мен өз зерттеуіме байланысты өзгеде еңбектерді табуым тиіс.

(324 сөз)

3-қосымша.

«Академиялық жазылым» пәні бойынша қорытынды эссеі жазу барысында плагиаттық ережелерді сақтау жөніндегі **НУСҚАУЛЫҚ**

1. Студент «Академиялық жазылым» пәні бойынша жүргізілген «Плагиаттық және одан сақтанудың» жолдары тақырыбы бойынша дәріске қатысуға және практикалық сабақтар барысында плагиаттық жөніндегі білімін оқытушы берген түрлі жаттығулар арқылы бекітуге міндетті.

2. Қорытынды эссе арнайы антиплагиат бағдарламасынан өткізілетін болады. Өрбір ЖОО әртүрлі антиплагиат бағдарламасын қолдануы мүмкін. Мәселен, Нархоз университеті strikeplagiarism.com сайты қолданады. Бұл антиплагиат бағдарламасымен тексеру барысында эсседе *коэффициент подобия 1 және подобия 2 бойынша* университет бекіткен нормадан асатын болса, жазба жұмысы антиплагиат бағдарламасынан өтпеді деп есептеледі. Мұндай жұмыстың авторы (студент) бірден жазғы семестрге қалдырылады. Бұл антиплагиат бағдарламасы бойынша *коэффициент подобия 1* басқа автор еңбектерінен алынған еңбектердің көлемімен байланысты. Ал, *коэффициент подобия 2* басқа авторлардың еңбектерінен тікелей алынған сөздердің санымен байланысты. Бұл туралы толық мәліметті оқытушыдан дәріс және практикалық сабақтар барысында нақтылап сұрап алу қажет. Сонымен қатар, Нархоз

университетінде студент өз жұмысында өзге автордың сөзін тікелей қолдану барысында **25 сөзден асырмауы қажет**. Студент төл сөзді, яғни өзгеріссіз тікелей алынған сөзді тырнақшаға алып, сілтеме жасауы қажет. Егер өзге дереккөзінен алынатын ақпарат 25 сөзден көп болатын болса, онда ол ақпаратты төл сөзден төлеу сөзге айналдыруы (парафрейз жасау) қажет және сілтеме беру керек.

3. Эссені компьютерде теру барысында **әріптерін ауыстырмау** керек (мәселен, кириллицаның әріптерін латын әріптеріне). Әріптер ауыстырылған жағдайда бағдарлама «Дабыл (тревога)» белгісін көрсетеді. Мұндай қателік жасаған студенттің жұмысы бағаланбайды және студент жазғы семестрге қалдырылады.

6. Мәтін ішінде берілген сілтемелер қолданылған әдебиеттер тізімінің ішіндегі әдебиеттермен сәйкес келуі қажет.

7. Студент қолданылған әдебиеттер тізімін талапқа сай безендіруі қажет.

8. I-курстың әрбір студенті плагиат туралы ержені толық білуге және меңгеруге міндетті. Әрбір студент «Академиялық жазылым» пәні бойынша жүргізілген «Плагиаттық және одан сақтанудың» жолдары тақырыбы бойынша дәріске қатысып, практикалық сабақтар арқылы плагиат жөніндегі білімін бекіткеннен кейін осы нұсқаулықпен танысқандығы жөнінде танысу парағына қол қоюы тиіс.

«Академиялық жазылым» пәні бойынша антиплагиат бағдарламасынан эссенің тексеруден өткізілетіндігі және антиплагиаттық ережесімен, нұсқаулығымен толық танысқандығы, сонымен қатар оқытушы тарапынан антиплагиат талаптарын қалай сақтау керек екені толық түсіндірілгендігі, егер антиплагиат ережесін сақтамаған жағдайда жазғы семестрге қалдырылатындығы жөніндегі ескертулермен студенттердің

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	курс	мамандығы	тобы	аты-жөні	«Академиялық жазылым» пәні бойынша антиплагиат ережелері толық ескертілді	Эсседе плагиаттық талантар сақталмаған жағдайда қолданылатын шарамен таныстым

Кестенің толтырылған күні:

Топжетекшісі: (Аты-жөні) _____ (қолы) _____

4-қосымша.

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАЗБА ЖҰМЫСЫН БЕЗЕНДІРУДІҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Эссенің көлемі сөз санымен есептеледі және ол «Академиялық пәні» бойынша оқу бағдарламасында бекітілген көлемде болады. Сөз санына әдебиеттер тізімі, түйіндеме, тақырыптық парақ, мазмұны, қосымша қосылмайды.

Эссенің соңында мәтінде жасалған сілтемелерге сәйкес қолданылған әдебиеттер тізімі беріледі. *Қолданылған әдебиеттер кем дегенде үш әдебиеттен тұруы тиіс.*

Жазба шрифт: Times New Roman. Өлшемі: 14 пт. Абзац: 1,25 см. Ені бойынша тік. Аралық интервал - бір. Бет параметрлері: жоғары және төмен – 2 см, оң – 1 см, сол – 3 см. Файл форматы Microsoft Word.

Суреттер мен кестелер

Сурет өлшемдері ені бойынша 16 см; жоғары 24 см аспауы тиіс. Суреттегі жазулар – 9 пт. *Мәтіндегі суретке міндетті түрде сілтеме берілуі тиіс.*

Суреттің атауы суреттің астында ортада жазылады (Times New Roman 14pt түрінде).

Кестені безендіру – кестенің атауы кестеден кейін азат жолдан басталмай беріледі (Times New Roman 14pt, кестеге түсінік – 12 pt).

Файлдың атауы автордың аты-жөнімен беріледі.

Мысалы

Сурет 1 – Спектрлер графиктері

Кесте 1 - Салық саясатының тиімді көрсеткіштері

Қолданылған әдебиеттердің безендірілу үлгісі

Қолданылған әдебиеттер:

1 Нұршатаева А. (Nurshatayeva A.) Kazakhstan English-Major Students: Motivation to Learn English and Academic Achievement // Academic Leadership - 2011. № 9 (3), p.1-8.

2 Кайрақбай Б. М. Возможно ли инновационное развитие Казахстана? [Электрон. ресурс] // Zona KZ. – 2004. – 5 июля. – URL: <http://zonakz.net/articles/6595>

3 Балабанов И. Т. Инновационный менеджмент: учеб. пособие для вузов. – СПб.: Питер, 2001. – 303 с.

4 Vrancic, Tanja. The first fair development, production and investment in the green economy // Gradevinar. – 2012. – Vol. 64, No. 9. – pp. 787-787.

5 Мұхтарова А. (Mukhtarova A.) Understanding the difficulties of retaining newly qualified teachers (NQTs) in the education system // In: Zaraiskye, A.A., ed. Modern education: advantages, disadvantages and opportunities. Saratov: Academy of Business, 2013. p.3-8.

6 Дәулетұлы Б. Алғашқы нысан пайдалануға берілді: ЭКСПО қалашығының ең алғашқы бес павильонының құрылысы аяқталды / Б. Дәулетұлы // Егемен Қазақстан. - 2016.- 1 қараша. – (№ 163). - Б.2.

7 Цай В. Школа жизни в Гарварде? Часть 3. / В. Цай // Бизнес и власть. - 2016.- 21 октября. - (№ 21). - С. 8.

8 Робсон М. (Robson, M.) **The English effect: The impact of English, what it's worth to the UK and why it matters to the world.** London: British council [online]. - 2013. - URL: <http://www.britishcouncil.org/sites/britishcouncil.uk2/files/english-effect-report.pdf>, (қаралган күні: 08.02.2016)

ОСПАНОВ Еділбай Төлеубайұлы

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ

*(Жоғары оқу орындарының студенттеріне
арналған оқу құралы)*

Компьютерде беттеген *Ақылова А.Т.*
Мұқаба дизайнері *Ақылова А.Т.*

Басуға 15. 08.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Баспа табағы 7,2. Шартты баспа табағы 6,6.
Есептік баспа табағы 5,4. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 3/136.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

Қазақстан
Ұлттық кітапханасы



2 978-9960-11-587-187